

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ  
2002 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ**

**АЛМАТЫ, 2003 ж.**

## **Пайдаланылатын қысқартулар тізімі**

Қазақстан Республикасының Президенті	Президент
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	Ұлттық Банк
Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры	Ұлттық қор
Қазақстан Республикасының Үкіметі	Үкімет
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі	Мәжіліс
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	Қаржы министрлігі
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	Әділет министрлігі

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
I. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ	6
1.1. Экономиканың нақты секторы	6
1.2. Салық-бюджет саласы	9
1.3. Төлем балансы және сыртқы борыш	11
II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ	15
2.1. Ақша-кредит саясаты	15
2.2. Ұлттық Банктің алтынвалюта активтері және оларды басқару	19
2.3. Валюталық реттеу және бақылау	25
2.4. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының мониторингі	29
III. ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫСЫН РЕТТЕУ	32
IV. ҚАРЖЫ РЫНОГЫ	35
4.1. Валюта рыногы	35
4.2. Банкаралық ақша рыногы	37
4.3. Депозиттік рынок	38
4.4. Кредиттік рынок	40
4.4.1. Кредиттік рынок	40
4.4.2. Ипотекалық кредиттеу	42
4.5. Бағалы қағаздар рыногы	44
4.5.1. Мемлекеттік бағалы қағаздар рыногы	44
4.5.2. Корпоративтік бағалы қағаздар рыногы	46
V. ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ПРОЦЕСІ	47
5.1. Қаржылық қызмет көрсету рыногының жай-күйі	47
5.2. Лицензиялау	58
5.3. Инспекциялау	62
5.4. Межелік қадағалау	65
5.5. Тарату	67
VI. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ	69
VII. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ	72
VIII. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ҚАРЖЫ РЫНОГЫНДАҒЫ АХУАЛДЫ ТҮСІНДІРУ	76
8.1. Халықаралық ынтымақтастық	76
8.2. Ұлттық Банктің қызметін түсіндіру	78
IX. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ	79
X. ҚАРЖЫ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР	81
10.1. Ұлттық қорды басқару	81
10.2. Ұлттық Банк клиенттеріне қызмет көрсету бойынша кастодиандық, брокерлік және басқа да қызмет	84
XI. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ІШКІ ҚЫЗМЕТ	89
11.1. Ұйымдық құрылым	89
11.2. Кадр саясаты және қызметкерлерді оқыту	90
11.3. Ақпарат технологиясын дамыту	93
11.4. Ішкі аудит	96
11.5. Қаржы-шаруашылық қызмет	99
ҚОСЫМШАЛАР	101-
	120

## КІРІСПЕ

Қазақстан экономикасы 2002 жылы әлемнің ең ірі аймақтарында экономикалық өсу қарқындарының және қор рыноктарында баға белгілеулердің төмендеуі жағдайында дамыды. 2002 жылы Таяу Шығыстағы «геосаяси шиеленіс» пен Латын Америкасындағы экономикалық дағдарыстан туындаған әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулауы жалғаса түсті.

Осы есептің жасалу қарсаңындағы бағалау бойынша ауқымды экономиканың өсу қарқыны 2002 жылы 2,5%-ті құрайды. Болжамдарға қарағанда 2002 жылы экономикалық өсу АҚШ-та 1,4%, Еуроаймақ елдерінде - 1,8% болады, Жапонияда 0,3% төмендейді деп күтілуде. Америка экономикасының перспективаларына және кәсіпорындардың пайдасына қатысты алаңдаушылыққа байланысты инвесторлардың теріс көңіл күйі АҚШ-тың қор индекстерінің төмендеуіне әкеп соқты, бұл әсіресе, еуропалық және жапондық қор рыноктарының динамикасын айқындады.

Ауқымды экономика дамуының қолайсыз үрдістеріне қарамастан, Қазақстанда 2000-2001 жылдары белгіленген жоғары экономикалық өсу 2002 жылы да байқалды. ЖІӨ-нің нақты өсуі 2002 жылы 9,5% болды.

2002 жылы Қазақстан экономикасының дамуына оң ықпал еткен маңызды фактор ТМД елдерінің көпшілігінде экономикалық ахуалдың жақсаруы болды (1-кесте). Аймақтағы экономикалық жанданудың жоғарылау себептерінің бірі Қазақстанның негізгі сауда әріптесі болып отырған Ресейде қалыпты саяси, макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықтың орнауы болды.

### 2002 жылы ТМД елдерінде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі, %

*1-кесте*

елдер	нақты ЖІӨ	орташа алғанда бір жыл ішіндегі инфляция	ұлттық валюталардың АҚШ долларына қатынасы бойынша өзгеруі
Қазақстан	9,5	5,9	3,25*
Ресей	4,3	16,0	5,46*
Украина	4,1	0,8	0,64
Беларусь	4,7	42,8	21,52
Молдова	7,2	5,3	5,50
Қырғызстан	-0,5	2,1	-3,82*
Әзірбайжан	10,6	2,8	2,49
Грузия	5,4	5,8	-4,87
Армения	12,9	1,0	3,56
Тәжікстан	9,1	20,9	17,65

\* - биржалық бағам бойынша

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық реформалардың біртіндеп жүзеге асырылуы 2002 жылы елдегі макроэкономикалық ахуалға оң ықпалын тигізе түсті. Мәселен, 2002 жылы орташа жылдық инфляция 5,9% (2001 жылғы 8,4%-ке қарағанда), Ұлттық Банктің ағымдағы бағалардағы таза халықаралық резервтері 25,2%-ке (немесе 632,4 млн. АҚШ долл.) 3138,3 млн. долл. дейін

ұлғайды, бұл 3,5 айдан астам уақытқа тауарлар мен қызмет көрсету импортының орнын жабуды қамтамасыз етеді. Соған сәйкес қайта қаржыландыру ставкасы Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бері ең төменгі деңгейге дейін (7,5%-ке дейін) төмендеді және ТМД елдері ішінде ең төменгі деңгейдің бірі болып табылады.

Қазақстан экономикасында оң үрдістердің жалғасуына ықпал еткен негізгі факторлардың бірі көмірсутегі шикізаты бағасының біршама қолайлы конъюнктурасы болып табылады. Мәселен, 2002 жылдың қорытындылары бойынша мұнайдың әлемдік бағасы 56,7% жоғарылады. Мұнай бағасы өсуінің негізгі себебі оның Таяу Шығыстағы саяси ахуалға тәуелділігінің жоғары дәрежесі болып табылады.

Макроэкономикалық ахуалдың тұрақтылығына көп жағдайда Ұлттық Банк жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты да ықпал етті. Айырбас бағамының саясаты саласында теңге бағамын қайта бағалауға жол берілген жоқ. Бұл сыртқы рыноктарда Қазақстан тауарларының бағалық бәсекелік қабілетінің сақталуына ықпал ете отырып, импорт алмастыру салаларын, сондай-ақ экспортқа бағдарланған салаларды жандандырды.

Республикаға инвестициялық класс рейтингінің тағайындалуы Қазақстан экономикасы жағдайының жақсаруын мойындау болды. 2002 жылғы 19 қыркүйекте «Moody's Investors Services» шетел валютасындағы облигациялар бойынша Қазақстан рейтингін «Ваа3» деңгейіне дейін жоғарылатты. Сонымен бірге, шетел валютасындағы банк депозиттері бойынша рейтинг «Ва1»-ге дейін, ұлттық валютамен ұзақ мерзімді қарыз алу бойынша - «Ваа1»-ге дейін жоғарылатылды. Рейтингтердің тұрақты болжамы бар.

## I. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

### 1.1. Экономиканың нақты секторы<sup>1</sup>

2002 жылы ЖІӨ номиналды түрде көрсеткенде, алдын ала бағалау бойынша, 3747,2 млрд. теңге болды, сонымен бірге нақты өсуі 9,5%-ке жетті.

ЖІӨ-нің салалық құрылымында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Тауар шығаратын салалар үлесі ЖІӨ көлемінде 43,4% болып, 2001 жылмен салыстырғанда 1,5% азайды, бұл құрылыс 0,7% өскенде, өнеркәсіп үлесінің 1,3% және ауыл шаруашылығының 0,8% төмендеуі себепті еді. Соған сәйкес қызмет көрсету өндірісі жөніндегі салалардың 1,6%-ке 50,8%-ке дейін өсуі байқалды.

2002 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 9,8%, оның ішінде кен өндіру өнеркәсібі - 14,7%, өңдеу өнеркәсібі - 7,7% ұлғайды. Электр энергиясын, газды және суды өндіру мен бөлуде олардың көлемі 2% азайды. Өнеркәсіптік өндіріс көлеміндегі кен өндіру өнеркәсібінің үлесі (46,8%) өңдеу өнеркәсібі үлесінен (44,5%) сәл ғана артты.

Кен өндіру өнеркәсібіндегі өндіріс көлемдерінің ұлғаюы газ конденсатының - 130%, табиғи газдың - 25,4%, шикі мұнайдың - 16,6% өсуімен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ темір және түсті металдар кендерін өндіру көлемі өсті.

Өңдеу өнеркәсібінің 40%-тен астам көлемі металлургия өнеркәсібі мен металдар өңдеуге, үштен бір бөлігіне жуығы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге тиесілі.

2002 жылы ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 2,7% ұлғайды және ағымдағы бағаларда 552 млрд. теңге болды. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің ұлғаюы егін алқаптарының кеңеюі және көптеген өсімдік түрлері түсімділігінің артуы, мал басы мен құс санының өсуі және олардың мол өнімділігі есебінен болды. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің құрылымында өсімдік шаруашылығы үлесінің 6%-тен 58%-ке дейін төмендеу жағына қарай өзгерсе, ал керісінше, мал шаруашылығы өнімі үлесінің 39%-тен 42%-ке дейін жоғарылауы болды.

Ел экономикасының өсуі көбінесе отандық және шетелдік капиталдың инвестициялық белсенділігіне ықпал етті. Негізгі капиталға қаражат бөлудің негізгі көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншік қаражаты (66,6%) және шетелдік инвестициялар (25,1%) болып табылады. Тұтастай алғанда, 2002 жылы негізгі капиталға инвестициялар 19% ұлғайды.

2002 жылы 1 193,1 млрд. теңге инвестициялардан өнеркәсіпті дамыту үшін негізгі капиталға 812,5 млрд. теңге (68%) жұмсалды. Басым салаларға мұнай мен табиғи газ өндіру (53%), көлік және байланыс (11%), өңдеу өнеркәсібі (8%) және жылжымайтын мүлікпен операциялар (6%) болып табылады. 2002 жылы шетелдік инвестициялардың негізгі көлемі кен өндіру

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша

өнеркәсібі кәсіпорындарының негізгі қаражатын қалыптастыруға бағытталды (89%).

Өнеркәсіптік өндірістің өсуі жағдайларында көлікпен жүк тасымалдау көлемінің ұлғаюы байқалды. Салада көрсетілген қызмет көлемінің өсуі 2002 жылы 8,5% болды.

2002 жылы өндіруші кәсіпорындардың өнеркәсіп өнімінің бағалары 11,9% жоғарылады, ал 2001 жылы олардың 14,1% төмендеуі байқалған болатын. Бағалардың негізгі өсуі аралық тұтыну өнімінің 14,5% қымбаттауымен қамтамасыз етілсе, ал өндіріс қаражаты мен тұтыну тауарлары тиісінше 1,3% және 3,4% арзандады. Өндірістік сипаттағы қызмет көрсету 4,9% қымбаттады.

Өнеркәсіп өндірісі секторларының шеңберінде 2002 жылы кен өндіру өнеркәсібінде (20,0%), әсіресе, мұнай (21,8%) және металл кендерін (13,5%) өндіруде бағалар барынша жоғары дәрежеде көтерілді, бұл мұнай мен металл өндірудің әлемдік бағаларының өсуімен түсіндіріледі.

Өңдеу өнеркәсібі салаларының өнімі 5,1% қымбаттады. Бағалардың жоғарылауында ең бастысы, жүк тасымалдау тарифтерінің өсуімен (8,7%) байланысты өндірістік сипатта қызмет көрсетудің қымбаттауы (7,2%) зор роль атқарды. Бағалардың орташадан жоғары өсуі металлургия (11,1%) және тоқыма өнеркәсібінде (9,1%), электр мен электрондық (7,9%) және көлік құрал-жабдығы өндірісінде (6,5%) байқалды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағаларының 2,3% төмендеуі ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу құнын 1,9% азайтуға мүмкіндік берді.

Электр энергиясын, газ бен суды өндіру мен бөлу бағалары 6,1% жоғарылады.

2002 жылы инфляция (2001 жылғы желтоқсан - 2002 желтоқсан аралығында) инфляцияның белгіленген индикативтік деңгейінен (6,5%) аз ғана артып, 6,6% (2001 жылы - 6,4%) болды.

2002 жылы тұтыну бағаларының негізгі өсуі азық-түлік тауарларының 7,1% қымбаттауына байланысты болды. Олардың құрылымында жеміс пен көкөніс бағалары неғұрлым жоғары дәрежеде - 36,1% өсті, олардың инфляцияға қосқан үлесі 1,5 проценттік тармақ болды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 6,3% қымбат болды, ақылы қызмет көрсету 5,8% (2001 жылы - 3,5%) қымбаттады.

2002 жылы (алдын ала мәліметтер бойынша) жасы 15 және одан жоғары экономикалық жағынан белсенді халық саны 7,4 млн. адамнан асып түсті. Республика экономикасында 6,7 млн. адам жұмыс істеді, бұл өткен жылға қарағанда 10,7 мың адамға (0,2%) көп. Жұмыссыздар саны 690,7 мың адам болды немесе өткен жылға қарағанда 89,6 мың адамға (11,5%-ке) азайды. Жұмыссыздық деңгейі 2002 жылғы желтоқсанда 10,2% болып айқындалды, экономикалық жағынан белсенді халық санының ішінде тіркелген жұмыссыздар үлесі 2,6% болды.

2002 жылы бір қызметкердің орташа айлық нақты жалақысы 20 305 теңге болып, өткен жылмен салыстырғанда 16,6% өсті, нақты алғанда - 10,1% болды.

Жалақының орташа мөлшері 2002 жылғы желтоқсанда 24388 теңге деңгейінде қалыптасты, бұл 2001 жылғы желтоқсанға қарағанда 14,3% көп.

Халықтың жан басына шаққанда нақты орташа ақшалай кірісі 2002 жылғы желтоқсанда 9 602 теңге болды, бұл өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 14,3% жоғары. Нақты ақшалай кірістер осы кезең ішінде 7,2% өсті. Өмір сүру үшін қажетті қаражаттың ең аз көлемі 2002 жылғы желтоқсанда 4901 теңге болып, орташа алғанда жан басына шаққанда 5,7% жоғарылады.



## 1.2. Салық-бюджет саласы <sup>2</sup>

Қазақстан Республикасының экономикалық дамуында оң процестердің сақталуы мемлекеттік бюджеттің орындалуына қолайлы әсер етті, бұл мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің ұлғаюынан және оның шығыстардан асып кетуінен көрінді.

2002 жылдың алдын ала қорытындылары бойынша мемлекеттік бюджетке түсімдер, есептік кезеңді ескермегенде, 821,4 млрд. теңге немесе 2001 жылғы ЖІӨ-мен салыстырғанда 23,0%-тен төмендеп, ЖІӨ-нің 21,9%-і болды. Мұндай төмендеу бюджет тапшылығын қаржыландыру көздеріне жекешелендіруден түскен түсімдердің енгізілуі (өткен жылдары олар кіріс бабы ретінде қарастырылды), сондай-ақ Ұлттық қордан бюджетке аударылатын өтемақы көлемдерінің төмендеуі себепті, және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру нәтижесінде болған еді.

Мемлекеттік бюджеттің шығыстары, есептік кезеңді ескере отырып, алдын ала деректер бойынша 834,2 млрд. теңге мөлшерінде күтілуде немесе ЖІӨ-нің 22,3%-і (2001 жылы - 23,4%). Жылдық бюджеттік жоспарды қаржыландыру 94,5% болады, ал 2001 жылы бұл көрсеткіш 95,8% болған еді.

Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы алдын ала деректер бойынша 2002 жылы 12,8 млрд. теңге немесе ЖІӨ-нің 0,3%-і мөлшерінде қалыптасты (2001 жылы ЖІӨ-нің 0,4%-і).

Республикалық бюджетке 2002 жылы 565,3 млрд. теңге келіп түсті, бұл жоспарлы көрсеткіштерден 7,6% артық. Кіріс бөлігінің өсуі 2001 жылмен салыстырғанда 15,4% болды. Республикалық бюджеттің негізгі кірістері салық түсімдерімен қамтамасыз етілді, олардың құрылымындағы ең көбірек сома корпоративтік табыс салығынан және ҚҚС-тан түсті. Сондай-ақ едәуір сома табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемдерден, кеден төлемдерінен түсті.

Республикалық бюджеттің шығыстары есептік кезеңді ескере отырып, алдын ала деректер бойынша 570,0 млрд. теңге сомасына бағаланады, бұл 2001 жылғы деңгейден 13,4% көп. Мәдениетке, спортқа және ақпарат кеңістігіне, көлік пен байланысқа, жылыту-энергетикалық кешенге, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке, сондай-ақ ауыл шаруашылығына жұмсалатын шығыстар едәуір ұлғайтылды. Соғыс доктринасына сәйкес қорғаныс шығыстарына ЖІӨ-нің 1%-і мөлшерінде жұмсалды.

2002 жылдың қорытындылары бойынша республикалық бюджет есептік кезеңді ескере отырып, алдын ала деректер бойынша 4,5 млрд. теңге мөлшерінде тапшылықпен орындалды немесе ЖІӨ-нің 0,1%-і болды.

2002 жылы бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың бірқалыпты болмау проблемасы сақталды. Өткен жылдардағыдай, бюджетке негізгі салмақ (шығыстардың жылдық көлемінің 56,1%-і) 2002 жылдың екінші жартысына, әсіресе желтоқсан айына түсті (14,6%).

---

<sup>2</sup> Қаржы министрлігінің деректері бойынша

2002 жылдың аяғында Үкіметтің ішкі борышы 45,0% ұлғайды (теңгемен көрсеткенде), ал сыртқы борышы 9,8% азайды (шетел валютасымен), яғни тұтастай алғанда үкіметтік борыш 1,0%-ке 579,9 млрд. теңгеге дейін өсті.

Үкіметтің ішкі борышы 2002 жылдың аяғында 121,8 млрд. теңге болды. Борыштың өсуі ең алдымен, Қаржы министрлігінің орташа мерзімді борыштық міндеттемелерінің ұлғаюымен қамтамасыз етілді, олар бойынша берешек 2,3 есе өсті. Үкіметтің ішкі борышы құрылымындағы олардың үлесі 2002 жылдың аяғында 63,0%-ке жетті.

Айналыстағы қысқа мерзімді облигациялар көлемінің 16,8%-ке өсуіне қарамастан, олардың борыш көлеміндегі үлесі 2,0%-ке дейін төмендеді.

2002 жылдың аяғында 5,2 млрд. теңге сомасына ұзақ мерзімді қазынашылық облигациялардың бір бөлігі мерзімінен бұрын өтелген болатын, бұл олардың ішкі борыш құрылымындағы үлесін 24,0%-ке дейін азайтуға әкеп соқты.

Шетел валютасымен көрсетілген ішкі борыштық міндеттемелердің көлемі іс жүзінде өзгерген жоқ, алайда олардың үлесі 11,0%-ке дейін төмендеді.

Жыл бойы ұлттық валютадағы орташа және ұзақ мерзімді облигациялар үлесі (52,2%-тен 81,6%-ке дейін) едәуір өсті, қысқа мерзімді бағалы қағаздардың үлес салмағы (17,6%-тен 2,5%-ке дейін) азайды.

Қаржы министрлігінің ағымдағы өтімділік жөнінде проблемалары болмағанын ескергенде, бағалы қағаздар эмиссиясы өткен жылдары шығарылған қазынашылық облигацияларды қайта қаржыландыру мақсатында жүргізілді.

Соңғы жылдар ішінде үкіметтің ішкі борышының құрылымындағы оң сәт қысқа мерзімді міндеттемелер мен шетел валютасымен көрсетілген берешек үлесінің азаюы болып табылады. Бұл орташа мерзімді перспективада борыш тұрақтылығын қамтамасыз етеді және теңге бағамының ауытқуынан болатын тәуелділікті төмендетеді. 2002 жылы қысқа мерзімді міндеттемелер мен шетел валютасымен көрсетілген берешек үлесі 18,4%-тен 13,0%-ке дейін төмендеді.

### **1.3. Төлем балансы және сыртқы борыш**

**Төлем балансы.** 2002 жылы әлемдік экономикада қолайсыз үрдістерінің дамуы жағдайында энергетикалық тауарларға сұраныстың сақталуы және олардың бағаларының өсуі экспорттың аса жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізуді және Қазақстанның сыртқы позициясын едәуір нығайтуды қамтамасыз етті.

Мұнайдың әлемдік бағаларының өсуі, қарашадағы қысқа мерзімге төмендеуін қоспағанда, жыл бойы жалғасты. 2002 жылғы төртінші тоқсанда шикі мұнай спотының орташа бағалары 2001 жылғы төртінші тоқсандағы осындай көрсеткіштен 38% жоғары болды, ал бір жыл ішінде орташа алғанда шикі мұнайдың әлемдік бағалары 2001 жылға қарағанда 2% жоғары болды, бұл кара және түсті металдар бағалары деңгейінің төмендеуімен теңестірілді. Тұтастай алғанда 2002 жылы Қазақстан экспортының (кедендік статистика тіркейтін экспорттың 83%-і) негізгі тауарларына арналып есептелген әлемдік бағалардың индексі 2001 жылға қарағанда 2,4% жоғары болды. Бағалардың өсу үрдісі сондай-ақ Қазақстан импорттайтын өнімге де тән болды, алайда республиканың экспортында мұнай бағасының қарқындап өсуінің басымдығы әлемдік бағалардың Қазақстан экспортының пайдасына арақатынастарының жақсаруын айқындады. Импортқа сыртқы бағалардың өзгеруіне қарай экспортқа сыртқы бағалардың өзгеруі ретінде есептелетін сауда шарттарының орташа жылдық индексі 1,9% өсті (I бөлімнің 1.3-бөлімшесіне 1-қосымша, 1.3.1-кесте).

Баға конъюнктурасының жыл ішіндегі оң өзгерісі экспорт құнының 2001 жылғы деңгейдегі қалпына келуін қамтамасыз етті, ол жылдың бірінші жартысына бағалардың жоғары деңгейі тән болды, экспорттық жеткізілімдердің нақты көлемдерінің ұлғаюы экспорттың аса жоғары жылдық көрсеткішіне қол жеткізуге барынша үлес қосты. Инфляцияның қалыпты қарқындары мен теңгенің айырбас бағамының тұрақты динамикасы экспортталатын тауарлардың және ішкі рынок үшін өндірілетін тауарлардың бәсекелік қабілетін сақтауға ықпал етті және импортқа сұраныстың экономикалық өсе түсуімен қатар кедергі келтіретілік те әсері болды.

Қазақстан экономикасының тұрақтану үрдісін одан әрі нығайту, сыртқы өтімділікті жақсарту, сондай-ақ Қашаған кен орындарының коммерциялық ашылуы туралы мәлімдемемен бекітілген шикізат тауарлары экспортының өсу перспективалары шын мәнінде Қазақстанның халықаралық капитал рыноктарындағы позициясын нығайтты (I бөлімнің 1.3-бөлімшесіне 1-қосымша, 1.3.2-кесте).

2002 жылдың қорытындылары бойынша ағымдағы операциялар шотының теріс сальдосы 596 млн. АҚШ долл. болып, 2001 жылмен салыстырғанда 1,8 есе азайды. 2001 жылғы 4,9%-пен салыстырғанда ЖІӨ-ге қатынасы бойынша ағымдағы шот тапшылығы 2,4% болды. 2002 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 7% өсіп, 17,8 млрд. АҚШ долл. болды. Тауар айналымының өсуі тауар экспортының - 12,8% ұлғаюымен толық

қамтамасыз етілді, ал импорт өткен жылғы деңгейде қалыптасты (I бөлімнің 1.3-бөлімшесіне 2-қосымша, 1.3.3-кесте).

Кеден статистикасы тіркейтін тауар экспорты өткен жылмен салыстырғанда 12,5% ұлғайып, 9709 млн. АҚШ доллары болды, бұл Қазақстанның бүкіл тарихындағы аса жоғары көрсеткіш болып табылады. Сонымен бірге, ТМД елдеріне экспорт 2001 жылмен салыстырғанда 16% азайып, 2223 млн. АҚШ долл. болды, ал басқа елдерге - 25%-ке 7486 млн. АҚШ долл. дейін өсті. Энергетикалық тауарлар экспортының ұлғаюы экспорттың тауарлық құрылымының өзгерісіне байланысты еді. Минералды өнімдер мен жай металдар және бұйымдар үлесі тауарлардың жиынтық кеден экспортының 80%-ін құрайды.

Кеден статистикасы тіркейтін тауарлар импортының құны есепті кезеңде 6491 млн. АҚШ долл. болды. ТМД елдерінен импорт 8,4% азайды, ал басқа елдерден тауар әкелудің өсуі 10,3% болды. ТМД елдерінен әкелінетін импорт құнын төмендетуге себеп болған негізгі фактор Ресей Федерациясынан әкелінетін импорт бағаларының біршама азаюы болды.

Халықаралық қызмет көрсету балансы есепті кезеңде 2,1 млрд. АҚШ долл. тапшылықпен қалыптасты (1.3.1-сурет).

Теңіз кен орны өндірісін кеңейту жобаларын және Қарашығанақ кен орнындағы құрылыстың негізгі кезеңін іске асыру импорт көлемінде құрылыс қызметін көрсетудің және Қазақстанның қызметін көрсетуінің сыртқы саудасындағы едәуір шығысты баптары тізбесінің басты орын алуын қамтамасыз етті. 2002 жылы резидент еместер игерген құрылыс көлемі 2001 жылмен салыстырғанда үштен бірге ұлғая отырып, 1 миллиард доллардан астам болды.

1.3.1-сурет



Халықаралық капитал рыноктарынан қарыз алу құнының төмендеуі және елдің кредит рейтингінің жоғарылауы Қазақстан резиденттері тарапынан жаңа қаржыландыру тартуға ынталандырды.

2001 жылғы борыш капиталын көлемді тарту үрдісі 2002 жылға да тән болды. Атап айтқанда, несиелер мен заемдар түрінде сыртқы қаржыландыру көлемдерінің күрт өсуі республиканың банк секторында болды.

Шикізат тауарлары бағаларының конъюнктурасындағы едәуір ауытқуларға қарамастан, соңғы үш жыл бойы тұрақты түрде тікелей инвестициялардың жоғары ағыны сақталды. Бұл ең алдымен, салымдар мөлшері негізінен стратегиялық инвесторлардың ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды іске асырумен айқындалатын мұнайгаз саласына инвестицияларға байланысты.

Үкіметтік емес сектордың шетелдік активтерінің өсуі және резиденттер пайдаланатын қаржы құралдары спектрінің ұлғаюы 2002 жылға тән үрдіс болды.

2002 жылдың нәтижелері бойынша қаржылық шоттың операциялары бойынша актив сальдосы 1395 млн. АҚШ долл. болды. 2002 жылы шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) 2138 млн. АҚШ долларына тең балансы 2001 жылмен салыстырғанда 24%-ке азайды, бұл ең бастысы, шетелдік кәсіпорындар мен банктердің инвестицияларды түрлендіру және өткізу рыноктарын кеңейту мақсатында акционерлік капиталға салымдарымен байланысты еді. Резиденттердің 2002 жылдың басында алғаш рет едәуір өсуі тіркелген шет елге тікелей инвестициялар түріндегі активтері есепті кезеңде 423 млн. АҚШ долл. ұлғайды.

Қазақстанға тікелей инвестициялардың тұрақты түрде аса көп әкелінуі Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ және Құмкөл кен орындарын игеру жөніндегі ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуына байланысты еді. Тікелей инвестициялардың Қазақстанға жалпы әкелінуі 2002 жылы 4073 млн. АҚШ долл. болды, олардың 51%-і шикі мұнай мен табиғи газ өндіруге, 19%-і - геологиялық және барлау қызметіне және 14%-і түсті металдар өндіруге тиесілі.

Елдер бойынша тікелей инвестициялардың түсу құрылымында АҚШ-тың (жалпы ШТИ-дың 25%-і), Ұлыбританияның (15%), Швейцария (13%) , Италия (12%) және Ресей (5%) инвесторлары басым болды.

Шетелдік тікелей инвестициялардың теріс балансы 2002 жылы 1247 млн. АҚШ долл. астам болды. Ұлттық қордың қаражатын шетелдік активтерге орналастыру бойынша операциялар жүргізуге байланысты төлем балансында көрсетілген ақша-кредиттік реттеу органдарының резиденттердің 748 млн. АҚШ долл. асатын сомадағы акциялары мен борыштық бағалы қағаздары түріндегі активтері өсті. 2002 жылғы екінші тоқсанда Ұлттық қор қаражатының едәуір өсуі Үкіметтің шетелдегі шоттарынан қаражаттың түсуімен қамтамасыз етілді, олар бойынша қозғалыс бұрын төлем балансында көрсетілген жоқ.

«Басқа инвестициялар» бабы бойынша қаржы ресурстарының ағыны есепті кезеңде 505 млн. АҚШ долл. болып, 2001 жылғы деңгейге қарағанда екі есе дерлік азайды. Өзгерістер ағындар құрылымында болды - қысқа мерзімді шетелдік активтер айтарлықтай өскен кезде міндеттемелердің өсуі негізінен, орташа және ұзақ мерзімді кредиттер мен заемдар тарту есебінен қамтамасыз етілді. Есепті кезеңде орташа және ұзақ мерзімді қарыз алу операциялары бойынша қаражаттың нетто-ағыны 823 млн. АҚШ долл. болып, 2001 жылғы осындай көрсеткіштен 1,6 есе асты және республиканың кәсіпорындары мен банктерінің несиелері мен заемдарын белсенді игеру есебінен қамтамасыз

етілді. Қысқа мерзімді инвестициялармен операциялар бойынша нетто-әкетілу 2001 жылғы 627 млн. АҚШ долл. әкелумен салыстырғанда 318 млн. АҚШ долл. болды.

Негізінен тікелей инвестициялардың тұрақты аса жоғары ағынын құрайтын сыртқы қаржы ресурстарының едәуір әкелінуі ағымдағы операциялар шоты мен капиталмен операциялар шоты бойынша тапшылықты артығымен қаржыландырды және Ұлттық Банктің халықаралық резервтерінің одан әрі өсуін қамтамасыз етті. Төлем балансының операциялары бойынша оң сальдо (талдап көрсеткенде) есепті кезеңде 535 млн. АҚШ долларынан астам болды.

**Сыртқы борыш.** 2002 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының жалпы сыртқы борышы 18042 млн. АҚШ долл. болып, бір жылда 19,5% ұлғайды.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш бойынша міндеттемелер 3481 млн. АҚШ долл. дейін төмендей отырып, сыртқы борыштың өсуі республика банктері мен кәсіпорындарының мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген (кепілдік берілмеген сыртқы борыш) заем операцияларына байланысты еді. Мұнай мен газды барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау бойынша аса ірі жобаларды қаржыландырудың артуы сыртқы борыштың кепілдік берілмеген бөлігіндегі тұрақты өсу үрдісінің айқындаушы факторы болып табылады. Есепті кезеңде кепілдік берілмеген сыртқы борыш 29% өсіп, жылдың аяғында 14561 млн. АҚШ долл. болды. Кепілдік берілмеген сыртқы борыштың 72%-тен астамын бір жыл ішінде көлемі 20% өскен фирмааралық берешек құрайды (I бөлімнің 1.3-бөлімшесіне 3-қосымша, 1.3.4-кесте).

Жалпы сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатынасы 2001 жылмен салыстырғанда 5,6% ұлғайып, қалыпты берешек шегінде сақтала отырып 74% (Дүниежүзілік банктің жіктеуі бойынша 48-80%) болды. Жалпы сыртқы борышты өтеу және қызмет көрсету бойынша шығыстар 2002 жылы 8,2 млрд. АҚШ долл. болып, 2001 жылмен салыстырғанда 28% ұлғайды (I бөлімнің 1.3-бөлімшесіне 3-қосымша, 1.3.5-кесте). Борыштық қызмет көрсетудің өсуі (32%), негізінен, қысқа мерзімді сауда кредиттерін өтеу бойынша төлемдер есебінен болды. 2001 жылғы деңгеймен салыстырғанда тікелей инвестициялары бар кәсіпорындардың сыртқы борышын өтеу және қызмет көрсету бойынша шығыстар 9,5% азайды. Шикізат тауарлары бағаларының ауытқуы өндіруші кәсіпорындардың шетелдік бас компаниялар алдындағы борыштық міндеттемелерін өтеу үшін жасалатын төлемдерінің азаюы себепті еді.

## II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУ

## **2.1. Ақша-кредит саясаты**

2001 жылдан бастап Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының бағдарларын жыл сайын нақтылай отырып, үш жыл бұрын айқындайды. Бұл елде макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуге байланысты және экономика мен қаржы рыноктарындағы ахуалды ескере отырып, стратегиялық бағыттардың болжамдарын жасап, ұзақ кезеңге әзірлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының маңызды бағыты таяу жылдарда инфляциялық таргеттеу принципін дайындау және көшу деп жарияланды. Инфляциялық таргеттеу принципі Ұлттық Банктің инфляцияны төмендету жөніндегі негізгі мақсатына барынша дәл жауап береді және рынок қатысушыларының жүргізілетін ақша-кредит саясатына деген зор сенімін қамтамасыз етеді.

2002 жылғы ақпанда инфляциялық таргеттеу мақсаттары үшін жедел мақсат көрсеткіші ретінде РЕПО-ның ресми ставкасы енгізілді, ол 1% дәлізінің ені (+/-) болғанда 5,5% деңгейінде белгіленген еді. РЕПО-ның ресми ставкасы жыл бойы өзгерген жоқ.

2002 жылы Ұлттық Банк инфляцияның төмен деңгейін ұстап тұруға бағытталған саясат жүргізді.

Инфляция динамикасындағы оң сәт оның орташа жылдық деңгейінің 2001 жылғы 8,4%-тен 2002 жылы 5,9%-ке дейін төмендеуі болып табылады. Инфляцияның қол жеткен деңгейі (5-7%) Ұлттық Банктің 2002 жылға белгілеген мақсаттарына сай келеді.

Экспортерлерден валюта түсімінің түсуі сияқты Қаржы министрлігінің пайдасына шетел валютасы түсімдерінің есебінен шетел валютасына айтарлықтай ұсыныс ішкі валюта рыногындағы ахуалдың тұрақтылығын сақтау үшін Ұлттық Банктің ақшаны реттеу жөніндегі іс-қимылды жандандыруын талап етті.

2002 жыл айырбас бағамының тұрақтылығымен сипатталды. АҚШ долларымен салыстырғанда теңгенің құнсыздану қарқыны төмендеп, құнсыздану бір жыл ішінде 3,25% (2001 жылы - 3,8%) болды. Бағамның тоқсандық құбылмалылығының төмендеуі жаңа оң үрдіс болып табылады.

*Ақша базасының* деңгейі бұрынғыдай ақша-кредит саясатын жүргізу барысында аралық бағдар ретінде Ұлттық Банк пайдаланатын негізгі жедел көрсеткіштердің бірі болып қалды. Ақша базасының 19%-ке 208,2 млрд.теңгеге дейін ұлғаюы Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы сияқты, Қаржы министрлігінің шотына шетел валютасының едәуір түсуінің жалғасуы есебінен өсті.

Жыл бойы ақша базасының динамикасында өткен жылдардағы үрдістер сақталды және айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Ақша базасын реттеу Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын шығару және ашық рынок операциялары сияқты тек қана жанама құралдармен жүзеге асырылды. Валютаның едәуір әкелінуі Ұлттық Банктің қысқа мерзімді

ноттарының шығарылымын ұлғайтумен бейтараптандырылды. Жыл бойы ақша базасының динамикасына сондай-ақ бюджет қаражаттарын жұмсау ерекшеліктеріне байланысты Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарда қалған ақшасының өзгерісі елеулі ықпал етті. Мәселен, маусымда білім беру саласындағы бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің демалыстары кезеңіндегі шығыстардың және желтоқсанның аяғында бюджет бағдарламаларын қаржыландыру бойынша шығыстардың көбеюінен туындаған Үкіметтің шоттарындағы қалған ақша қалдықтарының азаюы, басқа факторлармен қатар, осы айларда ақша базасын барынша ұлғайтуға (11%-тен астам) әкеп соқты. Әдеттегідей қаңтар айында ақша базасының барынша азаюы (8,8%) байқалды, бұл Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарындағы ақша қалдығының едәуір өсуіне әкелген Үкімет шығыстарының маусымдық төмендеуі себепті еді.

2002 жылы *айналыстағы қолма-қол ақшаның* (M0) 23,3%-ке 161,7 млрд. теңгеге дейін өсуі елдегі қолайлы макроэкономикалық үрдістер сақтала отырып, халықтың номиналдық кірістері сияқты нақтылы кірістерінің де ұлғаюының жалғаса түсуі себепті еді. Экономикалық ахуалдың жақсаруымен айқындалатын нақтылы жалақының, зейнетақының, жәрдемақының өсуі айналыстағы қолма-қол ақшаны толықтырудың негізгі арналары болды.

2002 жылы *ақша массасының* (M3) 32,8%-ке 765 млрд. теңгеге дейін өсуі ақша базасының ұлғаюынан едәуір алда болды. Нәтижесінде экономиканы монетизациялау деңгейі 17,7%-тен 20,4%-ке дейін ұлғайды және қол жеткен деңгей 1994 жылдан бергі ең жоғары деңгей болып табылады.

Ақша массасы өсуінің негізгі факторлары банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің ұлғаюы сияқты ішкі активтерінің де ұлғаюы (Ұлттық қордың активтерін есептемегенде) болды. Банк жүйесінің таза сыртқы активтері Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің өсуі нәтижесінде 32,6% өсті. Банк жүйесінің ішкі активтері Үкіметке және экономиканың басқа секторларына банк жүйесінің таза талаптарының ұлғаюы нәтижесінде 31,8% өсті. Банк жүйесінің Үкіметке таза талаптарының 2,9 есе дерлік өсуі Қаржы министрлігінің ішкі қарыз алу көлемін бағалы қағаздар эмиссиясы (негізінен орташа және ұзақ мерзімді) арқылы ұлғайтуы себепті еді. Тұрақты макроэкономикалық ахуал жағдайында банк жүйесіндегі депозиттердің өсе түсуі банктер арқылы экономиканы кредиттеудің жоғары қарқынын сақтауға себеп болды. Нәтижесінде, банк секторының экономиканың басқа секторларына (Үкіметті қоспағанда) талаптары 34,3% өсті. Банк жүйесінің басқа таза ішкі активтері 45,8% азайды.

2002 жылдың ішінде ақша массасының барынша өсуі (10,1%) желтоқсанда байқалды, бұл маусымдық фактордан басқа, әлуетті инвесторлардың «Қазақмыс корпорациясы» ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетін жариялы түрде сатуға қаражат жинақтау нәтижесінде заңды тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттерінің ұлғаюына байланысты болды. Ақша массасының барынша төмендеуі (6,8%) 2002 жылғы қаңтарда байқалды.



Ақша массасының құрылымында айналыстағы қолма-қол ақшамен салыстырғанда депозиттердің жедел қарқынмен өсуі нәтижесінде банк жүйесіндегі депозиттер үлесінің оң үрдісі сақталды. 2002 жылдың ішінде бұл көрсеткіш 77,2%-тен 78,9%-ке өсті, бұл *ақша мультипликаторы* мәнінің 3,29-дан 3,67-ге дейін ұлғаюына әсер етті.

Ақша-кредит саясатының негізгі құралдары Ұлттық Банктің ресми ставкалары, меншікті қысқа мерзімді ноттар эмиссиясы және ашық рыноктағы операциялар болып табылады.

Инфляцияның төмендеуі жыл ішінде *қайта қаржыландыру ставкасын* 9%-тен 7,5%-ке дейін, овернайт заемдары бойынша ставканы 12%-тен 9%-ке дейін біртіндеп төмендетуге мүмкіндік берді.

**Қысқа мерзімді ноттар.** Ұлттық Банк 2002 жылы 208,3 млрд. теңгеге (2001 жылғы 116,4 млрд. теңгемен салыстырғанда 2 есе дерлік ұлғайды) қысқа мерзімді ноттар шығарды. Ноттардың ең көп эмиссиясы 4-тоқсанда болды, сондай-ақ тоқсан ішіндегі орналастыру бірқалыпты дерлік (қазанда - 25,3 млрд. теңге, қарашада - 26,5 млрд. теңге, желтоқсанда - 23,9 млрд. теңге) болды. Ноттар эмиссиясының ұлғаюына екі фактор: ЖЗҚ портфельдеріндегі 1997 жылы шығарылған өтелетін еурооблигацияларды тоқсанның бірінші жартысында барабар ауыстыру үшін ноттар шығару қажеттігі және жыл аяғында өтімділікті тазарту қажеттігі әсер етті. Нәтижесінде айналыстағы қысқа мерзімді ноттар 3,7 есе 64,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Қысқа мерзімді ноттардың тиімді кірістілігі 5,80%-тен 5,89%-ке дейін (соңғы айдағы орташа алынған кірістілік) ұлғайды.

**Ұлттық Банктің қайталама рыноктағы операциялары.** 2002 жылы экономикаға мол ақша ағылуына байланысты екінші деңгейдегі банктердің шамадан артық өтімділігінің үрдісі сақталды. Осыған байланысты өтімділікті төмендететін РЕПО операцияларының көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 7 еседен астам 575,8 млрд. теңгеге дейін өсті, ал кері РЕПО операцияларының көлемі іс жүзінде 2001 жылғы деңгейде қалды және 38 млрд. теңге (2001 жылы - 37,6 млрд. теңге) болды.

2002 жылы Ұлттық Банктің бағалы қағаздар портфелінің мөлшері аз болғандықтан және РЕПО операцияларының көлемі едәуір болғандықтан, Ұлттық Банк мемлекеттік бағалы қағаздарды сату бойынша операциялар жасаған жоқ. Сатып алу көлемі 3,2 млрд. теңге болды.

**Ішкі рыноктағы депозит операциялары.** 2002 жылы Ұлттық Банк ішкі рынокта 746,6 млрд. теңгеге депозиттер тартты, бұл 2001 жылға қарағанда 515,4 млрд. теңге (3 есе дерлік) көп. Оның ішінде екінші деңгейдегі банктерде - 127,1 млрд. теңгеге (жылдық 4,82% орташа ставка бойынша тартудың орташа мерзімі 2 апта) және Қаржы министрлігінде - 619,5 млрд. теңге (жылдық 4,42% орташа ставка бойынша тартудың орташа мерзімі 1,5 ай).

**Вексельдерді кредиттеу және қайта есептеу.** 2002 жылы жалпы сомасы 2679 млн. теңгеге банктік заемдар берілді, оның ішінде:

- «Қазақстан Халық Банкі» ААҚ-на 2579 млн. теңге мөлшерінде (жеке тұлғалардың депозиттері бойынша, сондай-ақ «Көмірбанк» ААҚ-ындағы

зейнетақы активтерінің қаражаты есебінен орналастырылған депозиттер бойынша талаптар құқықтарын сатып алу үшін),

- «Алматы сауда-қаржы банкі» ААҚ-на 100 млн.теңге мөлшерінде («овернайт» заемы).

Банктік заемдарды қайтару қарастырылып отырған кезеңде 402 млн. теңге болды.

Ұлттық Банк берген банктік заемдар бойынша борыштың жалпы сомасы 01.01.03ж. 3788,5 млн.теңге, оның ішінде алтын өндіретін өнеркәсіптің кредитор банкерінің консорциумына кіретін банктер бойынша - 1036,7 млн. теңге (6,7 млн. АҚШ долл.), Қазақстан Банкаралық есеп айырысу орталығы бойынша - 288,9 млн. теңге және «Қазақстан Халық Банкі» ААҚ бойынша 2462,9 млн. теңге болды.

2002 жылы бірінші сыныпты эмитенттер саны 4-тен 6 кәсіпорынға дейін ұлғайды («Казатомпром» ҰАК ЖАҚ, «Қазақтелеком» ААҚ, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» ЖАҚ, «Қазақстанның электр желілерін басқару жөніндегі компания» ААҚ, «АлматыҚұс» ААҚ, «Астанафинанс» ААҚ).

Ұлттық Банктің вексельдерді қайта есептеуі туралы бас келісімдері 2002 жылдың аяғында 8 банкке қолданылды. 2002 жылы қайта есептеуге сомасы 225,5 млн. теңге болатын 47 вексель қабылданды, оның ішінде өтелу мерзімдері бір айдан екі айға дейінгі «Казатомпром» ҰАК ЖАҚ-ның 40 векселі 25,5 млн. теңге және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» ЖАҚ-ның 7 векселі 200,0 млн.теңге болды. 2002 жылы қайта есептеуге қабылданған вексельдер барлығы 232,6 млн. теңге сомасына өтелді, оның ішінде 2001 жылғы төртінші тоқсанда қайта есептеуге қабылданғаны 7,1 млн. теңге.

Ай сайын несие портфелін жіктеу жүргізіліп отырды. Ұлттық Банктің кредит портфелінде бар банктік заемдарға есепті кезеңде оларды жіктеу бойынша провизиялар жасалған жоқ.

Екінші деңгейдегі 21 банкпен «овернайт» банктік заемын беру туралы Бас келісім жасалды.

01.01.03ж. жалпы сомасы 1 810,9 млн. теңге болатын ұлттық валютамен берілген банктік заемдар бойынша шығынды берешек әлі де есепте бар, оның ішінде «Крамдсбанк» АБ бойынша - 1 696,6 млн. теңге, «Ерминбанк» АБ бойынша - 102,4 млн. теңге, және «Цветметбанк» АБ бойынша - 10 млн. теңге.

Қарастырылып отырған кезеңде тарату процесі аяқталған банктердің жалпы сомасы 1,02 млрд. теңге болатын борыштары жойылды.

## 2.2. Ұлттық Банктің алтынвалюта активтері және оларды басқару

2002 жыл ішінде Ұлттық Банктің жалпы алтынвалюта активтерінің көлемі 632,6 млн. АҚШ долл. өсті және 01.01.03ж. 3 140,8 млн. АҚШ долл. болды. Жалпы алтынвалюта активтері көлемінің өзгеруіне еркін айналыстағы валютадағы активтердің 557,7 млн. АҚШ долл. және қымбат металдардағы активтердің 74,9 млн. АҚШ долл. өсуі ықпал етті. (2.2.1-кесте).

Жалпы валюта активтерінің өсуіне ішкі және сол сияқты сыртқы факторлар да әсер етті. Қазақстан Республикасының валюта рыногы экспортерлердің валюталық түсім түсуі арқылы қолдау көрсетілген айтарлықтай шетел валютасы ұсынысы ықпалында болды. Ішкі валюта рыногында Ұлттық Банктің ақша реттеу жөніндегі белсенді іс-қимылдары есебінен тұрақты жағдайға қол жеткізілді. Ұлттық Банктің Қазақстан Қор биржасындағы (KASE) нетто-сатып алуы есепті кезеңде 470,1 млн. АҚШ долл., ал биржадан тыс рыноктағы нетто-сатып алуы 403,8 млн. АҚШ долл. болды.

Жалпы валюта активтері өсуінің тағы бір себебі – Қаржы министрлігінің пайдасына 637,9 млн. АҚШ долл. сомасында шетел валютасының түсуі. Сонымен бірге неғұрлым айтарлықтай сома мұнайгаз секторы компанияларының салық төлеуі түрінде (453,9 млн. АҚШ долл.) және «Байқоңыр» кешенін жалға алғаны үшін Ресей Үкіметінен (115,2 млн. АҚШ долл.) түсті.

Сонымен бірге Ұлттық Банк Үкіметтің сыртқы борышы бойынша Үкіметтің тапсырмасымен 751,0 млн. АҚШ долл. сомасына төлем жасады, оның ішінде неғұрлым айтарлықтай өтелгені Үкіметтің негізгі борышы және капиталдың сыртқы рыноктарында орналастырылған еурооблигациялар бойынша проценттер 364,7 млн. АҚШ долл. сомасында болды. Сонымен қатар Ұлттық Қорға теңгемен түсімдер 369,8 млн. АҚШ долл. айырбасталды.

Сол сияқты алтынның әлемдік бағасының 23,5% өсуі алтынвалюта активтерінің ұлғаюына ықпал етті.

2002 жылы таза алтынвалюта активтері 632,4 млн. АҚШ долл. өсті және 3138,3 млн. АҚШ долл. болды.

### ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕРІ

#### 2.2.1 кесте

млн. АҚШ долл.

		01.01.02ж.	01.01.03ж.
1.	Жалпы алтынвалюта активтері, барлығы	2 508,241	3 140,832
	Оның ішінде:		
1.1.	Монетарлық алтын	510,695	585,555
1.2.	Еркін айырбасталатын валютадағы активтер және СДР	1 997,546	2 555,277
а)	Қолма-қол шетел валютасы (ЕАВ)	0,695	1,402
б)	Еркін айырбасталатын валютадағы депозиттер	306,476	64,183
в)	Еркін айырбасталатын валютадағы бағалы қағаздар кепілімен кредиттер	150,206	257,208
г)	Еркін айырбасталатын валютадағы акциялардан басқа бағалы қағаздар	1 532,998	2 222,311

д)	Қаржылық деривативтер және басқа да шоттар	7,170	10,173
2.	Сыртқы міндеттемелер (ЕАВ)	2,268	2,499
	Оның ішінде:		
2.1.	Халықаралық қаржылық ұйымдар алдындағы міндеттемелер	0,172	0,128
2.2.	Орта-ұзақ мерзімді кредиттер	1,903	1,903
2.3.	Қаржылық деривативтер	0,011	0,008
2.4.	Басқа да шоттар	0,182	0,461
3.	Таза халықаралық резервтер (1-2), барлығы	2 505,973	3 138,333

**Алтынвалюта активтерін басқару жөніндегі операциялық қызмет.** Ұлттық Банк 2002 жылы алтынвалюта активтерін басқаруды олардың сақталуын, өтімділігін қамтамасыз ету және кірістілікті барынша арттыру жөніндегі негізгі принциптерге сүйене отырып мынадай операциялар жасады.

**Кері РЕПО операциялары.** 2002 жылы жылдық орташа сыйақы ставкасы 1,65% болған кезде кері РЕПО шотында АҚШ-тың Федералды Резервтік Банкімен операциялар бойынша орташа қалдық 171,1 млн. АҚШ долл. болды.

Ұлттық Банк баламасы 871,8 млн. АҚШ долл. сомасына 41 мерзімді кері РЕПО операциясын жүргізді. Оның ішінде – 35 операция АҚШ долларымен 778,3 млн. АҚШ долл. сомасына, 5 операция еуромен, баламасы 79,9 млн. АҚШ долл. тең сомаға, және 1 операция ағылшын стерлинг фунтымен баламасы 13,6 млн. АҚШ долл. тең сомаға. Кері РЕПО операцияларының орташа мерзімі 2 айға жуық, орташа сыйақы ставкасы 1,78% АҚШ долл., 3,29% еуро және 3,90% ағылшын стерлинг фунты болғанда.

**Мемлекеттік бағалы қағаздардың халықаралық рыногындағы операциялар.** 2002 жылы шет мемлекеттер үкіметтерінің бағалы қағаздар портфелі 506,0 млн. АҚШ долл. баламасына 1375,6 млн. АҚШ долл. дейін өсті (2.2.2-кесте). Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздар портфелі 23,8 млн. АҚШ долл. балама сомаға қысқарды және есепті кезең аяғында баламасы 11,8 млн. АҚШ долл. тең болды. Агенттік бағалы қағаздар портфелі баламасы 54,8 млн. АҚШ долл. тең сомаға қысқарды және 2002 жылдың аяғында баламасы 275,8 млн. АҚШ долл. болды.

#### Шет мемлекеттер үкіметтерінің 2002 жылғы бағалы қағаздар портфелі

2.2.2-кесте  
млн. АҚШ долл.

	жыл ішінде өсуі	жыл аяғындағы жағдайы
Барлығы	506,0	1375,6
оның ішінде:		
АҚШ	314,4	763,4
Еуро аймағы	176,7	540,3
Ұлыбритания	14,1	71,1
Жапония	0,8	0,8

**Сыртқы басқаруға берілген активтер.** 2002 жылдың басынан бері валюта активтерінің долларлық бөлігін басқарумен 4 сыртқы басқарушы

айналысты. 2002 жылғы сәуірде АҚШ долл. активтерді басқару жөніндегі келісімдердің бірі өз күшін тоқтатты және қазан айында активтердің еуро бөлігін басқару жөнінде жаңа келісім күшіне енді. 2002 жылдың басында сыртқы басқаруға берілген портфельдің рыноктық құны 619,4 млн. АҚШ долл., 2002 жылдың аяғында кастодианның алдын ала деректері бойынша – 634,3 млн. АҚШ долл. болды.

**Алтынмен операциялар.** Ұлттық Банк алтындағы активтермен операцияларды жүзеге асыру кезінде алтындағы портфель кірістілігін өсіру бойынша операциялар жүргізу стратегиясын ұстанды (2.2.3-кесте).

### Алтынмен операциялар

2.2.3-кесте

	2001ж.		2002ж.	
	мәміле саны	брутто-айналым (млн. АҚШ долл.)	мәміле саны	брутто-айналым (млн. АҚШ долл.)
Депозиттік операциялар	337	3 388,7	340	3 550,6
Төрелік операциялар	0	0,0	9	41,1
Опцион	4	20,7	9	44,6
Сатып алу/сату	104	23,1	9	42,7
Проценттік своп	1	8,3	0	0,0
Жиынтығы	446	3 440,8	367	3 679,0

2002 жылы Ұлттық Банк 3679,0 млн. АҚШ долл. сомасына алтынмен 367 операцияны жүзеге асырды. 0,3%-тік жылдық орташа ставка бойынша алтынмен депозиттік операциялар көлемі 1 айлық орташа орналастыру мерзімімен 3550,6 млн. АҚШ долл. болды. Оның ішінде 9 депозиттік операция – 114,1 млн. АҚШ долл. сомасына қоса берілген опционмен. Сол сияқты 41,1 млн. АҚШ долл. сомасына 9 төрелік операция жасалды, оның ішінде 4 операция 20,6 млн. АҚШ долл. сомасына төрелік позицияларды ашу бойынша.

**Валюталық депозиттік операциялар.** Қарсы әріптестермен депозиттік операциялар бекітілген лимиттерге сәйкес жүргізілді. 2002 жылы Ұлттық Банк жалпы сомасы 5 201,0 млн. АҚШ долл. болатын АҚШ долларымен валюталық активтерді орналастыру бойынша 140 операцияны, еуромен 19 операцияны (баламасы 443,1 млн. АҚШ долл.) және ағылшын фунт стерлингімен 5 операцияны (106,6 млн. АҚШ долл.) жүзеге асырды.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк есепті кезеңде ішкі рынокқа АҚШ долл. 25 депозит тартты, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерден – 8 депозит 104,3 млн. АҚШ долл. сомасына және Қаржы министрлігінен – 17 депозит 857,2 млн. АҚШ долл. сомасына.

**Сыртқы рыноктағы валюта айырбастау операциялары.** 2002 жылы сыртқы рынокта жалпы сомасы 645,2 млн. АҚШ долл. 136 валюта айырбастау операциясы, оның ішінде 48 операция 395,5 млн. АҚШ долл. сомасына портфельді қайта құрылымдандыру мақсатында, және 37,0 млн. АҚШ долл. сомасына 13 төрелік операция жүргізілді. Сондай-ақ есепті кезеңде Ұлттық

Банк 3,0 млн. АҚШ долл. сомасына қолма-қол АҚШ долл. сатып алу бойынша 1 операцияны және баламасы 0,5 млн. АҚШ долл. тең сомаға қолма-қол еуро сатып алу бойынша 1 операцияны жүзеге асырды (2.2.4-кесте).

#### 2002 жылғы сыртқы рыноктағы валюта айырбастау операциялары

2.2.4-кесте

	саны	көлемі (млн. АҚШ долл.)
EUR/USD	92	523,2
USD/JPY	22	96,3
GBP/USD	8	19,7
USD/CHF	14	6,0
Жиынтығы:	136	645,2

**Алтынвалюта активтерімен операциялар бойынша кірістер құрылымы.** Ұзақ мерзімді болашақта активтердің кірістілігін арттыру мақсатында барынша жоғары өтімділік деңгейі сақталған жағдайда, сондай-ақ инвестициялау тәртібін нығайту үшін алтынвалюта активтері шартты түрде ұзақ мерзімді портфельге, қысқа мерзімді портфельге және алтын портфеліне бөлінді.

Ұлттық Банк Басқармасының 17.09.01ж. № 362 қаулысымен бекітілген қолданылып жүрген Алтынвалюта активтерін (АВА) басқару бойынша инвестициялық стратегияға Ұлттық Банк Басқармасының 13.05.02ж. №180 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы өзгерістерге сәйкес ұзақ мерзімді портфельдің эталондық портфелінде Merrill Lynch US Treasuries&Agencies 1-3 years үлесі 70%-тен 65%-ке дейін азайды және Merrill Lynch German Federal Governments 1-3 years үлесі 30% дейін көбейді.

АВА-нің ұзақ мерзімді портфелінің рыноктық құны 2002 жылы 186,7 млн. АҚШ долл. 1706,7 млн. АҚШ долл. дейін өсті, бұл 12,28% кірістілікке сәйкес келеді. 2002 жылы АВА-нің ұзақ мерзімді портфелінің валюталар корзинасындағы кірістілігі 6,39% болды, бұл эталондық портфельдегі 5,82% кірістіліктен 58 базистік тармаққа жоғары. Ішкі және сыртқы басқарудағы барлық қосалқы портфельдер оң нәтиже көрсетті. Сонымен қатар, АВА-нің ұзақ мерзімді портфеліне үстеме кірістілікке оң үлес қосылуы еуроның АҚШ долларымен салыстырғанда нығаю кезеңінде 2002 жылғы II тоқсандағы валюталық бөлуге өзгеріс енгізді. Осылайша, дербес басқарудағы ұзақ мерзімді портфельдің қосалқы портфелінің АҚШ долларымен кірістілігі жыл ішіндегі 6,00%, эталондық портфельдің кірістілігі – 5,88% болды. UBS Asset Management сыртқы басқаруындағы долларлық портфель бөлігінің кірістілігі 30 базистік тармақтардың үстеме кірістілігі кезінде 6,18% болды. Комиссиялық сыйақыны есепке алғанда үстеме кірістілік 12 базистік тармақты құрады. Goldman Asset Management басқаруындағы долларлық портфель бөлігінің кірістілігі 71 базистік тармақтың үстеме кірістілігі кезінде 6,59% болды. Комиссиялық сыйақыны есепке алғанда үстеме кірістілік 41 базистік тармақты

құрады.

Дербес басқарудағы еуроғағы ұзақ мерзімді портфель бойынша жыл ішіндегі кірістілік 5,71%, эталондық портфель кірістілігі – 5,67% болды. Credit Agricole Asset Management басқаруындағы еуроғағы қосалқы портфель кірістілігі 2002 жылғы қазанынан бастап жыл аяғына дейінгі басқару кезеңінде (-)1 базистік тармақтың үстеме кірістілігі болғанда, 1,22% құрады. Комиссиялық сыйақыны есепке алғанда 3 базистік тармаққа артта қалу орын алды. Ағылшын стерлинг фунтындағы ұзақ мерзімді портфель бойынша жыл ішіндегі кірістілік 6,64%, эталондық портфель кірістілігі – 6,59% болды. 2002 жылы жапон йенімен ұзақ мерзімді портфель бойынша кірістілік 0,48%, эталондық портфель кірістілігі – 0,35% болды.

Қысқа мерзімді портфель үшін Merrill Lynch 3-month US Treasury Bill Index индексі эталондық портфель болып табылады. Ұзақ мерзімді үшін – 65% Merrill Lynch US Treasuries&Agencies 1-3 years, 30% Merrill Lynch German Federal Governments 1-3 years, 4% Merrill Lynch U.K. Gilts 1-3 years Index және 1% Merrill Lynch Japanese Governments 1-3 years индексі. Есепті жыл ішінде АВА-нің қысқа мерзімді портфелінің кірістілігі 95 базистік тармақтың үстеме кірістілігі болғанда 2,73% болды. Дербес басқарудағы қосалқы портфель, эталондық портфель кірістілігі – 1,78% болғанда, 2,78% кірістілікті көрсетті. Citigroup Asset Management сыртқы басқаруындағы қосалқы портфель кірістілігі 2,54% болды, мұның өзі композиттік эталондық портфель кірістілігінен 82 базистік тармаққа жоғары. Комиссиялық сыйақыны есепке алғанда үстеме кірістілік 72 базистік тармақты құрады.

Алтынвалюта активтерін тиімді басқаруды арттыру, Ұлттық Банктің алтынвалюта активтері портфельдерін басқару бойынша операцияларды жүргізу кезінде пайда болатын тәуекелдер лимитін (шектеулерді) белгілеу мақсатында, Ұлттық Банк Басқармасының 24.10.02ж. №416 қаулысымен Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерін басқару бойынша жаңа инвестициялық стратегия бекітілді. Осы стратегияға сәйкес ұзақ мерзімді портфельдің эталондық портфелінде АҚШ долларының үлесі еуроның пайдасына азайды, яғни Merrill Lynch US Treasuries&Agencies 1-3 years үлесі 65%-тің орнына 55%, ал Merrill Lynch German Federal Governments 1-3 years үлесі 30%-тің орнына – 40% болды. Алтынвалюта активтерімен операциялардан кірістер бойынша жиынтық деректер есепті кезең аяғында Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша қазақстандық теңгемен салыстырғанда АҚШ доллары баламасымен есептелді. (2.2.5-кесте).

**Есептеу әдісі бойынша кірістер құрылымы,  
кірістердің жалпы сомасынан процентпен**

**2.2.5-кесте**  
%

	2001ж.	2002ж.
Валюталық операциялар	2,6	5,6
Ақша рыногындағы операциялар	4,6	2,3
БҚ рыногындағы операциялар	70,0	70,3
Алтынмен операциялар	1,9	1,4
Сыртқы басқару	20,9	20,4
Жиынтығы:	100,00	100,00

**Кредиттік тәуекелді басқару.** 2002 жылғы қазанда кредиттік тәуекелді басқару шеңберінде Ұлттық Банктің Басқармасы алтынвалюта активтерін басқару бойынша жоғарыда аталған инвестициялық стратегияны бекітті.

Securities lending бағдарламасын орнату жөнінде жұмыс жүргізілді, қолма-қол еуро сатып алу жүзеге асырылды (HSBC Bank USA, London – 2002 жылғы тамыз).

Ұлттық Банктің қарсы әріптестерінің қаржылық жай-күйін талдау, олардың рейтингтерінің мониторингі және олармен операциялардың лимиттерін белгілеу тұрақты жүргізіледі.



### 2.3. Валюталық реттеу және бақылау

2002 жылы валюталық реттеу және бақылау жүйесін жетілдіру саласында Ұлттық Банк қызметінің негізгі бағыттары валюта заңдарын ырықтандыру жөніндегі практикалық шараларды жүзеге асыру және валюталық операцияларды бақылау құралдары мен әдістерінің тиімділігін арттыру болды.

Осы міндеттерді іс жүзіне асыру үшін бірқатар нормативтік құқықтық актілер әзірленді және қабылданды. Қабылданған өзгерістердің негізгі мақсаты валюта рыногына қатысушыларға әкімшілік кедергілерді алып тастау есебінен көбірек еркіндік беру болып табылады. Үкіметтің 07.05.02ж. №504 қаулысымен Ұлттық Банк әзірлеген «Қолма-қол шетел валютасымен бөлшек сауданы және қызмет көрсетуге байланысты қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары» бекітілді.

Жүргізу техникасы бойынша барынша сенімді әрі айқын болып табылатын валюталық операциялар мемлекеттік органдар тарапынан артық бақылау жасаудан босатылды. Сол сияқты лицензияланатын операциялар тізбесі де экспорт-импорт мәмілелері бойынша лицензияланатын операциялардың ең аз сомасын белгілеу және жекелеген бағалы қағаздарға инвестицияларға шектеуді алып тастау есебінен қысқартылды. Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті лицензиялау ережесінің жаңа редакциясына сәйкес валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялар тізбесінен лицензиялануға жататын:

- экспорт-импорт мәмілелері бойынша, капитал қозғалысына байланысты 5 мың АҚШ долл. баламасынан аспайтын мөлшердегі операциялар;

- резиденттердің Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық қаржы ұйымдары эмиссиялаған бағалы қағаздарға инвестициялары;

- (1) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген кредиттер; (2) есеп айырысудың құжаттандырылған нысанын пайдалану арқылы қаражатты игеру көзделген шетелдік банктерден тартылған мемлекет кепілдік бермеген кредиттер; (3) экспорттық кредиттер бойынша шет мемлекеттердің агенттіктерінде сақтандырылған (белгілі бір тізбеге сәйкес) экспорт-импорт мәмілелерін қаржыландыру мақсатында тартылған мемлекет кепілдік бермеген кредиттер бойынша үшінші тұлғалардың шоттарына резидент еместен кредит ретінде алынатын шетел валютасын есептеуді көздейтін операциялар алынып тасталды.

Лицензиялау рәсімдерін оңайлату мақсатында лицензия алу келісілетін мемлекеттік органдардың тізбесі қысқартылды. Сонымен қатар қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензия беру жөніндегі өкілеттіктер Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарына берілді.

Айырбастау пункттері арқылы айырбастау операцияларын жүргізу кезінде анықтама-сертификатты міндетті жазу жөніндегі бұрын белгіленген талап қолма-қол шетел валютасымен операциялардың есебін жүргізу және бақылауды жақсарту жөніндегі өзінің экономикалық міндетін орындады.

Қазіргі кезде анықтама-сертификат жазу клиенттің қалауы бойынша ғана жүзеге асырылады. Сонымен қатар сатып алынған және сатылған шетел валютасы тізіліміне 10 мың АҚШ долл. баламасынан жоғары сомада шетел валютасын сатып алуды/сатуды жүзеге асырған клиент туралы мәліметтерді тіркеу туралы талап енгізілді. Мұндай операцияларды есепке алу қажеттігі мемлекеттің айналыстағы қолма-қол шетел валютасына валюта және салық бақылауына негізделген.

Президенттің экспорттық-импорттық валюта бақылауын (ЭИВБ) автоматтандыру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Ұлттық Банк экспорттық-импорттық валюта бақылауының жаңа кестесін іске асыру үшін бағдарламалық өнім жасау бойынша жұмысты жалғастыра түсті. 1997 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан ЭИВБ кестесінің негізгі кемшіліктері кеден органдарының бақылау нәтижелері туралы ақпаратты уәкілетті банктерге және Ұлттық Банкке беру бойынша «кері байланыстың» болмауы. Мұның салдары – банктердегі күн сайынғы валюталық бақылаудың тиімсіздігі және бақылау нәтижелері туралы жиынтық шынайы ақпараттың болмауы.

Ұлттық Банк басқа да валюталық бақылау органдарымен және агенттерімен бірлесіп жүргізген жұмыс уәкілетті банктермен және Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетімен ақпарат алмасуды жолға қоюға мүмкіндік берді. 31.07.02ж. «Экспорттық-импорттық валюта бақылауы нәтижелерін жинау және талдау» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі (ААШ) өнеркәсіптік пайдалануға өткізілді.

Ұлттық Банк 2002 жылы валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларға 2474 лицензия берді (2.3.1-кесте).

### Берілген лицензиялар саны

2.3.1-кесте

	2001ж.	2002ж.
Капитал қозғалысымен байланысты операцияларды жүргізуге	1518	2260
Шоттарды ашуға	57	65
Бөлшек сауданы жүзеге асыруға	0	4
Айырбастау операцияларын жүзеге асыруға	202	145

Лицензиялау және әкімшілік өндіріс рәсімдерін жетілдіру валюталық операцияларды лицензиялау кезінде құқық бұзушыларды анықтауға кешенді жол ашты, мұның өзі, атап айтқанда, сыртқы экономикалық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау тәртібін арттыруға, соның нәтижесінде қаражаттың елге қайтарылуына жағдай жасады.

Заңды және жеке тұлғалардың валюта заңдарының нормаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейтін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 25.02.01ж. қолданысқа енгізілуіне байланысты Ұлттық Банк валюталық заңдар және статистикалық есеп саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға және жолын кесуге белсенді қатысты. Ұлттық Банктің және оның аумақтық филиалдарының

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау жөніндегі қызмет нәтижелерінің бірі 38,5 млн. теңгеден астам сомаға айыппұл салу болды (2.3.2-кесте).

**2002 жылы валюта заңдары және статистикалық есеп саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер**

*2.3.2-кесте*

	әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша хаттамалар саны		салынған айыппұлдардың жалпы сомасы (млн. теңге)	
	2001ж.	2002ж.	2001ж.	2002ж.
Валюта заңдары және статистикалық есеп саласындағы құқық бұзушылықтар, оның ішінде:	817	891	9,4	38,5
Ұлттық Банктің орталық аппараты анықтаған	69	48	6,6	13,3
Ұлттық Банктің филиалдары анықтаған	748	843	2,8	25,2

2002 жылы ЭИВБ шеңберінде уәкілетті банктердің есептерін өңдеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігіне 1028 ықтимал құқық бұзушылар туралы ақпарат жіберілді. Қаржы полициясы органдарының сұратуы бойынша республикаға ірі мөлшердегі қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз етпеген 398 ықтимал құқық бұзушылар туралы ақпарат берілді. Жалған ақша белгілерін дайындауға және шығаруға байланысты қылмыстардың жолын кесу мақсатында, сондай-ақ экономиканы долларландырумен күрес және ұлттық валютаның ролін нығайту шеңберінде 2002 жылы Ұлттық Банк қаржы полициясы бөлімшелерімен бірлесіп 102 тексеру жүргізді, олардың нәтижелері бойынша қолма-қол шетел валютасын заңсыз пайдалану бойынша 56 фактіні анықтады, олар бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 188-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы 56 іс қозғалды.

Резиденттердің инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту және валюталық операцияларды жүргізу тәртібін оңайлату есебінен валюта қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру қажеттігінен туындаған валюталық шектеулерді ырықтандыру бағытында жаңа қадамдар жасалды.

Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің 15.05.02ж. №20-50/005-416 шешімімен және Ұлттық Банк Басқармасының 11.09.02ж. №369 қаулысымен Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандыру тұжырымдамасы мақұлданды.

Көрсетілген Тұжырымдаманы іске асыру мақсатында Үкіметтің 2003 жылғы 29 қаңтардағы №103 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді, ол валюталық режимді ырықтандырудың

бірінші кезеңі шеңберінде Тұжырымдаманы іске асырудың бағыттары мен тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасында валюталық режимді ырықтандырудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасының негізгі міндеттері:

– инвестициялық портфельді түрлендіру үшін резидент еместердің инвестициялық сапалы бағалы қағаздарына инвестицияларды валюталық реттеу режимін жұмсарту жолымен жағдайлар жасау;

– республиканың өндірістік әлуетін кеңейтетін, жана перспективалық рыноктарға еруге жағдайлар жасайтын және инвестициялау объектісіне бақылаудың қажетті деңгейін беретін резиденттердің шетелдегі тікелей инвестицияларын ынталандыру;

– сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асырған кезде шектен тыс әкімшілік кедергілерді жоюмен қатар, валюталық реттеудің және едәуір маңызды валюталық операцияларға экспорт-импорттық валюта бақылауының тиімділігін арттыру болып табылады.

Ырықтандырудың бірінші кезеңінің міндеттерін іске асыру мақсатында Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірледі, ол 2002 жылдың желтоқсанында Үкіметпен келісілді және Мәжілістің қарауына енгізілді.

## **2.4. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының мониторингі**

Ұлттық Банктің міндеттерінің бірі нақты секторды банк жүйесінің кредиттеуін кеңейту үшін жағдай жасау болып қала береді. Бұл міндетті табысты шешу үшін Ұлттық Банкке экономиканың нақты секторындағы экономикалық конъюнктураның, қаржылық жай-күйдің, инвестициялық ахуалдың өзгеруін жедел бағалау қажет.

2002 жылы нақты сектордағы қалыптасып отырған экономикалық жағдайлар мен негізгі үрдістерге макро-, салалық және аймақтық деңгейлерде объективті бағалауды алу мақсатында кәсіпорындардан тоқсан сайын сауалнама жүргізу жалғастырылды. Бағалау нақты сектордың мынадай көрсеткіштері және индикаторлары:

– шаруашылық жүргізу шарттары және негізгі факторлар (өнімге төлем қабілеттілік сұранымын, айналым құралдарымен қамтамасыз етілуді, инвестициялық ахуалды, төлем тәртібін, теңгенің айырбас бағамын, өнімнің бәсеке қабілеттілігін қоса алғанда және басқалары);

– дайын өнімге тапсырыстар және баға;

– өндірістік ресурстар (өндірістік қуаттылық, жұмыспен қамтылғандар саны, шикізат және дайын өнім қоры, айналым капиталы);

– өндірістік-қаржылық қызмет нәтижелері;

– нақты сектордың инвестициялық белсенділігі бойынша жүзеге асырылды.

2002 жылы мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны 799-дан 1046 кәсіпорынға дейін өсті. Өсу барлық аймақтарда болды.

Мониторингке қатысушылар санының өсуіне ықпал еткен негізгі фактор сауалнама нәтижелері бойынша кәсіпорындардағы және саладағы тоқсан бойынша негізгі салыстырмалы конъюнктуралық өзгерістерді динамика түрінде сипаттайтын, оларға қайтарылатын ақпараттарға қызығушылық болып табылады. Маңызды фактор – мониторингке қатысушылардың көрнекілігін арттыру мақсатында негізгі салалардың кәсіпорындарын қосымша тарту бойынша аймақтардың әкімдерімен бірлесіп жұмыс істеу болып табылады.

Мониторингпен қамтылған кәсіпорындардың өнімдерін өткізуден түскен кірістің үлесі ел экономикасында ірі және орташа кәсіпорындардың өткізуінен түскен кірістің жалпы көлемінде 2001 жылғы IV тоқсандағы 38,5%-тен 2002 жылғы IV тоқсанда 47,8% дейін өсті.

2002 жыл ішінде кәсіпорындарды зерттеу нәтижелері бойынша ел экономикасының нақты секторында мынадай үрдістер байқалды (II бөлімнің 2.4-бөлімшесіне 1-қосымша):

Шаруашылық жүргізу жағдайлары жыл ішінде негізгі факторлардың: төлем қабілеті сұранымы өсуінің, айналыс құралдарымен қамтамасыз етілудің және әріптестерге қатысты төлем тәртібінің жақсаруының оң ықпалы есебінен бірте-бірте жақсара түсті. Сонымен бірге жыл аяғында қол жеткізілген шаруашылық жүргізу жағдайларының жақсаруы өндірістің айтарлықтай өсуін қамтамасыз ету үшін әлі де жеткіліксіз. Бұл көп жағдайда өңдеу өнеркәсібіне және аз ғана жағдайда өндіруші өнеркәсіпке қатысты.

Экономика бойынша тұтастай алғанда дайын өнімге тапсырыстардың жеткіліксіз болғаны байқалды, бірақ жыл аяғында сұраныс ұлғайды. Сонымен бірге өндіру өнеркәсібіндегі жағдай неғұрлым қолайлы болды.

Дайын өнімге, сондай-ақ шикізатқа, материалдар мен жиынтықтау бұйымдарына бағаның өсуі (аз болса да) дайын өнімге сұраныстың өсуін кідіртті. Өндіру өнеркәсібі өнімдеріне баға неғұрлым айтарлықтай өсті. Экономикада дайын өнімге бағаның өсу факторларының бірі кәсіпорындар пайдаланатын шикізат және материалдар құнындағы импорт үлесінің өсуі болып табылды (2002 жылдың басындағы 45,4%-тен IV тоқсандағы 52,8%-ке дейін).

Экономикадағы өндірістік қуаттылыққа тиісінше жүктеме болған жоқ (олардың пайдаланылу деңгейі I тоқсанда 72,1%, IV тоқсанда – 74,2%), бұл негізінен өнімге сұраныстың төлем қабілетінің және айналым құралдарымен қамтамасыз етілудің жеткіліксіздігі салдарынан болды. Өндіру өнеркәсібінде өндірістік қуаттылықтарды неғұрлым жоғары пайдалану деңгейі: I тоқсанда – 89,8%, IV тоқсанда – 93,5%. Өндеуші салада бұл көрсеткіш нашарлап кетті, тиісінше 64,8% және 63,2%.

2002 жыл ішінде айналым құралдарымен қамтамасыз ету жағдайының тұрақтануы (0,7 баллға жуық) және жыл аяғында – оның жақсаруы (IV тоқсанда – 1,1 балл) орын алды. Ақша қаражаты тапшылығының азаю үрдісі өндіру өнеркәсібінде (жағдай қолайлыға жақын бағаланған) барынша байқалды.

Экономикадағы дайын өнім қоры динамикасы жыл ішінде тұрақты болды және нормативтік деңгейге жақын деп бағаланды. Нақты сектордағы жұмыспен қамтылғандар саны тұтастай алғанда оған қажеттілікке толық сай келеді.

Жыл ішінде өндірістің тұрақты өсуі, бірінші кезекте өндірістік ресурстарды неғұрлым толық пайдалану есебінен қалыптасты. Өнімді сатудан кіріс барлық салада, әсіресе өндіру өнеркәсібінде тұрақты өсті, бұл осы саладағы өнімді сатудан түскен кірістегі экспорт үлесінің өсуіне байланысты: жыл басындағы 51,5%-тен IV тоқсанда 73,7%-ке дейін.

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің экономика бойынша тұтастай алғанда өсу үрдісі әлсіз. Өндіру өнеркәсібінде неғұрлым жағымды жағдай қалыптасуда.

Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің басты себебі жабдықтардың іс жүзінде тозуының жоғарылығы, ол жыл аяғында аз ғана төмендеді (I тоқсанда – 49,1%, IV тоқсанда – 47,4%). Өндеу өндірісіндегі осы көрсеткіштің айтарлықтай жақсарғанына қарамастан, (I тоқсандағы 56,3%-тен IV – 51,5% дейін) сала бойынша жағдай тұтастай экономикамен салыстырғанда нашар.

Инвестициялардың негізгі көзі – кәсіпорындардың меншік қаражаты, олардың инвестицияның жалпы көлеміндегі үлесі жыл аяғында айтарлықтай өсті (I тоқсанда экономика бойынша тұтастай 68,9%-тен IV тоқсанда 80%-ке дейін және өндеу мен өндіру өнеркәсібінде тиісінше 51,4%-ден 61,6%-ке және 88,99%-тен 93,5%-ке дейін).

Өндіру саласындағы салыстырмалы түрдегі артық қаржылық жағдай оған өз кірісінің айтарлықтай бөлігін инвестиция ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Банк жүйесінің кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігіне ықпалы әлі жеткіліксіз. Кәсіпорындар көп жағдайда қысқа мерзімді кредиттерді пайдаланады. Негізгі капиталға инвестицияларды қаржыландыруға кредиттер бойынша сыйақы ставкалары әзірше экономикадағы инвестициялық ахуалдың айтарлықтай жақсаруына жағдай жасамайды. Мұндай жағдайдың себептерінің бірі – нақты сектордың айқын еместігі, кредиттеу тәуекелдерінің жоғарылығы (II бөлімнің 2.4-бөлімшесіне 2-қосымша). 2002 ж. кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға кредит алу қажеттілігі 78-93%-ке, жабдықтарға инвестицияларды қаржыландыруға – 77-90%-ке қанағаттандырылды, сонымен бірге жыл аяғында осы көрсеткіштер біршама төмендеді.

### **III. ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫСЫН РЕТТЕУ**

**Эмиссиялық операциялар және қолма-қол ақша айналымы.** 2002 жылы айналымдағы қолма-қол ақшаның жалпы сомасы (M0) 23,2%-ке өсті және 01.01.03ж. 161,7 млрд. теңге болды.

2002 жылы Ұлттық Банктің резервтік қорларынан айналысқа 288,4 млрд. теңге қолма-қол ақша шығарылды, оның ішінде эмиссиялық орамда (жаңа) – 108,4 млрд. теңге, 256 млрд. теңге айналыстан алынды. 2002 жылы эмиссиялық нәтиже оң болды және (+)32,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2001 жылғыдан 3,4 млрд. теңге көп (29,1 млрд. теңге).

2002 жылы банктердің кассаларына қолма-қол ақша түсімінің көлемі 29%-ке 1663 млрд. теңгеге дейін, қолма-қол ақшаны беру көлемі –24,3%-ке 1652,4 млрд. теңгеге дейін өсті (III бөлімге 1-қосымша, 3.1-сурет, 3.1-кесте).

Ұлттық Банктің резервтік қорларынан айналысқа қолма-қол ақша эмиссиясы көлемінің өсуі (22,5%-ке) және екінші деңгейдегі банктердің кассалары арқылы өтетін қолма-қол ақша айналымының өсуі экономиканың қолма-қол ақшаға қажеттілігінің өсуінен туындады. Экономиканың қолма-қол ақшаға қажеттілігі, өз кезегінде ЖІӨ-нің, бөлшек сауда айналымы көлемінің, номиналды жалақының және халықтың ақша кірісінің өсуіне негізделді.

2002 жылы 2001 жылғы сияқты айналыстағы қолма-қол ақша көлеміне айтарлықтай ықпал жасайтын эмиссиялар көлемінің неғұрлым күрт өзгеруі мен қолма-қол ақша алу қаңтарда, маусымда, қазанда және желтоқсанда байқалды. Қаңтарда айналыстан қолма-қол ақша алу 18 млрд. теңгеге жетті, мұның өзі іс жүзінде 2001 жылы желтоқсанда шығарылған қолма-қол ақшаны 100% алуға сәйкес келеді (18,4 млрд. теңге). Маусымда таза эмиссияның өсуі (+)7,8 млрд. теңге болды, бұл демалыс маусымының басталуына және демалыс жәрдемақыларына, оның ішінде білім беру жүйесінің қызметкерлеріне жасалған төлемдерге байланысты болды. Қазанда ауыл шаруашылығы рыногындағы операциялардың жандануы таза эмиссияның (+)8,4 млрд. теңгеге дейін өсуін тудырды. Желтоқсанда, әсіресе бюджетте жүргізілген төлемдер нәтижесінде айналыстағы қолма-қол ақша эмиссиясы ең жоғары көрсеткішке жетті: эмиссия алудан (+)16,2 млрд. теңге жоғары болды.

Аймақтар бөлігінде, Алматы қаласын қоспағанда барлық облыстарда оң эмиссиялық нәтижелер белгіленді. Алматы қаласы бойынша қолма қол ақша алу көлемі 24%-ке 125,1 млрд. теңгеге өсті. Эмиссиялық көрсеткіштердің төмендеуі Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында ғана белгіленді. Алайда неғұрлым эмиссиялаушы облыс өткен кезеңдердегі сияқты Шығыс Қазақстан облысы, сондай-ақ Қарағанды облысы болуда. Айналыстағы қолма-қол ақша эмиссиясы көлемінің айтарлықтай өсуі Көкшетау, Ақмола облыстарында болды (70%-ке 12 млрд. теңгеге дейін), Оңтүстік Қазақстан облысында (74%-ке 23,2 млрд. теңгеге дейін) және Алматы облысының Талдықорған қаласында (5 есе дерлік, 10 млрд. теңгеге дейін) (III бөлімге 2-қосымша, 3.2-кесте).

**Банкноттарды айналыстан алу, тозған ақша белгілерін жою, жалған ақша жасаудың алдын алу.** 2002 жылы 79,6 млрд. теңге тозған банкнот



жойылды. Тозған банкноттарды жою жөніндегі жұмыстарды жандандыру Ұлттық Банктегі тозған банкноттар көлемін 21%-ке қысқартуға негіз болды.

Номиналы 1-ден 50 теңгеге дейінгі банкноттарды айналыстан алу сомасы жыл ішінде 26,9 млн. теңге болды. 01.01.03ж. жағдай бойынша айналыстағы осы номиналдардың банкноттары 527,8 млн. теңге (осы номиналда дайындалған банкноттардың жалпы сомасының 3,8%-і) болды. Жыл ішінде осы номиналдардың банкноттарын алу қарқыны айтарлықтай төмендеді (2001 жылы 827,9 млн. теңге алынды). Бұл қолма-қол ақша айналысынан банкноттардың табиғи жойылуы мен нақты тозуына байланысты осы номиналдардың банкноттарын алу процесінің аяқталғанын куәландырады.

Ұсақ номиналдағы ақша белгілерінің қолма-қол ақша айналымын қамтамасыз ету мақсатында екінші деңгейдегі банктерді Ұлттық Банк ұсақ ақшамен уақтылы әрі толық көлемде қамтамасыз етті. 2002 жылы айналыстағы айналымда жүретін ақша 4,3 млрд. теңгеге дейін, 1,5 млрд. теңгеге өсті.

2002 жылғы 1 қыркүйекте номиналы «200 теңгелік» және «500 теңгелік» ескі үлгідегі банкноттарды алудың, оларды екінші деңгейдегі банктерде қабылдау және айырбастаудың II кезеңі аяқталды. Ұлттық Банктің филиалдары 10 жылдың ішінде заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі банкноттарды қабылдайды және сараптама олардың түпнұсқалылығын растағаннан кейін қолданылып жүрген ақша белгілеріне айырбастайды. 01.01.03ж. осы номиналдардың ескі үлгідегі банкноттарының айналыстағы қалдығы дайындалған жалпы соманың 0,7% болды.

2002 жылғы 1 қарашада номиналы «1000 теңгелік» және «2000 теңгелік» ескі және жаңа үлгілердегі банкноттардың қатар айналыста болу кезеңі аяқталды. Қатар айналыс кезеңі аяқталған күннен бастап 12 ай ішінде екінші деңгейдегі банктер заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі банкноттарды қабылдайды және ақша белгілерінің айналыстағы басқа түрлеріне айырбастайды. 01.01.03ж. осы номиналдардың ескі үлгідегі банкноттар қалдығы дайындалған жалпы соманың 3,1% болды.

Жалған ақша жасаудың алдын алу және күресу жөніндегі жұмыстарды жетілдіру мақсатында Ұлттық Банк филиалдары 2002 жылы банкноттардың түпнұсқалылығын және төлемділігін айқындау үшін қазіргі заманғы сараптама бейнекешендерімен жарақтандырылды.

Ұлттық валютаны қорғау әдістерін жетілдіру мақсатында 2002 жылы 1999 жылдың үлгісіндегі номиналы «200 теңгелік» және «500 теңгелік» банкноттар ішінара өзгертілген элементтермен айналысқа енгізілді.

**Мерейтойлық, ескерткіш және айналымда жүретін металл ақшаларды шығару.** 2002 жылғы 1 шілдеден бастап қолма-қол ақша айналысының купюрлік құрылымын жетілдіру мақсатында номиналы «100 теңгелік» 2002 жылғы үлгідегі биколорды орындаудағы металл ақша айналысқа жіберілді (ішкі дискі нейзильбер қоспасынан, ақ түсті, сыртқы дискі нибрасс қоспасынан, сары түсті).

2000 – 2005 жылдарға арналған мерейтойлық және ескерткіш металл ақшалар шығару тұжырымдамасына сәйкес 2002 жылы:

номиналы «500 теңгелік» (сынамы 925/1000) «Қолданбалы өнер» металл ақша сериясынан «Домбыра» ескерткіш күміс ақша (3000 дана);

номиналы «500 теңгелік» (сынамы 925/1000) «Қазақстан Петроглифтері» металл ақша сериясынан «Белгі» ескерткіш күміс ақша (3000 дана);

номиналы «500 теңгелік» (сынамы 925/1000) «Қазақстан Қызыл кітабы» металл ақша сериясынан «Архар» ескерткіш күміс ақша (3000 дана);

номиналы «500 теңгелік» (сынамы 925/1000) «Архитектуралық және тарихи ескерткіштер» металл ақша сериясынан «Бабажи-Хатун» ескерткіш күміс ақша (3000 дана) дайындалып, айналымға шығарылды;

сондай-ақ айналысқа айналымда жүретін ескерткіш мерейтойлық ақшалар шығарылды: Ғ. Мүсіреповтің 100 жылдығына (номиналы «50 теңгелік» «нейзильбер» қоспасынан) және Ғ. Мұстафиннің 100 жылдығына (номиналы «50 теңгелік» «нейзильбер» қоспасынан).

## IV. ҚАРЖЫ РЫНОГЫ

### 4.1. Валюта рыногы

2002 жылдың ішінде ішкі валюта рыногындағы жағдай биржалық рыноктағы сауда-саттықтар көлемінің біршама өсуімен және ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысы бойынша тұрақтылық және тұрлаулылық деңгейінің барынша жоғары болуымен сипатталды. 2002 жыл бойы Ұлттық Банк ішкі валюта рыногына негізінен шетел валютасын сатып алушы ретінде қатысты, бұл елдің алтынвалюта резервтерін толықтыруға ықпал етті.

2002 жылдың аяғында теңгенің АҚШ долларына айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 155,85 теңге, ал бір жылғы орташа алынғаны - 1 АҚШ доллары үшін 153,86 теңге болды. Теңгенің Қазақстан Қор Биржасындағы бағамның өзгеруі оңтайлы үміттен аспады, теңгенің АҚШ долларына айырбас бағамының орташа айлық өзгеруі 0,1% - 0,7% аралығында болды. Теңгенің номиналдық айырбас бағамының 2002 жылғы қазандағы нығаюы (0,16%), негізінен 2002 жылғы 2 қазанда Қазақстан Республикасының 1997 жылы шығарылған еурооблигацияларын өтеу нәтижесінде ішкі валюта рыногында шетел валютасына ұсыныстың өсуіне қатысты болды.

2002 жылы бағамның тоқсандық құбылмалылығы төмендеді және оны тоқсандар бойынша бөліп қарағанда шамамен бір қалыпты болды. Сөйтіп, теңгенің долларға номиналдық девальвациясы барлық тоқсан ішінде 1% аспады: 2002 жылғы I тоқсанда – 0,99%, II тоқсанда – 0,54%, III тоқсанда – 0,95%, IV тоқсанда – 0,73% болды.

Конверсиялық операцияларды жүзеге асырудың негізгі валютасы АҚШ доллары болды. 2002 жылы доллар позициясындағы биржалық сауда-саттық көлемі 2944,7 млн. АҚШ доллары болды, ол 2001 жылғы деңгейден 50,9%-ке асты.

Биржадан тыс айналым биржалық айналымнан едәуір асып кетті: биржадан тыс валюта рыногындағы резидент банктер арасындағы мәмілелердің көлемі бір жылда 16,2%-ке ұлғайып, 4238,2 млн. АҚШ долларына балама сомаға жетті.

Валюта рыногының биржалық және биржадан тыс бөліктері айналымында Ресей рублімен және еуромен жасалған операциялардың үлесі шамалы ғана болды. Биржа рыногында Ресей рублімен және еуромен жасалған операциялар көлемі 1,1 және 3,1 есе ұлғайып, тиісінше 97,9 мың Ресей рублі және 265,0 мың еуро болды. Биржадан тыс валюта рыногында Ресей рублімен жасалған конверсиялық операциялар көлемі 14,6%-ке 874,5 млн. Ресей рубліне дейін төмендеді, ал еуромен жасалған операциялар көлемі 248,4%-ке 63,4 млн. еуроға дейін көбейді.

Қолма-қол шетел валютасы рыногында басымдық өткен жылдардағыдай АҚШ долларына берілді және тиісінше осы валютаны сатып алу бойынша операциялар басым болды. 2002 жылы айырбастау пункттері сатқан АҚШ долларының көлемі 2390,8 млн. АҚШ доллары болып, өткен жылмен салыстырғанда 0,9%-ке көбейді. Айырбастау пункттерінің АҚШ долларын

сатудың орташа айлық көлемі 2 млн. АҚШ долларына өсті және 199 млн. АҚШ доллары болды.

Осылайша, ұлттық валютаның позициясы тұрақты болып отыр. Ұлттық валютаны енгізген сәттен бастап девальвацияның аса төмен деңгейі тек 1997 жылы байқалды. Бұл халық, отандық және шетелдік инвесторлар тарапынан теңгеге деген сенімнің және ұлттық валютаның айырбас бағамының тұрақтылығына деген сенімділіктің одан әрі нығаюын растайды.

## 4.2. Банкаралық ақша рыногы

2002 жылы банкаралық ақша рыногы тұтастай алғанда тұрақты жұмыс істеді. Банктердің ресурстық базасының өсе беруі жағдайында банктердің ағымдағы өтімділігін бөлу кезінде рыноктың осы бөлігінің рөлі артты.

Банкаралық кредиттер шамалы көлемде жылдың екінші жартысында ғана беріле бастаған кезде банктер банкаралық теңгемен қарыз алу рыногында қысқа мерзімді депозиттерді тарту және орналастыру бойынша операцияларды белсенді түрде жүзеге асырды. Сөйтіп, орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттердің жалпы көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 15,1%-ке 277,9 млрд. теңгеге дейін көбейді.


Банктердің жоғары өтімділігінің сақталуы жыл бойы банкаралық депозиттер бойынша кірістілікті біршама төмендетуге ықпал етті. Орналастырылған депозиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 2001 жылғы желтоқсандағы 7,11%-тен, 2002 жылғы желтоқсандағы 4,90%-ке төмендеді.

Банктер валюта құралдарының банкаралық рыногында да жоғары белсенділік танытты. Теңгелік депозиттер сияқты долларлық депозиттер де рыноктың осы бөлігінде банктердің қысқа мерзімді валюта операцияларының негізгі түрі болып қалды. Банктер есепті кезеңде долларлық депозиттерді бір жыл ішінде 42,8%-ке ұлғайта отырып 24,5 млрд. АҚШ доллары сомасында орналастырды.

Шетел валютасындағы банкаралық қарыз алып пайдаланудың қалған түрлері бойынша операциялар шамалы көлемде жасалды.

Еуроодағы депозиттер бойынша кірістілік деңгейі шамалы ғана өзгерген кезде банкаралық долларлық депозиттер бойынша ставкалар динамикасы оның тұрақты төмендеу үрдісімен сипатталды. АҚШ долларымен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 2002 жылғы желтоқсанда 1,93% (2001 жылғы желтоқсанда – 3,10%), еуромен – 3,25% (3,01%) болды (4.2.1-сурет).

4.2.1-сурет



### 4.3. Депозиттік рынок

Жалпы алғанда, 2002 жылы елдің депозиттік рыногындағы ахуал тұрақты болды. Ішкі жинақ ақшаның ағымы есебінен банктердің ресурстық базасын толықтыру және олардың кредиттік әлуетінің өсу үрдісі жалғасты. Банк жүйесіндегі резиденттердің депозиттері бір жыл ішінде 35,6%-ке 603,3 млрд. теңгеге дейін (валюталық баламасы – 3,9 млрд. АҚШ долларына жуық) өсті, бұл ЖІӨ-нің 16,1%-не жуық болды (2001 жылы – 13,7%).

Валюта түрлері бойынша депозиттер құрылымында оң өзгерістер болды: шетел валютасындағы депозиттермен салыстырғанда ұлттық валютадағы депозиттердің өсу қарқыны басым сипатта болды. Ұлттық валютадағы депозиттер 50,7%-ке 241,5 млрд. теңгеге өскен кезде, шетел валютасындағы депозиттер 27,1%-ке 361,7 млрд. теңгеге ұлғайды. Нәтижесінде резиденттердің депозиттері жалпы көлеміндегі шетел валютасындағы депозиттердің үлес салмағы 64,0%-тен 60,0%-ке дейін төмендеді.

Заңды тұлғалардың депозиттері 35,6%-ке өсті және 2002 жылдың соңында 352,6 млрд. теңге немесе депозиттердің жалпы көлемінің 58,4%-і болды. Заңды тұлғалар депозиттерінің динамикасы жыл ішінде біркелкі болмады. 2002 жылдың қаңтар, ақпан және қараша айларында заңды тұлғалардың депозиттері көлемінің төлем операцияларына арналған қаражаттың әкетілуіне байланысты бірқатар төмендеуі байқалды. Заңды тұлғалар депозиттерінің банк секторына біршама ағылуы өткен жылғыдай желтоқсанда байқалды. 2002 жылғы желтоқсанда заңды тұлғалардың депозиттерінің өсуі 15,3% болды (2001 жылғы желтоқсанда – 12,8%).


2002 жыл ішінде банк жүйесінде халықтың салымдарының орнықты өсу үрдісі сақталды. Тұтастай алғанда 2002 жыл ішінде халықтың салымдары (резидент еместерді қоса алғанда) 38,3%-ке өсті және 257,4 млрд. теңге болды (валюталық баламасы – 1,65 млрд. АҚШ доллары). Осылайша салымдардың орташа мөлшері бір адамға шаққанда бір жылда 84-тен 112 АҚШ долларына өсті.

Халықтың салымдары көлемінің айлық орташа өсуі 2001 жылғы 7,9 млрд. теңге көрсеткішпен салыстырғанда 2002 жылы 5,9 млрд. теңгеге дейін төмендеді. Дегенмен, 2002 жылы депозиттердің біркелкі өсуі байқалса, 2001 жылы капиталды жария ету жөнінде жүргізілген акция кезінде депозиттердің негізгі ағыны болғанын атап өту қажет.

Халық депозиттерінің құрылымында мерзімді депозиттердің 78,9%-тен 82,4%-ке дейін өсуі оң жағдай болды. Мерзімді депозиттер бір жылдың ішінде 44,4%-ке 212,1 млрд. теңгеге дейін, талап ету депозиттері (ағымдағы шоттарды қоса есептегенде) – 15,4%-ке 45,2 млрд. теңгеге дейін өсті.


Депозиттер мерзімдерінің ұзаруы және ұлттық валютадағы депозиттердің өсуі азаматтардың банк жүйесіне, атап айтқанда ұлттық валютада көрсетілген қаржы құралдарына деген сенімінің артқандығын және халықтың қаржы жүйесінің даму перспективаларына қатысты күтуінің жақсарғанын растайды (4.3.1-сурет).

4.3.1-сурет



Теңгенің инфляциясы мен девальвациясы деңгейі қарқынының төмендеуі жағдайында банктердің депозиттері бойынша ставкалары динамикасының төмендеу үрдісі болды. 2002 жылы жеке тұлғалардың теңгелік мерзімді депозиттері бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 12,8%-тен 11,0%-ке дейін, шетел валютасымен депозиттер бойынша – 7,3%-тен 6,9%-ке дейін төмендеді (4.3.2-сурет). Депозиттер бойынша ставкалардың бірте-бірте төмендеуі банктік кредиттер бойынша ставкалар деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді.

4.3.2-сурет



#### **4.4. Кредиттік рынок**

**4.4.1. Кредиттік рынок.** Ресурстық базаның өсуі жалғасқан жағдайда экономиканы кредиттеу банктер үшін операциялардың басым түрі болды. 2002 жылы 1950,2 млрд. теңге сомаға жаңа кредиттер берілді (2001 жылы – 1083,8 млрд. теңге). Банктердің экономикаға берген кредиттердің жалпы көлемі бір жыл ішінде 37,3%-ке 672,4 млрд. теңгеге дейін өсті (валюталық баламасы – 4,3 млрд. АҚШ долларынан астам) немесе ЖІӨ-нің 17,9%-і (2001 жылы – 15,1%).

Шетел валютасындағы кредиттермен салыстырғанда ұлттық валютадағы кредиттердің өсу қарқыны басымды сипатта болғанын атап өткен жөн. 2002 жылы ұлттық валютадағы кредиттер 50,0%-ке өсті және 211,9 млрд. теңге болды, шетел валютасындағы кредиттер 32,1%-ке өсіп 460,5 млрд. теңге (2,96 млрд. АҚШ доллары) болды. Нәтижесінде теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 28,8%-тен 31,5%-ке дейін өсті.

Мерзімдері бойынша кредиттер құрылымында оң өзгерістер болды, мұндағы орташа және ұзақ мерзімді кредиттер қысқа мерзімді кредиттермен салыстырғанда басым сипатта өсті. Орташа және ұзақ мерзімді кредиттер 54,2%-ке өсіп, 383,4 млрд. теңге болды, қысқа мерзімді кредиттер – 19,9%-ке өсіп, 289,0 млрд. теңге болды. 2002 жылы орташа және ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 50,8%-тен 57,0%-ке дейін көбейді.

Кредиттік қызмет көрсету рыногындағы банктердің негізгі заемшылары корпоративтік клиенттер – кәсіпорындар және ұйымдар болып отыр. Бұл орайда осындай кредиттердің үлес салмағы өткен жылы 93,7%-тен 91,3%-ке дейін төмендеді, тиісінше жеке тұлғалардың кредиттері бойынша керісінше 6,3%-тен 8,7%-ке дейін көбейді. Бұл банктердің халыққа ұсынатын кредиттік қызмет көрсетулердің кеңейтілгенін растайды. Сөйтіп, 2002 жылдың соңында 2001 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда банктердің азаматтарға құрылыс салуға және тұрғын үй сатып алуға берген кредиттері бойынша негізгі борышы 93,4%-ке, азаматтардың тұтыну мақсатына арналған кредиттер бойынша 2 еседен астам өсті.


2002 жылы банктердің шағын кәсіпкерлікке берген кредиттерінің көлемі 20,1%-ке өсті және 146,5 млрд. теңге немесе экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 21,8% болды.

Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру ставкасын төмендетуі тұтастай алғанда банктік кредиттер бойынша кірістіліктің төмендеуіне ықпал етті. Заңды тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 15,3%-тен 14,1%-ке дейін, шетел валютасындағы кредиттер бойынша – 13,1%-тен 12,3%-ке дейін төмендеді. Нәтижесінде осы проценттік ставкалар рыноқтың осы бөлігінің жұмыс істеуінің барлық кезеңінде ең төменгі болуына қол жеткізді. Жеке тұлғаларға және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттер бойынша сыйақы ставкалары да төмендеді, бұл экономиканың барлық субъектілері үшін кредиттік ресурстарға қол жеткізуінің артқанын растайды.



Сыйақының ресми ставкасы деңгейінің және ең төменгі резервтік талаптар нормасының төмендеуімен қатар, 2002 жылы Ұлттық Банк кредиттер бойынша ставкаларды төмендетуге ықпал ететін басқа да жанама шаралар жүргізді. Барлық банкке барынша ойластырылған және экономикалық жағдайларға балама проценттік саясатты жүргізу жөнінде ұсынымдар жіберілді.

4.4.1.1-сурет



**4.4.2. Ипотекалық кредиттеу.** Ұлттық Банктің 23.09.02 ж. № 28 лицензиясына сәйкес «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ЖАҚ-ы (ҚИК) өз қызметін:

- заем операциялары: ақы төлеу, мерзімділік және қайтару шартымен ақшалай нысанда кредиттер беру;
- өз бағалы қағаздарын эмиссиялау;
- факторинг операциялары: төлемеу тәуекелін қабылдай отырып тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын сатып алу саласында жүзеге асырады.

ҚИК құрылған сәттен бастап кредиттеудің стандарттарын реттейтін құжаттар әзірлеуді, ҚИК-ның ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқықтарын сатып алуды, бухгалтерлік есеп жүргізуді қоса отырып ипотекалық кредиттеу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жүргізілді. Екінші деңгейдегі 4 банкпен және 2 банктік емес ұйыммен Бас Келісім жасалды. 2002 жылғы маусымнан бастап 2003 жылғы қаңтарға дейін ҚИК Қазақстанның 14 қаласында ипотекалық кредиттерді қайта қаржыландырды.

ҚИК-ның аймақтардағы қызметі әріптес банктердің филиалдық желісі арқылы жүзеге асырылады. ҚИК тұрғын үй сатып алуға (бастапқы, сол сияқты қайталама рынокта) және жөндеуге арналған ипотекалық кредиттерді қайта қаржыландыруды жүзеге асырады.

01.01.03 ж. жағдай бойынша қайта қаржыландырудың жалпы көлемі жеке тұлғаларға берілген 790 кредитке қарағанда 1 млрд. теңгеден асты. 2001-2002 жылдары ипотекалық кредиттердің портфелі 955 млн. теңгеге өсті.

ҚИК негізгі операциялары 2001 жылдың екінші жартысынан бастап жүзеге асырыла бастады. Активтердің өсуі бағалы қағаздарды және ипотекалық заемдар жөніндегі талаптар құқықтарын сатып алуға байланысты.

ҚИК ТМД аумағында бірінші болып ипотекалық облигациялар шығарды және табысты орналастырды. Ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқықтары түріндегі жоғары өтімді кепілдің болуы ипотекалық облигациялардың айырмашылығы болып табылады. Отандық қор рыногындағы айрықша жаңа құралдың пайда болуы оның дамуының қосымша импульсін келтіруге мүмкіндік береді.

2002 жылғы қарашада «Қазақстан Қор Биржасы» ЖАҚ-ның Биржалық Кеңесінің шешімімен облигациялар «А» санаты бойынша ресми тізімге енгізілді. Сол айда облигациялардың 300 млн. теңге сомадағы бірінші траншы, ал желтоқсанда 200 млн. теңге көлемдегі екінші траншы бастапқы түрде орналастырылды.

Облигациялар бойынша купонның ставкасы – өзгермелі, инфляцияның жылдық көрсетілген индексіне негізделген (Қаржы министрлігінің индекстелген бағалы қағаздары – МЕИКАМ-ға ұқсас). Инфляция индексіне белгіленген өлшем 4,75%-ті құрады және айналыстың барлық мерзіміне өзгермейтін болып табылады. Облигацияларды орналастыру сәтіне купонның ставкасы жылдық 10,75%-ті құрады (оның ішінде инфляция – 6%, белгіленген

өлшем – 4,75%). Купон инфляция индексінің өзгеруіне қарай әрбір 6 айда қайта каралады.

Қазіргі уақытта банктердің көпшілігі теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының өзгеруіне байланысты негізгі борышы индекстелген ипотекалық кредит береді. ҚИК-ның бағдарламасы – азаматтарға қайталама рыноктан тұрғын үй сатып алу үшін теңгемен кредит алуға мүмкіндік беретін жалғыз бағдарлама.

Ипотекалық кредиттеуді ұйымдастыру схемасы бірдей маңызды екі буыннан тұрады: тікелей кредиттеу және ипотекалық облигациялар шығару арқылы қор рыногында қаражат тарту. Қаражат рынок талаптарымен тартылатындықтан, тек осы қаражаттың құны ғана кредиттер бойынша сыйақы ставкаларының мөлшерін айқындайды.

#### **4.4. Бағалы қағаздар рыногы**

**4.5.1. Мемлекеттік бағалы қағаздар (МБҚ) рыногы.** 2002 жылы МБҚ рыногының жұмыс істеуі Қаржы министрлігінің заем қаражатын тартудағы шамалы қажеттілік жағдайында өтті. МБҚ орналастыру негізінен өтелетін ішкі заемдар мен еурооблигацияларды қайта қаржыландыруға арналды. Қаржы министрлігінің қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерінің барлық түрі, сондай-ақ орта мерзімді және индекстелген міндеттемелерінің ауқымды аясы шығарылды.

2002 жылы орналастырылған қазынашылық облигациялардың көлемі 51,8 млрд. теңгеге жетті, бұл ретте оларға деген нақты сұраным орташа алғанда ұсыныстың белгіленген көлемінен 1,4 есе артты.

МБҚ-ды орналастыру көлемінің бір жыл ішінде 2 есе ұлғаюы өткізілген аукциондар санының біршама қысқаруымен (103-тен 51-ге дейін) қоса жүрді. Бұл бір аукционда орналастырылған қазынашылық міндеттемелер көлемінің ұлғаюымен ғана негізделген жоқ. Қаржы министрлігі МБҚ-ды жүйелі емес түрде шығарды, сондай-ақ бұрын хабарланған бірқатар аукциондарды тоқтатты, бұл тұтас қаржы рыногына теріс әсер етті. Сонымен бірге Қаржы министрлігі 2002 жылғы желтоқсанда мемлекеттік бағалы қағаздар орналастыруды мүлдем жүзеге асырмады, бұл осы рынок жұмыс істеген уақыттан бастап бірінші рет байқалды.

Қаржы министрлігі 2002 жылғы мамырда соңғы шығарылымы жүзеге асырылған индекстелген облигацияларды шығарудан біртіндеп бас тарта отырып 2002 жыл ішінде орта мерзімді артықшылықты МБҚ шығарды. Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер эмиссиясының құрылымында қысқа мерзімді бағалы қағаздардың үлесі 7,4%-ке дейін (2001 жылы – 11,8%) және индекстелген бағалы қағаздардың үлесі 9,9%-ке дейін (2001 жылы – 10,5%) төмендеді, ал орта мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі 82,7%-ке дейін (2001 жылы – 77,7%) ұлғайды.

Қаржы министрлігі МБҚ-ның эмиссиясы көлемінің олардың 2002 жылғы өтеу көлемінен (нетто-эмиссиясы 29,1 млрд. теңге) артып кетуі олардың айналыстағы көлемінің 53,6%-ке (108,5 млрд. теңге) ұлғаюына әкелді. Қаржы министрлігі МБҚ-ның құрылымы (арнайы МЕАКАМ онжылдық міндеттемелерін қоспағанда) 2002 жылдың соңында төмендегідей қалыптасты. Айналыс мерзімдері 3 және 6 ай болатын қазынашылық міндеттемелер айналыстан шығарылды, бұл қысқа мерзімді бағалы қағаздар үлесінің 3,1%-ке дейін қысқаруына себепші болды. Орта мерзімді бағалы қағаздардың үлесі 86,9%, индекстелген міндеттемелердің үлесі – 9,9% болды.

МБҚ бойынша кірістілік 2002 жылы іс жүзінде облигациялардың барлық түрі бойынша төмендеді. 3 айлық бағалы қағаздардың кірістілігі (соңғы аукцион бойынша) 2001 жылғы 5,30%-тен 2002 жылғы 5,20%-ке, 3 жылдық бағалы қағаздардың кірістілігі – 8,00%-тен 7,40%-ке, 4 жылдық бағалы қағаздардың кірістілігі – 8,30%-тен 8,00%-ке дейін төмендеді.

Индекстелген 3 жылдық бағалы қағаздар бойынша кірістілік 7,60%-тен 4,00%-ке дейін біршама төмендеді (соңғы аукцион бойынша). Қалған МБҚ бойынша кірістілік не 2001 жылғы деңгейде қалды не шамалы ғана өзгерді.

**4.5.2. Корпоративтік бағалы қағаздар рыногы.** Соңғы уақытта мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыногында едәуір өзгерістер болды. Есепті кезеңде 2001 жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда акциялардың тіркелген эмиссияларының (157,1%-ке) және облигациялар эмиссияларының (69,3%-ке) біршама ұлғаюы орын алды.

Зейнетақы активтерінің тұрақты өсуі және 2002 жылғы қазанда Қазақстан Республикасының тәуелсіз еуроноттарының өтелуі жағдайында жоғары өтімді қаржы құралдарының жетіспеуі эмиссия белсенділігі ұлғаюының негізгі факторлары болып табылады.

Бастапқы ипотекалық облигациялар шығару 2002 жылы бағалы қағаздар рыногындағы аса маңызды оқиғалардың бірі болды. «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ЖАҚ-ның ипотекалық облигацияларын шығарумен қатар (тіркелген 1,5 млрд. теңгенің 500 млн. теңгесі) «ЛАРИБА–БАНК» бірлескен банкі» ААҚ-ы облигацияларының бұрын жүзеге асырылған эмиссиясы (156 млн. теңге) ипотекалық облигациялардың шығарылымы деп танылды.

2002 жылы бағалы қағаздары KASE-гі сауда-саттықта жіберілген Қазақстандық эмитенттер санының ұлғаю үрдісі жалғасты, бұл олардың сапалық жақсаруын растайды. Осылайша, 01.01.03 ж. бойынша бағалы қағаздардың 124 эмиссиясы, оның ішінде листингтік емес компаниялардың тізімі бойынша, KASE-гі сауда-саттықта жіберілді. Эмитенттердің саны 78 болды. 2002 жылы мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша биржалық сатып алу-сату мәмілелерінің көлемі 49,6%-ке ұлғайды. Биржалық мәмілелердің жалпы көлеміндегі «А» санаты бойынша KASE тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған сатып алу-сату мәмілелерінің үлесі 93,5% болды. «А» санаты бойынша Қазақстан қор биржасының тізіміне енгізілген бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің саны мен көлемінің тұрақты өсуіне бұрынғыдай зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялау көлемінің өсуі ықпал етуде.

Биржалық мәмілелердің көлемі тұрақты өскен кезде корпоративтік облигациялармен жасалған мәмілелердің үлес салмағының ұлғаю үрдісі байқалады. 2002 жылдың қорытындысы бойынша облигациялармен жасалған мәмілелердің үлесі екі есе ұлғайды және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің жалпы көлемінің 68,5% болды.

Есепті кезеңде KASE ресми тізімінің бағалы қағаздарының тізбесін кеңейту үрдісі жалғасты, бұл KASE капиталдандыруды 49,8%-ке ұлғайтуына әкелді. Акциялар бойынша капиталдандыру көлемі 15,1%-ке 209 млрд. теңгеге дейін, облигациялар бойынша – 2,2 есе 189,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Биржадан тыс рынокта брокер-дилерлер жасаған мәмілелердің көлемі 9,5 млрд. теңге болды, бұл ретте бастапқы орналастыру бойынша мәмілелердің көлемі 7,0 млрд. теңге болды.

## V. ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ПРОЦЕСІ

### 5.1. Қаржылық қызмет көрсету рыногының жай-күйі

**Банк секторы.** 2002 жылы<sup>3</sup> банк секторын одан әрі сауықтыру, оның ішінде банктердің жұмыс істеуінің негізгі сандық және сапалық көрсеткіштерін жақсарту жүргізілді, бұл банктерді капиталдандырудың өсуінде, олар жүргізген банктік операциялар көлемінің және тізбесінің артуында байқалды. Екінші деңгейдегі банктердің операциялық қызметінің айқындылығы көтерілді, атап айтқанда бұл туралы халықаралық рейтинг агенттіктерінің 8-ден 9-ға дейінгі төлем қабілеттілігі тәуелсіз бағаланған екінші деңгейдегі банктер санының көбеюі растайды. Аталған банктер активтерінің банк жүйесінің жиынтық активтеріндегі үлесі 2002 жылы 75,9%-тен 78,9%-ке дейін ұлғайды.

2002 жылы Қазақстанның банк қызметін көрсету рыногына шетелдік қатысу кеңейді, сөйтіп шетелдік қатысуы бар банктердің саны 16-дан 17-ге дейін ұлғайды<sup>4</sup>. Бұл ретте шетелдік қатысуы бар банктер санының ұлғаюы есебінен аталған банктердің банк секторындағы жиынтық активтердегі үлесі 17,3%-ден 34,3%-ке дейін ұлғайды.

**Капитал.** 01.01.03ж. екінші деңгейдегі банктердің жиынтық меншікті капиталы 32,0%-ке 161,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (валюта баламасы – 1 036 млн. АҚШ доллары). Бірінші деңгейдегі капитал 21,4%-ке 110,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, оның ішінде банктердің төленген жарғылық капиталының 0,2 млрд. теңгеге, өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісінің 6,3 млрд. теңгеге және қосымша капиталдың 2,5 млрд. теңгеге өсуі есебінен (5.1.1-кесте). Екінші деңгейдегі капитал 54,7%-ке 55,7 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, оның ішінде банктердің ағымдағы таза кірісінің 13,2 млрд. теңгеге өсуі, реттелген міндеттемелердің 14,8 млрд. теңгеге өсуі есебінен.

#### Банк секторының меншікті капиталының динамикасы

5.1.1-кесте

млрд. теңге

	01.01.02ж.	01.01.03ж.	өсім, %
1-деңгейдегі капитал	91,1	110,6	21,4
Жарғылық капитал	76,8	77	0,3
Қосымша капитал	8,7	11,2	28,7
Бөлінбеген пайда	8,7	15,0	72,4
2-деңгейдегі капитал	36	55,7	54,7
Ағымдағы пайда	7,4	20,6	178,4
Реттелген борыш	15,3	30,1	96,7
Меншікті капитал барлығы	122,1	161,2	32,0

Банк секторының меншікті капиталының балама көрсеткіштері жоғары деңгейде сақталуда. Атап айтқанда k1 жиынтық коэффициенті 2002 жылы 0,11-ден 0,09-ге дейін азайды (норматив кемінде 0,06 болған кезде), k2 – 0,19-дан

<sup>3</sup> - 01.01.02ж. жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» ЖАҚ-ның деректерінсіз, ал 01.01.03ж. жағдай бойынша – «Қазақстан Даму Банкі» ЖАҚ-ы мен «Эксимбанк Казахстан» ААҚ-ның деректерінсіз ұсынылған.

<sup>4</sup> - «ТұранӘлем Банкі» ААҚ-ның акцияларын шетелдік инвесторлардың иеленуі салдарынан осы банкті шетелдік қатысу бар банктерге жатқызу есебінен.

0,17-ге дейін азайды (норматив кемінде 0,12 болған кезде), бұл банк жүйесін капиталдандырудың өсу қарқынынан оның жиынтық активтерінің өсу қарқынының тым артып кетуімен негізделген.

**Активтер.** 2002 жыл ішінде банктердің жиынтық активтерінің мөлшері қалыптастырылған провизияларды (резервтерді) қоса алғанда 40,2%-ке 1 145 млрд. теңгеге дейін өсті (валюталық баламасы - 7 359 млн. АҚШ доллары) (01.01.02ж. – 5 437 млн. АҚШ доллары) (5.1.2-кесте).

**Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы**

*5.1.2-кесте*

	01.01.02ж.		01.01.03ж.		өсім, %
	млрд. тг.	жиынты- ғының %-і	млрд. тг.	жиынты- ғының %-і	
Қолма-қол ақша	27,0	3,3	33,3	2,9	23,3
Банкаралық депозиттер	88,7	10,9	142,7	12,5	60,9
Бағалы қағаздар	135,5	16,6	194,5	17,0	43,5
Банкаралық заемдар	9,9	1,2	6,5	0,6	-34,3
Заемдар, банкаралық заемдарды қоспағанда	492,2	60,3	689,1	60,2	40,0
Капиталға инвестициялар және реттелген борыш	5,0	0,6	6,9	0,6	38,0
Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	22,9	2,8	28,4	2,5	24,0
Банктің басқа да дебиторлары	16,6	2	28,7	2,5	72,9
Басқа активтер	18,8	2,3	14,9	1,3	-20,7
<b>Активтердің жиынтығы</b>	<b>816,6</b>	<b>100</b>	<b>1 145</b>	<b>100</b>	<b>40,2</b>

Бұл ретте шетел валютасына деноминирленген активтердің үлесі 67,5%-тен 67,1%-ке дейін шамалы төмендеді, бұл шетел валютасындағы міндеттемелер үлесінің төмендеуіне қатысты болды.

Банктер активтерінің құрылымындағы үлкен үлесті заңды тұлғаларға берілген кредиттер (60,2%), бағалы қағаздар портфелі (17%), банкаралық депозиттер (12,5%) алады. Тиісінше 2002 жыл ішінде активтердің өсуі негізінен кредиттердің 40%-ке, бағалы қағаздар портфелінің 43,5%-ке, банкаралық депозиттердің 60,9%-ке өсуімен қамтамасыз етілді.

Жіктелетін активтер мен шартты міндеттемелердің мөлшері 2002 жылы 44,5%-ке 1 041,8 млрд. теңгеге, оның ішінде несие портфелі 38,9% 717,4 млрд. теңгеге дейін өсті.

Тұтастай алғанда 2002 жыл ішінде активтер мен шартты міндеттемелер сапасының жақсаруы байқалды (5.1.3-кесте). Стандартты активтер мен шартты міндеттемелердің үлес салмағы 75,6%-тен 78,8%-ке дейін ұлғайды.

Банктердің кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі бір жыл ішінде 69%-тен 71,3%-ке дейін ұлғайды.



## Активтер мен шартты міндеттемелер сапасының динамикасы

5.1.3-кесте

	01.01.02ж.		01.01.03ж.	
	млрд. тг.	жиынтығының %-і	млрд. тг.	жиынтығының %-і
Жіктелетін активтер мен шартты міндеттемелердің жиынтығы	721,1	100	1 041,8	100
Стандартты	545,3	75,6	821,5	78,8
Күмәнды	162,2	22,5	204,8	19,7
Субстандартты	142,4	19,7	151,9	14,6
Қанағаттандырылмайтын	12,5	1,7	38,1	3,7
Тәуекел деңгейі жоғары күмәнды	7,2	1,0	14,8	1,4
Үмітсіз	13,6	1,9	15,5	1,5
Жіктелетін несие портфелінің жиынтығы	516,5	100	717,4	100
Стандартты	356,2	69,0	511,2	71,3
Күмәнды	149,5	28,9	191,7	26,7
Субстандартты	131,6	25,5	139,3	19,4
Қанағаттандырылмайтын	10,8	2,1	37,8	5,3
Тәуекел деңгейі жоғары күмәнды	7,0	1,4	14,7	2,0
Үмітсіз	10,9	2,1	14,4	2,0

**Міндеттемелер.** 2002 жылы екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 47,7%-ке 1 010,4 млрд. теңгеге немесе 6 494 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайды (2002 жылдың басында - 4 553 млн. АҚШ доллары).

Міндеттемелердің барлық түрі бойынша оң динамика байқалды (5.1.4-кесте). Банктердің депозиттік базасының ұлғаюы міндеттемелердің өсіміне неғұрлым маңызды әсер етті. Сонымен клиенттер алдындағы міндеттемелер 46,2%-ке 713,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, бұл ретте банк секторының жиынтық міндеттемелерінің тартылған депозиттердің сомасындағы үлесі 2002 жылы 71,3%-тен 70,6%-ке дейін азайды.

## Банктер міндеттемелерінің динамикасы

5.1.4-кесте

	01.01.02ж.		01.01.03ж.		өсім, %
	млрд. тг.	жиынтығының %-і	млрд. тг.	жиынтығының %-і	
Клиенттер алдындағы міндеттемелер	487,8	71,3	713,4	70,6	46,2
Банкаралық депозиттер	45,1	6,6	30,7	3,0	-31,9
Үкімет заемдары	8,1	1,2	8,2	0,8	1,2
Банкаралық заемдар	49,3	7,2	89,5	8,9	81,5
Басқа заемдар	29,7	4,3	33,8	3,3	13,8
Реттелген борыштар	15,3	2,2	30,1	3,0	96,7
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	20,9	3,1	22,6	2,2	8,1
Басқа да кредиторлар	18,0	2,6	31,0	3,1	72,2
Басқа да міндеттемелер	9,7	1,4	51,1	5,1	426,8
Барлық міндеттемелер	683,9	100	1 010,4	100	47,7

**Өтімділік.** Банк жүйесінің өтімділік деңгейі 2002 жыл ішінде артық шығу сипатында болды. Ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті 2002 жыл ішінде жобамен бір деңгейде (0,83-0,92) болды және 01.01.03ж. жекелеген

банк үшін ең төменгі норма 0,3 болғанда 0,92 болды. Пруденциалдық нормативтер туралы ереженің жаңа редакциясына сәйкес 2002 жылғы 1 тамыздан бастап банктер үшін өтімділіктің қосымша нормативі – қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті белгіленді (ең төменгі өлшем – 0,4). Қысқа мерзімді өтімділіктің жиынтық көрсеткіші 01.01.03ж. жағдай бойынша 0,87 болды.

Банк секторының жиынтық активтерінің сомасындағы өтімді активтердің үлес салмағы бір жыл ішінде төмендеді (19,1%-тен 16,7%-ке дейін), ал жиынтық міндеттемелердің сомасындағы талап ету міндеттемелерінің үлес салмағы 27,5%-тен 24,2%-ке дейін қысқарды.

Банктер берген кредиттер сомасының клиенттерден тартқан депозиттер сомасына қатысы 01.01.03ж. – 1,07 (01.01.02ж. – 1,06) болды.

**Кірістілік.** 2002 жылдың қорытындысы бойынша екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 20,6 млрд. теңге (2001 жылы – 7,4 млрд. теңге) мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 249,5 млрд. теңге (163,2 млрд. теңге), шығыстардың жиынтық мөлшері 228,9 млрд. теңге (155,8 млрд. теңге) болды (5.1.5-кесте).

#### Банк секторының кірістілігі

5.1.5-кесте  
млрд. теңге

	01.01.02ж.	01.01.03ж.
Сыйақы алуға байланысты таза кіріс	43,2	60,6
Провизиялар қалыптастыру үшін ақша бөлу	28,7	39,9
Негізгі банк операциялары бойынша таза кіріс	14,5	20,6
Комиссиялық таза кіріс	14,7	17,4
Қаржы (диллинг) операциялары бойынша таза кіріс	9,1	6,7
Басқа да банк операциялары бойынша таза кіріс	25,3	30,5
Әкімшілік шығыстар	25,6	30,7
Банктердің салық төлемдері (табыс салығын қоспағанда)	3,5	3,1
Таза кіріс	8,2	22,4
Табыс салығын төлегеннен кейінгі таза кіріс	7,4	20,6

Негізгі банк операциялары бойынша таза кіріс 42,1%-ке ұлғайды және 01.01.03ж. жағдай бойынша 20,6 млрд. теңге болды.

Осылайша клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер 01.01.03ж. жағдай бойынша 87,7 млрд. теңге болды (01.01.02ж. бойынша – 58,5 млрд. теңге). Сыйақы төлеуге байланысты кірістердің негізгі бөлігі берілген қысқа мерзімді (34,9 млрд. теңге) және ұзақ мерзімді (43,9 млрд. теңге) заемдар бойынша алынған проценттерге келеді. Клиенттердің депозиттері бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар 30,8 млрд. теңге (01.01.02ж. жағдай бойынша – 20,5 млрд. теңге).

Сыйақы алуға байланысты емес кірістердің құрылымында басым үлесті диллинг операциялары бойынша кірістер (18,0 млрд. теңге), комиссиялық

кірістер (23,9 млрд. теңге), банктің шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістері (81,7 млрд. теңге) алады.

Басқа да банк операциялары бойынша таза кіріс 2001 жылғы 25,3 млрд. теңгеден 2002 жылы 30,5 млрд. теңгеге ұлғайды.

Банктердің таза комиссиялық кірісі 17,4 млрд. теңге (2001 жылы – 14,7 млрд. теңге) болды. Таза комиссиялық кірістің құрылымында басым үлесті таза комиссиялық кірістің мынадай баптары алады:

аударым операциялары бойынша – 38,5%;

касса операциялары бойынша – 28,2%.

Дилинг операциялары бойынша таза кіріс 6,7 млрд. теңге болды (01.01.02ж. жағдай бойынша – 9,1 млрд. теңге). Дилинг операциялары бойынша таза кіріс негізінен шетел валютасын сатып алу-сату жөніндегі операциялар есебінен алынды (6,3 млрд. теңге).

01.01.03ж. өткен жылдың осындай кезеңіндегі деректермен салыстырғанда банк секторының кірістілік коэффициенті екі есе өсті. Ағымдағы таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатысы 1,8% (01.01.02ж. жағдай бойынша - 0,9%), ағымдағы таза кірістің меншікті капиталға (ROE) қатысы 12,8% (6,1%) болды.

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар секторы. Капитал.** Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) жиынтық меншікті капиталы 2002 жылы 37,4%-ке өсіп 01.01.03ж. 9 398 млн. теңге болды. «Қазпошта» ААҚ-ы және «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ЖАҚ-ы акцияларының қосымша эмиссияларын орналастыру, сондай-ақ Үкіметтің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 25.01.01 ж. № 137 қаулысына сәйкес жаңа ауылдық кредиттік серіктестіктер құру есебінен 2002 жыл ішінде төленген жарғылық капиталдың 1 932 млн. теңгеге ұлғаюы өсімнің негізгі себебі болды.

2002 жылдың қорытындысы бойынша меншікті капиталдың кірістілігі 2002 жылғы 8,6%-ке қарағанда 7,6% болды.

**Активтер.** Банктік емес ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 74 608 млн. теңге болды, оның 94%-і басқа да банктік емес ұйымдардың үлесіне келді. Жыл ішінде 17,5% ұлғайды және банктік емес ұйымдардың барлық топтары мен активтердің баптары бойынша болды. Дегенмен активтердің құрылымында 41% орын алып отырған кредит портфелі бойынша 27,2%-ке немесе 6 532 млн. теңгеге біршама өсті. Жиынтық активтердегі дебиторлық берешек 33,6% болды.

**Сақтандыру секторы.** Сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі 2001 жылы жиналған 13,4 млрд. теңгемен салыстырғанда 2002 жылы 68,7%-ке 22,6 млрд. теңгеге, негізінен мүлікті ерікті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының біршама өсуі (81,3%-ке) есебінен ұлғайды. Сақтандыру сыйлықақысының орташа сомасы бір адамға шаққанда 1 506,6 теңгеге жуық болды (2001 жылы – 893,3 теңге, 2000 жылы – 543,7 теңге). 2002 жылдың

қорытындысы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге үлесі 0,67%-ке жуық болды ( 2001 жылы – 0,4%, 2000 жылы – 0,32%) (5.1.6-кесте).

Сақтандыру рыногының жоғары шоғырлануы сақталуда. Қазақстан Республикасында жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 79%-не жуығы 6 сақтандыру компаниясына ("Қазақшетсақтандыру" ЖАҚ-ы – 19,5%; "БТА" СК" ААҚ-ы – 19,1%; "Мұнай сақтандыру компаниясы" ААҚ-ы – 17,8%; "Казкоммерцполис" ААҚ-ы – 10,3%; "AIG" ЖАҚ-ы – 6,1%; "KBS GARANT" СК" ААҚ-ы – 6,1%) келеді.

#### Сақтандыру сыйлықақыларының түсуі

5.1.6-кесте

млрд. теңге

	1998ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.	2002ж.	2001/2002 жинақталған өзгеріс, %
Барлығы, оның ішінде:	4,1	5,9	8,2	13,4	22,6	68,7
Міндетті сақтандыру	1,5	1,4	1,2	1,1	1,4	27,3
Жеке ерікті сақтандыру	0,7	0,9	1,1	1,6	1,8	11,3
Мүлікті ерікті сақтандыру	1,9	3,6	5,9	10,7	19,4	81,3

01.01.03ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдары қайта сақтандыруға 16,8 млрд. теңге берді, бұл 2001 жылдың осындай көрсеткішінен 77%-ке көп. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резидент еместеріне жиынтық сақтандыру сыйлықақысының 68%-і берілді (5.1.7-кесте).

Шетелге берілген қайта сақтандыру сыйлықақыларының жалпы үлесіндегі негізгі үлесті алғашқы алты (сақтандыру сыйлықақыларын жинау бойынша) сақтандыру ұйымы берген мүлікті ерікті сақтандыру бойынша сыйлықақылар (негізінен мұнай-газ, металлургия және көлік салаларындағы тәуекелдер бойынша) құрайды.

Қалыптасқан жағдай отандық сақтандырушылардың әлі де жеткіліксіз капиталдандырылуымен, қабылданатын тәуекелдердің едәуір өлшемімен және сақтанушылардың және олардың клиенттерінің талаптарымен түсіндіріледі. Отандық сақтандыру ұйымдарын жекелеп ұстап тұру мөлшерін арттыру, ел ішіндегі қайта сақтандыруды дамыту осы проблеманы шешудің ықтимал шешімі болып табылады.

#### Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлық

5.1.7 кесте

млрд. теңге

	1998ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.	2002ж.	Жинақталған өзгеріс 2001/2002, %
Барлығы	1,11	2,74	5,62	9,52	16,81	77
оның ішінде резидент еместерге	1,08	2,68	5,47	9,19	15,29	66

2002 жыл ішінде сақтандыру төлемдерінің жиынтық көлемі 2001 жылғы 2,2 млрд. теңге сақтандыру төлемдерімен салыстырғанда 4,5 %-ке 2,3 млрд. теңгеге дейін өсті. Әр адам басына шаққандағы сақтандыру төлемдерінің 2002 жылғы орташа сомасы 153,3 теңгеге жуық болды (2001 жылы – 146,6 теңге, 2000 жылы – 74,7 теңге) ( 5.1.8 кесте).

#### Сақтандыру төлемдері

5.1.8 кесте  
млрд. теңге

	1998ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.	2002ж.	2001/2002, %
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	1,2	1,0	1,1	2,2	2,3	4,5
Міндетті сақтандыру	0,5	0,5	0,5	0,6	0,7	16,7
Ерікті жеке сақтандыру	0,4	0,3	0,3	0,6	0,6	0
Ерікті мүліктік сақтандыру	0,3	0,2	0,3	1,0	1,0	0

Активтердің сапасын және өтімділігін ескере отырып есептелген Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының меншік капиталының мөлшері 2002 жылы 15,1%-ке өсе отырып, 01.01.03ж. жағдай бойынша 6,1 млрд. теңге болды.

2002 жылы сақтандыру ұйымдары 12,6 млрд. теңге сомаға (2001 жылмен салыстырғанда 59,5%-ке өсті) сақтандыру резервтерін қалыптастырды.

Сақтандыру ұйымдарының 01.01.03ж. активтерінің жиынтық көлемі 22,4 млрд. теңге болды (жыл ішіндегі өсім 51,4%) ( 5.1.9 кесте).

#### Сақтандыру ұйымдары қызметінің негізгі қаржылық көрсеткіштері

5.1.9 кесте  
млрд. теңге

	1998ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.	2002ж.	2001/2002, %
Меншік капиталы	1,7	2,5	4,6	5,3	6,1	15,1
Сақтандыру резервтері	3,1	3,9	2,3	7,9	12,6	59,5
Активтер	5,3	7,3	8,3	14,8	22,4	51,4

Сақтандыру ұйымдарының қызметі негізгі көрсеткіштерінің мейлінше өсу қарқынына қарамастан, республиканың сақтандыру рыногының жеткілікті дамымауына және проблемаларының шешілмей отырғанына бірқатар объективті себептер бар. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

1) халықтың төлем қабілетінің жеткіліксіздігі себебінен, ең бірінші халықтың «орташа класы» санының салыстырмалы алғанда аздығынан сақтандыруға қызығушылықтың аз болуы;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік ірі экспортерлердің қатысуымен өз тәуекелдерін сақтандыру шарттарын жасауына мемлекет тарапынан қажетті бақылаудың болмауы;

3) өмірді ұзақ мерзімді сақтандырудың дамытылмауы (бар болғаны бір сақтандыру ұйымы бар);

4) отандық сақтандыру ұйымдарын капиталдандырудың жеткіліксіздігі;

5) шетелге қайта сақтандыру арналары бойынша жіберілетін сақтандыру сыйлықақыларының жоғары көлемі (ішкі сақтандыру және қайта сақтандыру рыноктары мүмкіндіктерінің объективті түрде шектелуінен).

**Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі.** 01.01.03ж. жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жинақталған зейнетақы қаражаты 269,8 млрд. теңге болды, оның ішінде 28,1%-і Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорында (МЖЗҚ). 2002 жылы жинақталған зейнетақы қаражатының жиынтық көлемі 87,4 млрд. теңгеге өсті, оның ішінде МЖЗҚ-да жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы өсу көлемінен 19,2% -ке өсті.

2002 жылы міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының саны 769,1 мыңнан 5,4 млн.-ға дейін өсті, ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының саны 3 мыңнан 25 мыңға дейін өсті (5.1.10 кесте).

#### Салымшылар (алушылар) саны

**5.1.10- кесте**  
мың. адам

ЖЗҚ	01.01.02ж.		01.01.03ж.		өсім	
	міндетті зейнетақы жарналары	ерікті зейнетақы жарналары	міндетті зейнетақы жарналары	ерікті зейнетақы жарналары	міндетті зейнетақы жарналары	ерікті зейнетақы жарналары
Барлығы, оның ішінде	4 630,2	22,1	5 399,3	25,1	769,1	3,0
МЖЗҚ	2 143,1	0,0	2 299,4	0,0	156,3	0,0
Қалған ЖЗҚ	2 487,1	22,1	3 099,9	25,1	612,8	3,0

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызметі басталғаннан бері 195,5 млрд. теңге сомаға зейнетақы жарнасы келіп түсті. 2002 жыл ішінде зейнетақы жарналарының жалпы түсу сомасы 65,9 млрд. теңге, оның ішінде МЖЗҚ - 15,9 млрд. теңге немесе барлық ЖЗҚ үлесінің 24,1%-і болды (5.1.11 кесте).

#### Зейнетақы жарналарының түсуі

**5.1.11- кесте**

ЖЗҚ	01.01.02 ж.		01.01.03ж.		өсім	
	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%
Барлығы, оның ішінде	129,6	100	195,5	100	65,9	100
Қалған ЖЗҚ	68,6	52,9	118,6	60,7	50,0	75,9
МЖЗҚ	61,0	47,1	76,9	39,3	15,9	24,1

Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына бөлінген инвестициялық кіріс сомасы 01.01.03ж. жағдай бойынша 86,5 млрд. теңге болды (2002 жыл үшін өсім – 31,5%), оның ішінде МЖЗҚ бойынша – 38,0

млрд. теңге (2002 жыл үшін өсім – 10,2%) немесе жиынтық инвестициялық кірістің жалпы сомасының 43,9% -і ( 5.1.12 кесте).

**Есептелген инвестициялық кіріс**

*5.1.12-кесте*

ЖЗҚ	01.01.02ж.		01.01.03ж.		өсім	
	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%
Барлығы, оның ішінде	55,0	100	86,5	100	31,5	100
Қалған ЖЗҚ	27,2	49,5	48,5	56,1	21,3	67,7
МЖЗҚ	27,8	50,5	38,0	43,9	10,2	32,3

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызметі басталғаннан бері зейнетақы активтерінің есебінен жүзеге асырылып отырған зейнетақы және басқа да төлемдері 01.01.03ж. 14,6 млрд. теңге болды. 2002 жылы жинақтаушы зейнетақы қорларынан 6,5 млрд. теңге сомаға зейнетақы төлемдері жасалды, оның ішінде МЖЗҚ бойынша – 1,5 млрд. теңге немесе 23,1% ( 5.1.13 кесте).

**Жасалған зейнетақы және басқа төлемдері**

*5.1.13- кесте*

ЖЗҚ	01.01.02ж.		01.01.03ж.		өсім	
	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%	млрд. теңге	%
Барлығы, оның ішінде	8,1	00	14,6	100	6,5	100
Қалған ЖЗҚ	4,6	56,8	9,6	65,8	5,0	76,9
МЖЗҚ	3,5	43,2	,0	34,2	1,5	23,1

01.01.03ж. жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстап қалмағаны және аудармағаны үшін ұсталған өсімақыдан түскен сома 416,0 мың теңге болды, оның ішінде МЖЗҚ-да – 97,3 мың теңге, немесе 23,4%. Есепті жылы түскен өсімпұл 251,9 мың теңге болды, оның ішінде МЖЗҚ-да – 41,3 мың теңге, немесе 16,4% (5.1.14 кесте).

**Келіп түскен өсімпұл**

*5.1.14 - кесте*

ЖЗҚ	01.01.02ж.		01.01.03ж.		өсім	
	мың теңге	%	мың теңге	%	мың теңге	%
Барлығы, оның ішінде	164,1	100	416,0	100	251,9	100
Қалған ЖЗҚ	108,1	65,9	318,7	76,6	210,6	83,6
МЖЗҚ	56,0	34,1	97,3	23,4	41,3	16,4

2002 жылы зейнетақы жарналарынан түскен комиссиялық сыйақы сомасы 0,7 млрд. теңге болды және есептелген инвестициялық кірістен түскені 3,1 млрд. теңге болды, тиісінше МЖЗҚ бойынша түскен зейнетақы жарналарының

сомасы – 0,2 млрд. теңге және есептелген инвестициялық кіріс сомасы бойынша түскені 1,0 млрд. теңге болды.

**Бағалы қағаздар рыногы.** Бір жылдан астам кезеңнен бері институционалды инфрақұрылымның тұрақтылығы отандық қаржы рыногының сапалы дамуының көрсеткіші ретінде қызмет етіп отыр. 2002 жыл ішінде брокер-дилерлердің жалпы саны аздап кемігенімен, олардың нақты капиталдандыру көрсеткіштерінің өсу үрдісі жалғасуда. 01.01.03ж. жағдай бойынша брокер-дилерлердің жарғылық капиталының орташа мөлшері 25,0%-ке өсті және 1,5 млрд. теңге болды, олардың меншік капиталының орташа мөлшері (К1 коэффициенті бойынша) 26,1% -ке өсті және 2,9 млрд. теңге болды ( 5.1.15 кесте).

#### **Брокер–дилерлерді<sup>5</sup> капиталдандырудың нақты көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы**

*5.1.15-кесте*  
млрд. теңге

	01.01.02ж.	01.01.03ж.
Жиынтық жарғылық капитал, оның ішінде:	57,5	71,0
Банктер	53,4	68,9
1-ші санатты брокер–дилерлер	53,8	67,8
Жиынтық меншік капиталы, оның ішінде:	108,5	144,3
Банктер	103,5	140,6
1-ші санатты брокер–дилерлер	102,7	139,6

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін қаржылық тұрақтылық критерийлері, атап айтқанда "Меншік капиталының жеткіліктілігі"(К1), "Активтердің абсолютті өтімділігі" (К2) алғаш рет 2002 жылы енгізілді. Қаржылық тұрақтылық критерийлері бағалы қағаздар рыногындағы тіркеушілерді нығайтуға ықпал ететін К1-дің (капиталдың жеткілікті деңгейі) қызмет көрсетілетін эмитенттердің санына кері пропорционалды тәуелділікті болмайды.

2002 жыл ішінде олардың нақты капиталдандыру көрсеткіштерінің өсу үрдісі жалғасты. 01.01.03ж. жағдай бойынша тіркеушілердің жарғылық капиталының орташа мөлшері 120%-ке өсті және 42,9 млн. теңге болды, олардың меншік капиталының орташа мөлшері (К1 коэффициенті бойынша) 36,2%-ке өсті және 38,4 млн. теңге болды (5.1.16 кесте).

#### **Тіркеушілерді капиталдандырудың нақты көрсеткіштерін өзгерту динамикасы**

*5.1.16 кесте*  
млн. теңге

	01.01.02ж.	01.01.03ж.
Жиынтық жарғылық капиталы	428,2	901,9
Жиынтық меншік капиталы	621,1	806,2

<sup>5</sup> Брокер-дилерлердің жиынтық меншік және жарғылық капиталы Ұлттық Банктің капиталдандыру көрсеткіштерін есепке алмай келтірілген.



Тіркеушілерді аумақ бойынша бөлу бұрынғыдай бір деңгейде қалмай отыр. Сонымен, 01.01.03ж. жағдай бойынша тіркеушілердің көпшілігінің бас офистері Алматы қаласында болды, ал 11 облыста (Қызылорда, Атырау, Жамбыл, Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола және Ақтөбе) бір де бір жергілікті тіркеуші жұмыс істеген жоқ. Тіркеушілерді аумақ бойынша бөлудің бір деңгейде болмау проблемасы бағалы қағаздар рыногындағы трансфер-агенттер желісін қалыптастыру есебінен шешілуі тиіс, ол арқылы тіркеушілердің қызметін Қазақстанның барлық аймақтарының бағалы қағаздарды қазіргі кезде ұстаушылар мен әлуетті ұстаушылар алады.

## 5.2. Лицензиялау

**Банктерді лицензиялау.** 2002 жылы банктік секторды шоғырландыру және сауықтыру процесі жалғастырылды. Нәтижесінде екінші деңгейдегі банктердің жалпы саны 44-тен 38 банкке дейін қысқарды.

Банктік заңдар бойынша белгіленген талаптарды бұзғаны үшін банк операцияларын жүргізуге 3 банктен: "BSB Bank" АБ, "Ишимбанк" ААҚ, "Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі" ЖАҚ-нан лицензиялар қайтарып алынды. 3 банк кредиттік серіктестік болып қайта құрылды: "Алматы коммерциялық банкі" ЖАҚ, "Астана-Банк" ААҚ, "Мега Банк" ААҚ-ы.

24 банктің 368 филиалы бар филиалдық желісі бар. 2002 жылы банктердің 15 филиалын ашуға және 45 филиалын жабуға келісім берілді және екі банктің таратылуына байланысты 2 филиал жабылды (5.2.1 кесте).

01.01.03ж. жағдай бойынша банктің орналасқан жерінен тысқары жерлерде 18 банктің есеп айырысу-кассалық бөлімдері бар. 2002 жылы банктердің жаңадан ашылған 138 есеп айырысу-касса бөлімдері тіркелді, және осыншасы қайта жабылып қалды.

### Банктік сектор құрылымы

5.2.1 кесте

	01.01.02ж.	01.01.03 ж.
Банктердің саны, оның ішінде:	44	38
- мемлекетаралық	1	–
- Үкіметтің жарғылық капиталға 100% қатысуымен	2	2
- шетелдік қатысуы бар банктер	16	17
Екінші деңгейдегі банктер филиалдарының саны	400	368
Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдерінің саны	1020	1020
Шетелдегі екінші деңгейдегі банктердің өкілдіктерінің саны	8	8
Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің өкілдіктерінің саны	12	14

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды лицензиялау.** 01.01.03ж. банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 36 ұйымның, 29 кредиттік серіктестіктің, 52 ломбардтың банктік заңдарда көзделген операцияларды жүргізуге Ұлттық Банктің лицензиясы бар.

2002 жылы 18 кредиттік серіктестік пен 9 ломбардтың ашылуына рұқсаттар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 3 ұйымға және 13 кредиттік серіктестікке, оның ішінде «Аграрлық кредиттік корпорация» ЖАҚ-ның қатысуымен құрылған 9 ауылдық серіктестікке және 8 ломбардқа банктік заңдарда көзделген операцияларды теңгемен жүргізуге лицензиялар берілді.

2 банктік емес ұйымдардың, 1 кредиттік серіктестіктің және 6 ломбардтың лицензиялары қайта ресімделді, сондай-ақ қосымша операция түрі

берілуіне байланысты «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ЖАҚ-на лицензия берілді.

Сонымен бірге Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін жүйелі түрде бұзғаны үшін 1 кредиттік серіктестіктен және 1 ломбардтан мәжбүрлі түрде лицензиялар, сондай-ақ 3 кредиттік серіктестік пен 1 ломбардтың ашылуына белгіленген мерзімде лицензия алмауына байланысты рұқсаттар қайтарып алынды.

**Сақтандыру компанияларын лицензиялау.** 01.01.03ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар 33 сақтандыру ұйымы бар, оның ішінде: 1- өмірді сақтандыру бойынша, 3 – Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен ( 5.2.2 кесте).

#### Сақтандыру ұйымдарының саны

5.2.2 кесте

	1998ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.	2002ж.
Кезең соңындағы сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	71	70	42	38	33
- шетелдік қатысумен	9	7	4	5	3

01.01.03ж. жағдай бойынша сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны 5 сақтандыру брокері, сақтандыру рыногындағы актуарлық қызметті жүзеге асыруға – 26 актуарий иеленіп отыр.

2002 жылы Ұлттық Банк 7 сақтандыру ұйымының лицензияларын қайта ресімдеген. 3 сақтандыру ұйымы белгіленген тәртіппен ерікті қайта құрылуға рұқсат алды.

«Батыс Қазақстан сақтандыру фирмасы» ЖШ САҚ-нан сақтандыру ұйымының лицензиясы мәжбүрлі түрде қайтарып алынды. Сондай-ақ 1 сақтандыру ұйымын - «Қазагрополис» РМБСК-ын мәжбүрлеп тарату туралы Ұлттық Банк өтініш-шағым берді.

Өткен жыл ішінде қолданылып жүрген заңдар талаптарының орындалмауына байланысты мына 13 сақтандыру ұйымы лицензияларының қолданылуы тоқтатылды: “Валют-транзит-полис” СК ЖАҚ, “Виктория” СК” ЖАҚ, “К-АСКО” СК” ЖАҚ, “Қарағанды сақтандыру компаниясы” ААҚ, “НАСКО-ҚАЗАҚСТАН” ҰСК” ААҚ, “САЯ”СК” ААҚ, “Терра” СК” ЖАҚ, “Тұмар” СК” ЖАҚ, “Батыс Қазақстан сақтандыру фирмасы” ЖШ САҚ, “Авиатрек-Полис” СК” ААҚ, “Amanat insurance” СК” ЖАҚ, “Евразия” АСК” ААҚ, “Лондон-Алматы Иншуренс Компани” БК ЖАҚ. Осы орайда “НАСКО-ҚАЗАҚСТАН” ҰСК” ААҚ және “Авиатрек-Полис” СК” ААҚ-ның сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиялардың қолданылуы екі рет тоқтатылды.

01.01.03ж. 2 сақтандыру ұйымы лицензияларының қолданылуы тоқтатылды.

2002 жылы Ұлттық Банк белгіленген тәртіппен сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына «EOS RISQ Kazakhstan» сақтандыру брокері»

ЖШС-не және "Хис Ламберт Алатау Лимитед" сақтандыру брокері» ЖШС-не 2 лицензия берді.

Сондай-ақ Қазақстанның сақтандыру рыногындағы актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына 11 актуарийге лицензиялар берілді.

**Жинақтаушы зейнетақы қорларын лицензиялау.** 2002 жыл ішінде зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметіне - «Капитал ЖЗҚ» ЖАҚ-на бір бас лицензия берілді. Нәтижесінде 01.01.03ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасында жұмыс істеп тұрған 16 жинақтаушы зейнетақы қорлары болды, олардың біреуі – мемлекеттік.

Есепті жыл ішінде ЖЗҚ-ның 26 филиалы мен 58 өкілдігін ашуға рұқсат берілді. ЖЗҚ-ның 17 өкілдігі жабылды. ЖЗҚ-ның ел ішіндегі барлық аймақтық желісі 72 филиал және 70 өкілдік бойынша беріліп отыр (5.2.3 кесте).

### Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің құрылымы

5.2.3 кесте

	01.01.02ж.	01.01.03ж.
Жинақтаушы зейнетақы қорларының саны, оның ішінде:	15	16
Ашық	13	14
Корпоративті	2	2
Жинақтаушы зейнетақы қорлары филиалдарының саны	46	72
Жинақтаушы зейнетақы қорлары өкілдіктерінің саны	29	70
Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың саны	8	9
Кастодиан-банктердің саны	11	10

**Бағалы қағаздар рыногында операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарды лицензиялау.** 01.01.03ж. жағдай бойынша брокер–дилерлер саны – 50, тіркеушілер – 21, бағалы қағаздар портфелін басқарушылар – 4, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар (ЗАБК) – 9, кастодиан–банктер – 10, лицензияланған өзін-өзі реттейтін ұйымдар саны – 2 болды. 01.01.03ж. жағдай бойынша зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын лицензиялар ҰЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын 8 ЗАБК-да, сондай-ақ өзінің зейнетақы активтерін дербес басқаратын МЖЗҚ-да бар.

2002 жыл ішінде бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде мыналарды жүзеге асыру үшін 5 лицензия (өтініштер қанағаттандырылды) берілді:

- брокерлік және дилерлік қызмет үшін – 2;
- бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет үшін – 1;
- зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет үшін – 1;
- бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызмет үшін – 1.

2002 жыл ішінде бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде мыналарды жүзеге асыру үшін берілген 3 лицензия қайтарып алынды:

- брокерлік–дилерлік қызмет үшін – 1;

- бағалы қағаздар рыногындағы кастодиандық қызмет үшін –1;
- бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет үшін – 1.

2002 жылы 455 маман аттестациялау санаттарына орай жұмысты орындауға рұқсат алу құқығын беретін біліктілік куәліктерін алды, оның ішінде:

- I санат бойынша – 197 маман;
- II санат бойынша – 200 маман;
- III санат бойынша – 58 маман.

Қолданылатын біліктілік куәліктерінің жалпы саны 01.01.03ж.-ға 2 650 болды, оның ішінде 1 785 - бірінші санатты, 740- екінші санатты және 125 - үшінші санатты.

**Аудитті лицензиялау.** 01.01.03ж. жағдай бойынша банк қызметіне аудит жүргізу құқығын беретін лицензия 26 аудиторлық ұйымда бар, оның 5-і халықаралық, 21-і қазақстандық және 45 аудитор, сақтандыру ұйымдарына аудитті жүзеге асыру құқығына лицензиялар - Қазақстан Республикасының 28 аудиторлық ұйымында және 57 аудиторда бар.

2002 жылы банк қызметіне аудит жүргізу құқығына лицензиялар – 4 жеке тұлғаға және 3 заңды тұлғаға берілді, сақтандыру қызметіне аудит жүргізу құқығына лицензиялар – 36 жеке тұлғаға және 28 заңды тұлғаға берілді.

### 5.3. Инспекциялау

**Банктерді инспекциялау.** 2002 жыл ішінде екінші деңгейдегі банктерге 21 инспекторлық тексеру жүргізілді, оның ішінде 11 – кешенді және 10 – іріктеу тексерулер.

Капиталдың бірдей болуын тексеру нәтижелері бойынша банктердің меншік капиталының көлеміне активтерді қайта жіктеуге және актив операцияларынан зиянды жабуға қажетті провизиялар сомасының көбеюіне байланысты өзгерістер енгізілді. Ұлттық Банкке банк акцияларының он және одан астам процентіне тікелей немесе жанама иелік ететін ірі қатысушы мәртебесіне ие болуға өтініш бермеу, меншік капиталы жеткіліктілігінің пруденциалдық нормативтерін орындамау және банк акционерлерінде меншік капиталы жетіспеген кезде заемдық қаражат есебінен жарғылық капиталды қалыптастыру жағдайлары орын алды.

Банк активтерінің сапасын талдау кезінде кредиттік портфельді жіктеуге қатысты неғұрлым елеулі түзетулер жасалды, бұл жекелеген банктердің қаржылық нәтижелеріне тиісінше теріс ықпал етті. Кейбір банктер несие портфелінің сапасына объективті баға бермейді, заемшылардың қаржылық жай-күйіне мониторинг үнемі жүргізілмейді, заемшылардың кредиттік досьесі толық көлемде қалыптасқан жоқ. Бір заемшыға арналған тәуекелдің ең көп мөлшерін бұзу, банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларды кредиттеу кезінде жеңілдіктер жасау, Ұлттық Банкке жалған ақпарат беру жағдайлары анықталды.

Банктер менеджментінің бірқатар кемшіліктері анықталды, бұған банктердің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң актілерінің, Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, бухгалтерлік есептің стандарттарын және банктердің өздерінің ішкі саясаты мен рәсімдерін бұзушылықтары куә. Банктердің Ұлттық Банкке беретін жүйелі және қаржылық есептерінің жалған болу жағдайлары анықталды.

Банктерде тәуекелдерді басқару жүйесінің жеткіліксіз дамуы, ішкі бақылау жүйесінде кемшіліктер, оның ішінде ішкі аудит қызметінің тиімсіз жұмысы атап өтілді.

Инспекциялау нәтижелері бойынша банк заңдарын, оның ішінде пруденциалдық нормативтерді бұзғаны, жалған ақпарат бергені үшін банктерге шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды.

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды инспекциялау.** Банктік емес ұйымдардың қызметін қадағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ инспекторлық тексеру жүргізген кезде олардың қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарын бұзу фактілері анықталды, оларды жою мақсатында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес банктік емес ұйымдарға қатысты шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды.

**Сақтандыру компанияларын инспекциялау.** 2002 жылы сақтандыру ұйымдарына 15 инспекциялық тексеру, оның ішінде 7 – кешенді және 8 – іріктеу тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижелері бойынша жекелеген сақтандыру компанияларында капиталдың бірдей болу деңгейі уәкілетті органның

талаптарына жауап бермеді. Сақтандыру заңдары нормаларының орындалуын талдау кезінде сақтандыру рыногының барлық субъектілері орындауға міндетті болып табылатын пруденциалдық нормативтерді бұзу фактілері анықталды.

Сақтандыру ұйымдарының активтері мен міндеттемелерінің сапасын талдау кезінде олардың баптарының көбі елеулі түзетулерге ұшырады, бұл соңғы нәтижесінде капиталдандыру деңгейі және қаржы нәтижелерінің төмендеуіне алып келді. Іс жүзінде барлық сақтандыру ұйымдары баланстан күмәнді және үмітсіз борыштарды есептен шығару жөнінде тиісті шаралар қолданбайды, дебиторлық берешектерге, оның мерзімдеріне түгендеу жүргізілмейді.

Қайта сақтандыру операцияларын жасау кезінде тәуекелдерді қаржылық сенімділігіне тиісті рейтингі жоқ шетелдік компанияларға қайта сақтандыруға беруге жол берілді, бұл орайда сақтандырушылардың меншік ұстауларының нормативі орындалған жоқ.

Сақтанушылармен сақтандыру шарттарын жасаған кезде оларды ресімдеу Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарының талаптарына, уәкілетті органмен келісілген сақтандыру ережесіне, сақтандыру полистерін ресімдеу, дайындау тәртібін реттейтін нұсқаулыққа жауап берген жоқ. Сонымен қатар, жекелеген сақтандыру ұйымдары сақтанушыларға Ұлттық Банкпен келісілген мөлшері болмаса да сақтандыру төлемдерінен жеңілдіктер берді, бұл орайда сақтандыру резервтерінің есебіне осы жеңілдіктер қабылданған жоқ.

Бұдан басқа, инспекция сақтандыру ұйымдары менеджментінің бірқатар проблемаларын анықтады, бұған қолданылып жүрген заңдарды, Бухгалтерлік есептің стандарттарын, сақтандыру ұйымдарының ішкі саясатын және өздері әзірлеген рәсімдерді бұзушылықтары куә бола алады. Көптеген жағдайларда Ұлттық Банкке берілетін қаржылық есептің жалған болуы анықталды.

**Жинақтаушы зейнетақы қорларын инспекциялау.** Өткен жылы Ұлттық Банк, зейнетақы қорларын қадағалау функциясын қабылдаған орган ретінде қолданылып жүрген заңдарды қызметінде көп бұзған 2 мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын және 5 ЗАБК тексерді. Бухгалтерлік есеп стандарттарының активтер мен міндеттемелердің шынайы көрсетілуіне қатысты талаптары бұзылған, мақсатты тағайындау бойынша қате есептелген зейнетақы жарналарын аудару мерзімдері сақталған жоқ, салымшыларымен жасалған зейнетақы шарттары тиісті түрде ресімделген жоқ, салымшылармен шарт жасалмай, олардың жеке зейнетақы шоттары ашылған және оған қаражат аударылған. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы валюта заңдарының, “Акционерлік қоғамдар туралы” Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын бұзушылықтар анықталды. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі жекелеген компаниялардың менеджменті рыноктық бағалауға көшкен кезде зейнетақы қорлары зейнетақы активтерінің айтарлықтай қысқаруына әкелетін зейнетақы активтерімен мәмілелер жасауға жол берді.

**Бағалы қағаздар рыногында операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарды инспекциялау.** 2002 жыл бойы бағалы қағаздар рыногының

кәсіби қатысушыларына және эмитенттеріне<sup>6</sup> 21 тексеру, оның ішінде 10 жоспарлы және 12 – жоспардан тыс, оның ішінде: брокер-дилерге – 13; тіркеушілерге – 4; кастодиандарға – 4; ЗАБК-на – 5; бағалы қағаздар портфелін басқарушыларға – 2; эмитенттерге – 1 тексеру жүргізілді.

Тексеру нәтижелері бойынша көптеген жағдайларда мыналар анықталды:

- бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының өзекті және шынайы есеп жүргізуі мен құжат айналымы принциптерінің сақталмауынан орын алған кәсіби қызмет қорытындылары туралы тоқсан сайынғы есептер шеңберінде Ұлттық Банкке берілетін мәліметтердің жалған болуы;

- кәсіби қатысушылардың нақты қызметінің уәкілетті органмен келісілген олардың қызметін реттейтін ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес болмауы.

#### **5.4. Межелік қадағалау.**

---

<sup>6</sup> Тексерулердің жиынтық саны бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің кәсіби қызметтің бірнеше түрлерін қоса атқаруын есептегендегі санын көрсетеді.



**Банктерді межелік қадағалау.** Пруденциалдық нормативтерді бұзған банктер саны 01.01.03 жылы 1 банк (01.01.02 ж. – 6 банк) болды.

Банктердің жұмысында кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарды жою туралы міндеттеме хаттар 35 жағдайда талап етілді, банктерге тәртіп бұзушылықтарды жою көрсетілген нұсқама хаттар - 51 рет, ескерту хаттар – 18 рет жіберілді, 6 айыппұл санкциялары салынды.

2002 жыл бойы ірі қатысушының және банктік холдингтің мәртебесін иеленуге 16 жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ 4 жеке тұлғаға ірі қатысушы болып табылатын тұлғалардың мәртебесін иеленуге келісім берілді. Сонымен бірге банктердің еншілес ұйымдарын иеленуге, құруға, сатып алуға 18 рұқсат берілді.

Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің 01.03.02 ж. № 106, 18.09.02 ж. № 401 қаулыларымен Қазақстан Республикасында «Балтийский Транзитный Банк» Акционерлік Коммерциялық Банкінің (Латвия Республикасы) өкілдігін және Қазақстан Республикасында «Arab Bank plc.» өкілдігін ашуға келісім берілді.

Ұлттық Банк Басқармасының 23.12.02 ж. № 493 қаулысымен «Түрік-Қазақстан Халықаралық Банкі» ЖАҚ-ын «Қазақстан-Зираат Интернэшнл Банкі» ЖАҚ-на қосу арқылы «Қазақстан-Зираат Интернэшнл Банкі» ЖАҚ және «Түрік-Қазақстан Халықаралық Банкі» ЖАҚ-ын қайта құруға рұқсат берілді.

Ұлттық Банк Басқармасының 29.12.02 ж. № 531 қаулысына сәйкес «АТФБанк» Банк Апогей» ААҚ» еншілес банкі» ААҚ-ын «АТФБанк» ААҚ-на қосу арқылы «АТФБанк» Банк Апогей» ААҚ» еншілес банкі» ААҚ-ын және «АТФБанк» ААҚ-ын қайта құруға рұқсат берілді.

Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қаулыларымен «Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі» ААҚ-ның өкілдіктерін Ресей Федерациясында (Москва қаласы) (09.12.02ж. № 542), Өзбекстан Республикасында (Ташкент қаласы) (09.12.02ж. № 541) ашуға келісім берілді.

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды межелік қадағалау.** Банктік емес ұйымдарға қатысы бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жазбаша нұсқаулар мен міндеттеме хаттарды-талап етуді қоса алғанда, 20 жағдайда шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды. Атап айтқанда, банктік емес мекемелердің жұмысындағы кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарды жою туралы міндеттеме-хат 9 жағдайда талап етілді, кемшіліктерді жою жөнінде көрсетілген нұсқау хат 11 рет жіберілді.

**Сақтандыру компанияларын межелік қадағалау.** 2002 жыл бойы уәкілетті мемлекеттік орган 31 сақтандыру ұйымына сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарды бұзуды жою туралы 70 жазбаша нұсқаулар жіберілді.

Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 26 хаттама дайындалды, оның ішінде:

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің 5 хаттамасы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауы себебінен тоқтатылды;

- істердің 3 хаттамасы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық келтірген зиянның елеусіз болу себебі бойынша тоқтатылды;

- 18 хаттама бойынша жалпы сомасы 841 270 теңгеге айыппұл салу түрінде санкция қолданылды.

Заңды және жеке тұлғалар сақтандыру ұйымын бақылау құқығына ие болуға рұқсат беру ережесінің енгізілуіне байланысты сақтандыру ұйымдарын бақылау құқығына ие болу үшін рұқсат алуға арналған тиісті құжаттар пакетін ұсынды.

Заңды және жеке тұлғалар ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдер қабылданды:

- 1 заңды тұлғаға өтініш берушінің қаржылық тұрақсыздығы салдарынан рұқсат беруден тас тартылды;

- 7 заңды және 3 жеке тұлғаларға сақтандыру ұйымдарын бақылау құқығына ие болуға рұқсат берілді.

**Бағалы қағаздар рыногында операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарды межелік қадағалау.** 2002 жылы бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына Ұлттық Банк бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің қорытындылары туралы есептерді қарау барысында анықталған Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылықтарды жою туралы 18 нұсқау, оның ішінде қаржылық тұрақтылық критерийлерін сақтау туралы мәліметтерді және Ұлттық Банктің қарауына берілген басқа да құжаттарды жіберді.

## 5.5. Тарату.

**Ұлттық Банктің шешімі бойынша таратылатын банктердің тарату процесі.** 2002 жылы банктерді соттан тыс тарату аяқталды және Ұлттық Банктің Басқармасы 14 банктің тарату туралы есебін және тарату балансын бекітті.

Соңғы 5 жылда Ұлттық Банктің шешімі бойынша соттан тыс мәжбүрлеп тарату процесінде және оның бақылауында 83 банк болды. Осыған орай салымшылардың-жеке тұлғалардың талаптарын қанағаттандыру дәрежесі 93,2% болды.

**Ұлттық Банктің мәжбүрлеп және ерікті түрде таратылатын банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату процесін бақылауы.** 01.01.03 ж. республикада 21 банк және 18 сақтандыру ұйымы, оның ішінде соттың шешімі бойынша – 20 банк және 18 сақтандыру ұйымы, ерікті тәртіппен – 1 банк таратылу үстінде.

Таратылатын банктердің міндеттемелері жалпы сомасы 2378,6 млн. теңге болды. Жыл бойы кредиторлардың талаптары 18,1 млн. теңгеге қанағаттандырылды және тарату комиссияларының қызметі кезеңінде пайда болған ағымдағы берешекті өтеуге 14,2 млн. теңге жұмсалды.

Таратылатын банктер активтерінің жалпы сомасы 2450,0 млн. теңге болды, оның ішінде 49,2%-і зиянды несие берешегіне тиесілі. Негізінен өтімсіздікке және өндіріп алудың мүмкін еместігіне байланысты активтерді есептен шығару есебінен олар 200,6 млн. теңгеге (7,6%) азайды.

Сақтандыру ұйымдарының міндеттемелері 63,4 млн. теңге, ал активтер – 289,4 млн. теңге, оның ішінде дебиторлық берешек – 116,2 млн. теңге және аффилиирленген ұйымдарға инвестициялар - 123,0 млн. теңге болды.

2002 жылы банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату тәртібін және ерекшеліктерін реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілердің қолданысқа енгізілуіне байланысты Ұлттық Банктің қызметі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары шеңберінде бақылау функцияларын жетілдіруге бағытталған болатын.

Тарату комиссиялары беретін есептерді реттеу және сапасын қамтамасыз ету, тарату ісі жай-күйінің жиынтық көрсеткіштерін қалыптастыру және таратылатын объектілерді есепке алуды жетілдіру бойынша шаралар қабылданды. Банктердің және сақтандыру ұйымдарының тарату ісі жай-күйінің әрбір аспектісі бойынша талдау жұмысы жүйелі түрде өткізіліп тұрды. Осы шаралар тарату комиссияларының қызметіндегі кемшіліктер мен қателіктерді анықтауға және жоюға, бақылаудың жекелеген объектілерінің тарату ісін аяқтау перспективаларын айқындауға және бақылаушы органның қызметін тиімді жоспарлауға ықпал етті.

2002 жылы Ұлттық Банк банктердің және сақтандыру ұйымдарының тарату комиссияларының қызметіне 15 тексеру жүргізді. Тарату комиссияларының әкімшілік шығыстарды асыру, дебиторлық берешекті өндіріп алуға және мүлікті сатуға шаралар қолданбау, сондай-ақ бір бөлігі соттық бақылау кезеңінде төленбеген бюджетке ағымдағы төлемдерді төлемеу фактілері анықталды.

Таратылатын банктер мен сақтандыру ұйымдары кредиторларының мүдделерін және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банкте банктердің және сақтандыру ұйымдары кредиторларының тізілімдері бекіту үшін кейіннен сотқа жіберіле отырып қаралды, тарату комиссиялары шығыстарының сметалары келісілді, бірінші кезектегі іс-шараларды жүргізу кредиторлардың аралық тарату балансын және тізілімін қалыптастыру кезінде, тарату комиссияларының бөлімшелерінде жұмысты ұйымдастыру бойынша практикалық көмек көрсетілді.

Ұлттық Банктің банктерді және сақтандыру ұйымдарын тарату процесіне методологиялық басшылық жөніндегі қызметі бухгалтерлік есеп, кредиторлармен есеп айырысу, сыйақылар есептеу, берешекті есептен шығарудың заңдылығы, тарату шығыстары сметасын қалыптастыру, акциялар эмиссиясының күшін жою тәртібі, несиелік берешекті жүзеге асыру, тарату рәсімін жүргізу тәртібі мәселелеріне және тарату ісінің басқа мәселелеріне бірыңғай тәсілді әзірлеуге бағытталды.

Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарының тарату процесін бақылау мәселелеріндегі функцияларын жетілдіруге барынша көңіл бөлінді. Нормативтік құқықтық актілерге филиалдардың бақылау өкілеттіктерін нығайтатын толықтырулар енгізілді, олардың функционалдық міндеттерін реттейтін ішкі құжаттар әзірленді, филиалдар қызметінің негізгі бағыттары бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындалып, жіберілді.

Тарату ісінің қалыптасқан тәжірибесі мен проблемаларын ескере отырып, Ұлттық Банкте әзірленген қаржылық қадағалау органы қызметінің мәселелері жөніндегі заң жобаларының ережелеріне банктердің, сақтандыру ұйымдарының және жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату процесіндегі уәкілетті органның бақылау өкілеттігін айқындайтын және нақтылайтын нормалар енгізілді. Таратылатын қаржылық ұйымдар активтерінің сақталуына бақылауды қамтамасыз ету мақсатында уақытша әкімшіліктің қызметіне бақылауды уәкілетті органға жүктейтін норма енгізілді. Арнайы басқару институты тарату мақсатына сәйкес болмағандықтан күшін жойды. Тарату массасынан қаражатты мақсатқа сәйкес емес пайдаланғандықтан және тарату комиссияларына жұмсалған шығынның асып кетуінен заң жобасында тарату комиссиясы төрағасының, мүшелерінің және өзге де қызметкерлерінің жалақы мөлшері шектелінген. Бұдан басқа, тарату комиссиялары төрағаларының тарату процесінде заңдарда белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

## **VI. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасының төлем жүйесі әлемдік қаржы институттарының (Халықаралық Валюта қорының, Халықаралық есеп айырысу банкінің) барлық негізгі талаптарына жауап береді және халықаралық сарапшылар жоғары бағалады. Ұлттық Банк ұлттық төлем жүйесін құруда тәжірибе алмасу мақсатында 2002 жылы ТМД елдері үшін Еуропа орталық банктері өкілдерінің қатысуымен екінші рет семинар өткізді.

2002 жылы төлем жүйесіндегі төлемдер саны 5,6%-ке 11,7 млн. трансакцияларға дейін, ал төлемдер сомасы – 50,3%-ке 15,5 трлн. теңгеге дейін көбейді. Осыған орай төлемдердің 28%-і, төлемдердің жалпы көлемінен 96% болатын сома банкаралық ақша аудару жүйесі арқылы (БААЖ) өткізілді. Банкаралық клирингтің үлесі төлемдердің жалпы көлемінде шамалы ғана, олардың саны барлық төлемдердің жартысынан астам және одан әрі өсу үрдісі бар.

Банкаралық клиринг арқылы жүргізілген төлемдер санының көбеюі БААЖ-нің тұрақтылығын арттыру үшін банкаралық клиринг жүйесіне барлық ұсақ төлемдерді аударуға бағытталған Ұлттық Банктің саясатына байланысты. Баға саясаты төлемдердің саны мен көлемін жанама реттеудің құралы болып қалуда. Төлем жүйесінде төлемдер сомасының ұлғаюына ең бастысы бағалы қағаздармен операциялардың ұлғаюы ықпал етті.

**Банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ).** 01.01.03 ж. БААЖ-де 72 пайдаланушы тіркелді, оның ішінде екінші деңгейдегі 40 банк, Қаржы Министрлігінің Қазынашылық комитеті және оның 16 облыстық (қалалық) басқармалары, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 13 ұйым, Ұлттық Банк және Кастодиан банк (Ұлттық Банктің Монетарлық операциялар департаменті).

2002 жылы БААЖ арқылы жалпы сомасы 14,8 трлн. теңгеге 3,2 млн. трансакциялар жүзеге асырылды. 2001 жылмен салыстырғанда төлемдер санының 13,9%-ке азаюы және төлемдер сомасының 52,3%-ке көбеюі байқалды.

Жоғары басым сипаттағы төлемдерді жүзеге асырудың тетігі болып табылатын БААЖ-де Қаржы министрлігінің және оның Қазынашылық облыстық басқармаларының бюджеттік төлемдері жүзеге асырылады. 2001 жылмен салыстырғанда Қазынашылықтың облыстық басқармаларының өңделген трансакциялар саны 3,7%-ке 746,4 мың трансакцияларға дейін, төлемдер көлемі – 9,5%-ке 1 501,2 млрд. теңгеге дейін көбейді.

**Банкаралық клиринг.** 2002 жылы банкаралық клирингті «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (ҚБЕО)» РМК және «Тимей» қаржы-өнеркәсіп компаниясы ЖШС-нің клиринг палатасы жүзеге асырды.

ҚБЕО банкаралық клирингінің қатысушылар саны - 50, оның 28-і екінші деңгейдегі банктер, Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті және оның 16 облыстық басқармалары, Ұлттық Банк, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық, Кастодиан банк, «ТАТ» кредиттік-депозиттік серіктестігі және «Казпошта» ААҚ.

Солтүстік Қазақстан облысындағы «Тимей» қаржы-өнеркәсіп компаниясы ЖШС қатысушыларының саны 5 болды, оның 3-і екінші деңгейдегі банктердің филиалы, 1-і Қазынашылықтың облыстық басқармасы, «Тимей» ҚӨК ЖШС.

2001 жылмен салыстырғанда банкаралық клирингтегі төлемдер саны 15,5%-ке 8,5 млн. құжатқа дейін, ал төлемдер сомасы – 17,5%-ке 685,7 млрд. теңгеге дейін көбейді.

Банкаралық клирингте ақша ағынының көбеюіне екі фактор себепші болды. Біріншіден, бұл – БААЖ-мен салыстырғанда тарифтердің айтарлықтай төмендеуі. Екіншіден – бюджет және зейнетақы төлемдерінің өсуі (Қаржы министрлігінің қазынашылықтары төлемдерінің 33,9 млрд. теңгеге немесе көбеюдің жалпы сомасынан 33,2%-ке, сондай-ақ Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы төлемдерінің 21,9 млрд. теңгеге немесе тиісінше 21,4%-ке өсуі).

Талданатын кезеңде Қазынашылықтың облыстық басқармалары банкаралық клиринг арқылы өткізген төлемдер саны мен сомасы 2001 жылмен салыстырғанда тиісінше 10,8%-ке және 20,8%-ке көбейді және 196,9 млрд. теңге сомасына 2139,8 мың құжат болды.

**Төлем карточкалары.** Қазіргі уақытта төлем карточкаларын шығаруға лицензиялар екінші деңгейдегі 19 банкте бар. Төлем карточкаларының эмитенттері: «Қазақстан Халықтық банкі» ААҚ, «ТұранӘлем Банкі» ААҚ, «Казкоммерцбанк» ААҚ, «АТФ Банк» ААҚ, «Нұрбанк» ААҚ, «БанкЦентрКредит» ААҚ, «АБН АМРО Банк Қазақстан» ЕАБ ЖАҚ, «Ситибанк Қазақстан» ЖАҚ, «Альфа банк» ЕБ ААҚ, «Банк Каспийский» ААҚ, «Қазақстан Наурыз банкі» ААҚ, «Техакабанк» ААҚ, «Евразийский банк» ЖАҚ, «Темірбанк» ААҚ.

Екінші деңгейдегі банктер жергілікті жүйе бойынша: Алтын кард - «Қазақстан Халықтық банкі» ААҚ-ның және «АТФ Банк» ААҚ-ның, SmartAlemCard - «ТұранӘлем Банкі» ААҚ-ның төлем карточкаларын, «Ситибанк Қазақстан» ЖАҚ-ның жергілікті карточкаларын және «Банк Каспийский» ААҚ-ның карточкаларын шығарады. Бұдан басқа, екінші деңгейдегі банктер халықаралық жүйедегі: Europay International, VISA International, American Express International, Diners Club International карточкаларын эмиссиялайды.

2003 жылдың басында айналыстағы төлем карточкаларының саны 1495,9 мың дана болды, оның ішінде жергілікті төлем карточкалары – 235,7 мың және халықаралық төлем карточкалары – 1260,2 мың дана (VI бөлімге 1-қосымша, 6.1.кесте).

Төлем карточкалары пайдаланылған трансакциялардың көлемі 2002 жылы 251 млрд. теңге болды, оның 3,8%-і трансакциялары сауда терминалдарында (қалғандары – қолма-қол ақша беру) жүзеге асырылды. Бұл орайда жүргізілген трансакциялар саны 21,0 млн. трансакциялар болды, оның ішінде 2,8%-і трансакциялар сауда терминалдарында (қалғандары – қолма-қол ақша беру) жүзеге асырылды.

Қазақстандық эмитент банктердің төлем карточкалары санының өсу үрдісі болғанымен, алайда, олар негізінен қолма-қол ақша алу үшін пайдаланылады. Төлем карточкаларын бөлшек саудада пайдалану арқылы қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жедел дамытуға кедергі келтіретін негізгі себеп тауарға немесе қызмет көрсетуге ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын сауда және сервис кәсіпорындарының жеткіліксіз саны болып табылады. 01.01.03 ж. 1763 кәсіпорын төлем карточкаларын тауарға немесе қызмет көрсетуге ақы төлеуге қабылдады. Төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін 3234 төлем терминалдары және 2051 импринтер, қолма-қол ақша алу үшін – 702 банкомат пайдаланылды.

Қолма-қол ақша айналымын тарылту, сондай-ақ Қазақстан Республикасында төлем карточкаларын дамыту мақсатында Үкіметтің 02.07.02 жылғы № 713 қаулысымен Микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін құру бағдарламасы бекітілді.

ТМД елдерінің трансшекаралық төлем жүйесін құру мақсатында “Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы” шаруашылық жүргізу құқығы бар Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының есеп айырысу орталығы базасында мемлекетаралық төлемдерді жүзеге асыру схемасы әзірленіп, Мемлекетаралық банктің қарауына жіберілді.

**Басқа да төлем құралдары.** 2002 жылы екінші деңгейдегі банктердің қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыруының негізгі тәсілі төлем тапсырмасы болды. 18,9 триллион теңгеге 15,8 млн. құжаттар өткізілді, бұл барлық төлем құралдарының жалпы саны мен сомасының 93,1%-ін және 96,7%-ін құрайды. Төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырудың басқа да тәсілдерінен инкассалық өкімге - тиісінше 1,8% және 2,3%, төлем карточкаларына - 3,4% және 0,05%, төлемдік талап-тапсырмасына - 0,7% және 0,2%, банк шотын тікелей дебеттеуге - 1,1% және 0,8% тиесілі.

## **VII. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТ**

Ұлттық Банк есепті жылы валюталық реттеу мен бақылауға, ақша төлемі мен аударымдарына, кредиттеуге, банк және сақтандыру қызметіне, бағалы қағаздар рыногына және жинақтаушы зейнетақы қорларына қатысты нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырды.

2002 жылы 23 Заң жобасы және 4 Президент Жарлығының жобасы әзірленді, оның ішінде:

- “Акционерлік қоғамдар туралы” заң жобасы (жаңа редакцияда). Осы Заң жобасын қабылдау бағалы қағаздардың қайталама рыногында акцияларды айналысқа жіберу тәртібін оңайлатуға, дивидендтер төлеу рәсімдерін реттеуге және акционерлік қоғамдардың төлем тәртібін арттыруға, акциялар шығаруды мемлекеттік тіркеу рәсімін жетілдіруге және тіркеу барысында құжат айналымын қысқартуға, бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейтуге және акционерлік қоғамның қызметін жетілдіруге мүмкіндік береді;

- “Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заң жобасы. Осы Заң жобасы жалпы алғанда заңды тұлғаларды және атап айтқанда акционерлік қоғамдарды тіркеу және қайта тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізуді болжайды;

- “Бағалы қағаздар рыногы туралы” заң жобасы (жаңа редакцияда). Заң жобасы Бағалы қағаздар рыногында субъектілердің қызметін реттеу жүйесін жетілдіру қажеттігіне байланысты әзірленді. Қазіргі уақытта Мәжілістің карауында жатыр.

- «Қаржылық қызмет көрсетуді мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің және онда қалыптасып отырған қатынастарды қадағалаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары. Осы заң жобаларына сәйкес қаржылық қызмет көрсетуді реттеу және қадағалауды Президент белгілейтін қаржылық қызмет көрсетуді мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Қазіргі уақытта министрліктер мен ведомстволардың ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып пысықталу үстінде;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы. Осы Заң жобасы Қазақстан Республикасы резиденттерінің меншікті және тартылған қаражатын тиімді пайдалануын арттыруға, валюталық реттеудің әкімшілік рәсімдерін жүйелендіруге және осы кезеңдегі қауіптілігі аз валюта операцияларына қатысты лицензиялау тәртібін өзгертуге бағытталған. Қазіргі уақытта министрліктермен және ведомстволармен келісу үстінде;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне вексель айналысы, ақша төлемі және аударымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар



енгізу туралы» заң жобасы (министрліктермен және ведомстволармен келісу үстінде);

- «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» заң жобасы;

- «Кредиттік бюро және кредит тарихын қалыптастыру туралы» заң жобасы (министрліктердің және ведомстволардың ұсыныстары ескеріле отырып пысықталу үстінде);

- «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы (қазіргі уақытта Мәжілісте);

- “Микрокредиттік ұйымдар туралы” заң жобасы (қазіргі уақытта қабылданған);

- «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына микрокредиттік ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» заң жобасы;

- “Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне микрокредиттік ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы” заң жобасы;

- «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заң жобасы (Мәжілістің қарауына енгізілді);

- «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы;

- «Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заң жобасы,

- «Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заң жобасы,

- «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заң жобасы;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы;

- “Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы” заң жобасы;

- “Мемлекеттік құпиялар туралы” Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы” заң жобасы(Үкіметке жіберілді);

- «Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру мәселелері» Президент Жарлығының жобасы (қол қойылды);

- “Президенттің 11.08.99 жылғы № 188 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы” Президент Жарлығының жобасы (қол қойылды).

Әділет министрлігінде Ұлттық Банктің мыналарға қатысты 73 нормативтік құқықтық актілері тіркелді:

- зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз ету, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту; зейнетақы қорлары салымшыларының құқықтары мен мүдделерін қорғау; “Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры” ЖАҚ инвестициялық

мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялаудың тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру;

- бағалы қағаздар рыногының жұмыс істеуінің айқындылық және тиімділік дәрежесін арттыру, бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау; Қазақстан Республикасының аумағына шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздарын айналысқа жіберу тәртібі; акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу тәртібі;

- валюталық реттеу және бақылау саласында нормативтік құқықтық актілерді және экспорт-импорт мәмілелері бойынша есеп беру нысандарын жетілдіру; валюта операцияларын жүргізу тәртібі; қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу тәртібін жетілдіру;

- банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету; банк қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру; екінші деңгейдегі банктердің, ломбардтардың, кредиттік серіктестіктердің, екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, ипотекалық компаниялардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

- сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бақылау және қадағалау функцияларын орындауды қамтамасыз ету; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын бақылау құқығын иеленуге рұқсат беру ережесі, қаржылық есеп нысандары мен есеп беру мерзімдеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру резервтерін есептеу әдісіне бірыңғай талаптар белгілеу; сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құқығын иеленуге рұқсат беру тәртібі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің, жарғылық және меншік капиталының ең аз мөлшерлері, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын құруға рұқсат беру үшін ұсынылған құжаттардың мазмұнына талаптар;

- бухгалтерлік есепті жетілдіру және екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептің халықаралық стандарттарына өтуін қамтамасыз ету; банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептік ақпараттарын бірегейлендіру; екінші деңгейдегі банктерде бухгалтерлік есепті жетілдіру;

- Қазақстан Республикасы төлем жүйесінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; қолма-қол жасалмайтын ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; чектерді және чек кітапшаларын беру және пайдалану рәсімдерін жетілдіру, төлем карточкаларын пайдалану мониторингі; клиринг ұйымдарының қызметін инспекциялау тәртібі, қолма-қол жасалмайтын ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыруды реттеу;

- Ұлттық қорды сенімгерлікпен басқару тиімділігін қамтамасыз ету.

2002 жылдың ішінде Ұлттық Банк қызметтің әр түрлі саласын, атап айтқанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, мемлекеттік мүлік, кеден ісі мәселелері, заңсыз жолмен алынған кірістерді жария етуге қарсы іс-әрекеттерді, жарнаманы, бөлшек сауданы жүзеге асыруға және қолма-қол шетел валютасына қызмет көрсетуге байланысты қызметке қойылатын біліктілік талаптарын, статистикалық есепті, ақпараттандыруды, электронды құжатты және электронды сандық қол қоюды, бухгалтерлік есепті, әкімшілік құқық бұзушылықтарды, зейнетақымен қамсыздандыруды және басқаларын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің 153 жобасы бойынша қорытынды берді.

## **VIII. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ҚАРЖЫ РЫНОГЫНДАҒЫ АХУАЛДЫ ТҮСІНДІРУ**

### **8.1. Халықаралық ынтымақтастық**

2002 жылы Ұлттық Банктің халықаралық қызметі алыс шетелдермен, ТМД және Балтық елдерімен, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастықты одан әрі күшейтуге бағытталды.

Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасында Тәжікстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Үкіметі берген мемлекеттік кредиттің құрылымын өзгерту туралы Келісімді әзірледі және қол қойды. Келісім 02.12.02 жылы бекітілді.

Ұлттық Банк қазақстан-қытай, қазақстан-польша, қазақстан-германия, қазақстан-иран, қазақстан-словакия, қазақстан-эмират, қазақстан-әзірбайжан, қазақстан-грузин, қазақстан-украина, қазақстан-өзбек үкіметаралық комиссияларының, қазақстан-италия бірлескен жұмыс топтарының жұмыстарына қатысты.

Ұлттық Банк “Fitch Ratings”, “Moody’s Investors Service” және “Standard & Poor’s” халықаралық рейтинг агенттіктері миссияларының жұмысын ұйымдастырды.

Сондай-ақ Ұлттық Банк Қазақстан Республикасында Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің Елдерді экономикалық талдау департаментінің тәуелсіз тәуекелді бағалау жөніндегі миссиясын ұйымдастыруға қатынасты. Ұлттық Банк шетел делегацияларын қабылдауға байланысты хаттамалық іс-шаралар ұйымдастыруды үнемі жүргізеді. Есепті кезеңде 117 кездесу дайындалды және өткізілді.

2002 жылғы 16-18 қыркүйек аралығында “ТМД және Балтық мемлекеттерінің банк жүйесін реформалау” конференциясы өткізілді, оған ТМД және Балтық елдері орталық банктерінің, Қазақстан қаржы топтарының басшылары қатысты. ТМД және Балтық елдеріндегі банк жүйесін реформалау мәселелері, сондай-ақ ТМД мемлекеттері ынтымақтастығының негізгі аспектілері талқыланды.

Ұлттық Банктің бастамасы бойынша ЕурАз Экономикалық кеңесін құру туралы Шартқа қатысушы-мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшыларының Кеңесі шеңберінде валюталық реттеу және бақылау мәселелері бойынша Сарапшылар жұмыс тобы құрылды, оның алғашқы мәжілісі Алматы қаласында 2002 жылғы 3-4 желтоқсанда өтті. Сондай-ақ ЕурАзЭК-не қатысушы-мемлекеттердің ақша-кредит саясаты және қаржы рыноктарының мәселелері бойынша Шолу кестесі дайындалды және бекітілді, ЕурАзЭК мемлекеттерінің орталық (ұлттық) банктерінің ақша-кредит саясаты, ЕурАзЭК елдеріндегі валюталық реттеу және бақылау, Қазақстан Республикасының банк жүйесін дамыту және реформалаудың негізгі бағыттары, Қазақстан Республикасы төлем жүйесінің қызмет етуі туралы материалдар дайындалды.

Бұдан басқа, ДСҰ-на (Дүниежүзілік сауда ұйымына) кіру мақсатында ЕурАзЭК-не мүше-мемлекеттермен Қазақстан Республикасының өзара іс-әрекет ету мәселелері бойынша, ЕурАзЭК-не қатысушы-мемлекеттердің шаруашылық субъектілерінің арасындағы төлем жасамау проблемасы бойынша ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен өзара қарым-қатынасының тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды дайындау жүзеге асырылды.

ЕурАзЭК Парламентаралық Ассамблеясы, ТМД Атқару Комитеті, Мемлекетаралық Банк, Мемлекетаралық Валюта Комитеті, Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкі шеңберінде жұмыс жүргізілді. Ұлттық Банк КСРО-ның Сыртқыэкономбанкіндегі Қазақстан Республикасының жеке және резидент-заңды тұлғаларының оқшауланған шоттары бойынша берешекті реттеу, бұрынғы КСРО елдерімен Қазақстан Республикасының борыштық міндеттемелері мен талаптарын реттеу бойынша жұмысты одан әрі жалғастырды.

Ұлттық Банк негізгі борыш сомасына ақы төлеуді және ХҚҚДБ LN 3642 KZ заемы бойынша сыйақы (мүдде) мен комиссия сомаларын төлеуді, сондай-ақ “Цеснабанк” ААҚ-ның пайдаланылмаған қалдықтарының шоттарын төлеу және жою бойынша жүргізілген операциялар шоттарында көрсетуді жүзеге асырды.

Ұлттық Банк ХҚҚДБ 3867-KZ және 3642-KZ заемдарын жабу жөніндегі жұмысты жүзеге асырды. ХҚҚДБ LN 3867 KZ заемына қорытынды аудит жүргізілді. Қазақстанның жеке меншік секторындағы Азия даму банкінің операциялары бойынша Шектелген Келісімнің жобасы қаралды, ХҚҰ-ның жарғылық капиталына жазылу бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау жөніндегі жұмыс жүргізілді. ХВҚ-на мүшелік шеңберінде Ұлттық Банктегі ХВҚ-ның шотындағы қалдықтар бойынша ай сайын салыстырып тексеру жүргізілді.

Ұлттық Банк ХВҚ-ның құжаттары бойынша дауыс беруді жүзеге асырды.

## **8.2. Ұлттық Банктің қызметін түсіндіру**

2002 жылы Ұлттық Банк Қазақстанның және шет елдердің ақпарат кеңістігінде 2001 жылға қарағанда кеңінен таныстырылды. Ұлттық Банк басшылары мен қызметкерлерінің сөйлеген сөздерінің саны 25%-ке көбейді. Бір жыл ішінде Ұлттық Банк мынадай басылымдарды жариялауды жалғастырды: Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы, Вестник Национального Банка Казахстана, Статистикалық Бюллетень/ Статистический Бюллетень/Statistical Bulletin, Төлем балансы/Платежный баланс, Экономикалық шолу/Экономическое Обозрение, Жылдық есеп (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің жинағы.

**Ақпарат саясатының басым бағыттары.** Ұлттық Банк басшылары мен қызметкерлерінің 489 жарияланыммен сөз сөйлеуі ұйымдастырылды. Телевидениеде – 103, “Қазақ радиосының” тікелей эфирінде – 48, баспасөз беттерінде және ақпарат агенттіктерінің таспаларында – 338 жарияланым болды. Оның ішінде, шетелдік БАҚ-на 18 жарияланым орналастырылды. “Казахстанская правда” газетінде “Национальный Банк Республики Казахстан и информирует, разъясняет, комментирует” деген 12 ай сайынғы арнайы бет жарияланды, онда банк басшылары мен қызметкерлерінің 61 мақаласы және сұхбаты бар. Ұлттық Банк қызметінің түрлі бағыттар бойынша БАҚ-на 851 хабар берілді. Ұлттық Банктің 16 баспасөз конференциясы, журналистер үшін 1 брифинг ұйымдастырылды. 38 баспасөз релизі таратылды.

Ұлттық Банктің 9 ақпараттық хабары дайындалды және таратылды. Он газеттегі жалған хабарға 21 түсінік жіберілді.

Қазақстан қаржы секторы және банк жүйесі туралы материалдар орналастырылған қазақстандық және шетелдік БАҚ-на мониторинг тұрақты жүргізілді. 14322 хабар мен сюжеттер анықталып, талдау жасалынды. Ұлттық Банктің басшылары үшін апта сайын 49 “БАҚ-қа шолу” дайындалды.

**PR-қызметінің басым бағыттары.** Мынадай PR-акциялар ұйымдастырылды: “Умай” жаңа металл ақшаны таныстыру, “Домбыра” жаңа металл ақшаны таныстыру, журналистер үшін семинар, “Дом на набережной” жобасын таныстыру.

Ұлттық Банк Төрағасының: Халықаралық бизнес университетінің, “Тұран” университетінің, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің, Халықаралық Бизнес Академиясының студенттерімен кездесуі ұйымдастырылды. “Национальный Банк представляет Казахстан” CD-дискілері, “Национальный Банк представляет Казахстан” фотоальбомдары, “Национальный Банк поздравляет” эксклюзивті қабырға күнтізбелері сияқты кәдесыйлық өнімдерін дайындау ұйымдастырылды.

## **IX. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ**

2002 жылы Ұлттық Банк бухгалтерлік есеп жүйесін қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – ҚЕХС) көшіру бойынша жұмысты жүзеге асырды. Сонымен, осы жұмыстың шеңберінде, Ұлттық Банк Қаржы министрлігімен бірлесе отырып бухгалтерлік есеп жүйесін ҚЕХС-на жақындатуға ықпал ететін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру мәселелері бойынша заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Қаржы министрлігімен бірлесіп, Үкіметтің «ҚЕХС-на сәйкес қаржылық есебі 01.01.03ж. бастап жасалатын ұйымдарды айқындау ережесін бекіту туралы» қаулысын әзірледі. 2002 жылы Ұлттық Банк арнайы Қазақстан Республикасы үшін ҚЕХС-ын мемлекеттік және орыс тілдеріне ресми аудару сараптамасын жүргізу бойынша жұмыс тобының жұмысына белсене қатысты. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде бухгалтерлік есептің Үлгі шоттар жоспары және екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасау үшін жан-жақты шоттары бар бухгалтерлік есептің Үлгі шоттар жоспары Ұлттық Банк Басқармасында бекітілді және Әділет министрлігінде тіркелді. «Сақтандыру ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп» Әдістемелік ұсынымдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қаржы министрлігі мен Ұлттық Банктің «Валюталарды айырбастаудың рыноктық бағамын айқындау тәртібін белгілеу туралы» бірлескен бұйрығы дайындалды.

2002 жылы қаржылық лизингті есепке алу, ипотекалық тұрғын үй банктік заемдары бойынша операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету, корпоративтік төлем карточкаларымен операцияларды есепке алу, жарияланған жарғылық капиталдың мөлшеріндегі өзгерістерді көрсету, теңгенің шетел валютасына орташа алынған биржалық бағамын қолдану, сенімгерлік операциялар, қымбат металдардан жасалған ұлттық валютаның металл ақшаларымен операциялар, таратылатын сақтандыру ұйымдары мен банктердегі бухгалтерлік есеп бойынша ұсынымдар, Басқарманың Төрағасы және бас бухгалтері, сондай-ақ филиалдың басшысы мен бас бухгалтері ауысқан кезде екінші деңгейдегі банктің мүлкін, міндеттемелері мен құжаттарын қабылдау-өткізу бойынша ұсынымдар қайта қаралды, ҚЕХС-н ескере отырып әзірленді және екінші деңгейдегі банктерге ұсынымдарды жұмыста пайдалану үшін жіберілді. Қаржылық, реттеуші және статистикалық есептерді жетілдіру мақсатында қаржылық (реттеуші) есеп нысандарының саны (42-ден 21-ге) азайтылды және оларды ҚЕХС-на сәйкес келтіру үшін қолданылып жүрген нысандардың мазмұны қайта қаралды. Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың есеп саясатын жасау бойынша ұсыныстардың жобалары, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың меншікті қаражаттарын есепке алу бойынша үлгі бухгалтерлік жазбалардың жобалары және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін есепке алу бойынша үлгі бухгалтерлік жазбалардың жобалары әзірленді. Бұдан басқа, қаржы рыногы субъектілерінің ҚЕХС-на сәйкес қаржылық есеп жасауға

көшуіне байланысты ҚЕХС қолдану бойынша лекция материалдарының жобалары әзірленді.

2002 жылы банктік компьютер жүйесі (БКЖ) бойынша қорытынды беру жөніндегі Ұлттық Банктің тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының жұмысы шеңберінде Қазақстан Республикасы аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискалды жады бар бақылау-кассалық машиналардың модельдерін Мемлекеттік тізілімге қосу үшін банктердің БКЖ-сі қаралды және оларға тиісті қорытынды берілді. Сонымен бірге “Банктік компьютер жүйесі бақылау чегінің нысаны мен мазмұнын белгілеу туралы” қаулы Ұлттық Банк Басқармасында бекітілді және Әділет министрлігінде тіркелді. 2002 жылы Ұлттық Банк Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмысқа қатысты, оның ішінде 01.01.03ж. бастап салық есебінде шетел валютасындағы операцияларды көрсету валюта айырбастаудың рыноктық бағамы бойынша жүзеге асырылады.

Ұлттық Банкте қолданылатын бухгалтерлік есептің әдістері, шетел валютасымен және қымбат металдармен дилинг операцияларын, салымдық және заемдық операцияларды, бағалы қағаздар және бухгалтерлік есепте спот, туынды қаржы құралдарын көрсету тәртібін айқындайтын ішкі рыноктағы клиенттердің активтерін сенімгерлік басқаруды есепке алу жөніндегі нормативтік актілер пысықталды, сондай-ақ проценттің тиімді ставкасын пайдалану арқылы әділ (рыноктық) құн бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау пайдаланылды. Тауар-материалдық құндылықтарды, негізгі құрал-жабдықтарды, материалдық емес активтерді, тазартылмаған қымбат металдарды, дебиторлық және кредиторлық берешектерді бухгалтерлік есепке алу жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді.

Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы Ұлттық қор активтерін есепке алуды қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестендіру мақсатында Ұлттық қор активтерін сенімгерлік басқару бойынша операцияларды есепке алу тәртібін реттейтін нормативтік құжат әзірленді және бекітілді. Оған: бухгалтерлік есеп әдістері, үлгі жоспар, операцияларды есепке алу тәртібі туралы нұсқаулық және қаржылық есеп беру нысандары кіреді.

Бұдан басқа, 2002 қаржы жылында Ұлттық Банк филиалдарының тауар-материалдық құндылықтармен, дебиторлық және кредиторлық берешектермен, кірістермен және шығыстармен операцияларын орталықтандыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта эмиссиялық-кассалық операцияларды, сондай-ақ шетел валютасындағы және теңгедегі ағымдағы шоттарды орталықтандыру бағдарламаларының негізін қалайтын аспектілерге пысықтау жүргізілуде. Ұлттық Банктің шоғырландырылған есебін, оның ішінде Ұлттық Банктің ұйымдары бойынша жиынтық есепті қалыптастыру барысына автоматтандыру жүргізілді.



## **Х. ҚАРЖЫ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР**

### **10.1. Ұлттық Қорды басқару**

Ұлттық қордың таза активтері 01.01.02ж. жағдай бойынша 189 764,4 млн. теңге болды. 2002 жылдың соңында Ұлттық қордың таза активтері 298 944,1 млн. теңгені құрады. Сонымен бірге Ұлттық қордың таза активтерінің өсуі 2002 жылы 57,5% болды және негізінен Қаржы министрлігінен келіп түскен қаражаттар есебінен құрылды.

Ұлттық қор қызметінен түскен жинақталған кіріс 2002 жылы 7 707,0 млн. теңге болды. Бір жыл ішінде Ұлттық қорға Қаржы министрлігінен 54 418,5 млн. теңге түсті. 2002 жылғы сәуір және мамыр айларында Ұлттық қордың валюталық шотына Үкіметтің арнайы шотынан жалпы сомасы 49 055,3 млн. теңге (321,2 млн. АҚШ доллары) валюта қаражаты аударылды.

2002 жылы Ұлттық Банк жалпы сомасы 56 830,0 млн. теңгені АҚШ долларына айырбастады.

Айырбастау Ұлттық Банктің айырбастау күнгі ресми бағамы бойынша жүргізілді (10.1.1- кесте).

#### **Түскен теңгені АҚШ долларында айырбастау**

*10.1.1-кесте*

	сомасы, млн. теңге	Теңге/АҚШ долларына айырбастаудың орташа алынған бағамы	сомасы, млн. АҚШ доллары
I тоқсан	9 972,0	151,47	65,8
II тоқсан	7 193,6	152,87	47,1
III тоқсан	6 092,2	153,99	39,5
IV тоқсан	33 572,2	154,44	217,4
2002 жыл үшін жиынтығы	56 830,0	153,67	369,8

2002 жылда Ұлттық қорды басқару бойынша жалпы шығыстар 367,6 млн. теңге болды.

Барлығы 2002 жылдың ішінде Ұлттық қордың теңгелік шотынан жалпы сомасы 2 245,4 млн. теңге шығыс жүргізілді. Оның ішінде 2 001,1 млн. теңге республикалық және жергілікті бюджет залалын өтеу және 244,3 млн. теңге Ұлттық қорды басқаруға байланысты шығыстарды жабу үшін және жыл сайын сыртқы аудит жүргізу үшін аударылды.

Ұлттық қордың валюталық портфелінің жалпы рыноктық құны 2002 жылғы 31 желтоқсанда 1 919,2 млн. АҚШ долларына тең болды, оның ішінде тұрақтандыру портфелі – 640,0 млн. АҚШ доллары (33,35%) және жинақ портфелі – 1279,2 млн. АҚШ доллары (66,65%). Ұлттық қор портфелінің құрамына кіретін бағалы қағаздардың рыноктық құны ABN AMRO Mellon Global Securities Services ( 10.1.2,10.1.3, 10.1.4 кест.) Ұлттық Банк кастодиан-банкiнiң деректерiне негiзделедi.

## Ұлттық қор активтерінің бөліну құрылымы

*10.1.2- кесте*

	тұрақтандыру портфелі		жинақ портфелі		Барлығы	
	млн. АҚШ долл.	%	млн. АҚШ долл.	%	млн. АҚШ долл.	%
Ақша және ақша рыногының құралдары	517,0	80,77	66,6	5,21	583,5	30,41
Белгіленген кірісі бар бағалы қағаздар	123,0	19,23	924,8	72,29	1 047,9	54,60
Акциялар	–	–	287,8	22,50	287,8	15,00
Барлығы	640,0	100,00	1 279,2	100,00	1 919,2	100,00

## Ұлттық қордың тұрақтандыру портфелі активтерінің бөліну динамикасы

*10.1.3-кесте*

%, (АҚШ долларында көрсетілген құны бойынша)

	31.12.01ж.	31.03.02ж.	30.06.02ж.	30.09.02ж.	31.12.02ж.
Облигациялар	99,28	85,14	26,80	23,13	19,23
Ақша және ақша рыногының құралдары	0,72	14,86	73,20	76,87	80,77
<b>Тұрақтандыру портфелінің барлығы</b>	100	100	100	100	100

## Ұлттық қордың жинақ портфелі активтерінің бөліну динамикасы

*10.1.4-кесте*

%, (АҚШ долларымен көрсетілген құны бойынша)

	31.12.01ж	31.03.02ж	30.06.02ж	30.09.02ж	31.12.02ж
Ақша және ақша рыногының құралдары	-	5,26	4,95	5,20	5,21
Белгіленген кірісі бар бағалы қағаздар	-	55,26	59,14	73,30	72,29
Акциялар	-	39,48	35,91	21,50	22,50
<b>Жинақ портфелінің барлығы</b>	-	100,00	100,00	100,00	100,00

Ережеге сәйкес Ұлттық қордың белгіленген кірісі бар бағалы қағаздар портфелінің 80%-нен аспайтын және акция портфелінің кем дегенде 80%-і сыртқы басқаруға берілуге тиіс. Ұлттық қордың бір сыртқы басқарушыға беретін активтерінің рыноктық құны 150 млн. АҚШ долларынан аспауы керек. Ең алдымен, әңгіме жинақ портфелін басқару туралы болып отыр: акциялар (Global Equities) және белгіленген кірісі бар бағалы қағаздар (Global Fixed Income). 2002 жылы Ұлттық Банк Global Fixed Income мандат түрі бойынша қосымша сыртқы басқарушыларды таңдау бойынша тендер өткізді. 2 сыртқы басқарушыны таңдады: Union Bank Privee және ABN AMRO Asset Management. Сондай-ақ US Cash Management мандат түрі бойынша Ұлттық қор активтерінің бір бөлігін басқаруға (тұрақтандыру портфелі) тендер өткізілді. Тендердің

қорытындысы бойынша Citigroup Asset Management компаниясы таңдап алынды.

Портфель параметрлерін Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру Ережесінің өзгерістерімен сәйкестендіру үшін Тұрақтандыру портфелінен Жинақ портфеліне бағалы қағаздарды аудару:

- 19 тамызда 149,9 млн. АҚШ доллары сомасына Union Bank Privee сыртқы басқаруына осы активтерді беру арқылы;

- 30 тамызда 210,4 млн. АҚШ долларына, оның ішінде 150,0 млн. АҚШ доллары ABN AMRO Asset Management компаниясының басқаруына одан әрі беру арқылы жүзеге асырылды.

2002 жылдың аяғындағы жағдай бойынша Ұлттық қордың жинақ портфелінің 75%-і – белгіленген кірісі бар бағалы қағаздар портфеліне және 25% – акциялар портфеліне бөлінеді. Жинақ портфелі үшін эталондық портфель “Salomon World Government Bond Index 80% USD hedged (SWGBI 80% USD hedged) және “Morgan Stanley Capital International World Index excluding Energy” (MSCI World Index ex. Energy) индекстері болып табылады.

“SWGBI 80% USD hedged” индексі белгіленген кірісі бар бағалы қағаздардың эталондық портфелі болып табылады, осы индексті АҚШ долларына қатысты 80%-ке хеджирлеу валюта айырбас бағамының өзгерістерінен портфельдің рыноктық құнының ауытқуларын азайту мақсатында жасалды.

“MSCI World Index ex. Energy” индексі акциялар портфелінің эталондық портфелі болып табылады. Энергетика секторын индекстен алып тастау мұнай бағасымен өзара байланыстылықты (корреляцияны) азайтуға арналған.

“SWGBI 80% USD hedged” индексіне 19 елдің облигациясы енеді, ал “MSCI World Index ex. Energy” индексіне өнеркәсібі дамыған 23 елдің компанияларының акциясы кіреді.

2002 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мынадай өзгерістер қолданысқа енгізілді:

Salomon 6-month US Treasury Bill Index индексінің орнына Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index жаңа индексі қолданысқа енгізілді;

60%-ке SWGB Index 80% USD hedged және 40%-ке MSCI World Index excluding Energy жинақ портфелі үшін эталондық индексте акциялар мен облигациялардың ара қатынасы өзгерді:

- (SWGB Index 80% USD hedged) облигацияларының үлесі 60%-тен 75%-ке дейін көбейді;

(MSCI World Index excluding Energy) акцияларының үлесі 40%-тен 25%-ке дейін төмендеді.

Сыртқы басқарушының басқаруындағы клиенттердің жиынтық активтеріне талаптар 100 млрд. АҚШ долларынан 50 млрд. АҚШ долларына балама сомаға төмендеді.

**Ұлттық қор активтерін басқарудағы кірістілік.** 2002 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін тұрақтандыру портфелінің кірістілігі 2,46% болды, бұл эталондық портфель (Salomon 6-month US Treasury Bill Index 2002

жылғы 1 қаңтардан 31 тамызға дейін және Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін) кірістілігінен 0,42%-ке жоғары (10.1.5, 10.1.6-кесте).

**Эталондық портфельге қатысты тұрақтандыру портфелі кірістілігінің салыстырмалы кестесі**

*10.1.5-кесте*

	портфель	эталон	жоғары кірістілік
I тоқсан	0,47	0,54	-0,07
II тоқсан	0,74	0,47	0,27
III тоқсан	0,65	0,54	0,11
IV тоқсан	0,59	0,48	0,11
2002	2,46	2,04	0,42

**Эталондық портфельге қатысты жинақ портфелі кірістілігінің салыстырмалы кестесі**

*10.1.6-кесте*

	портфель	эталон	жоғары кірістілік
I тоқсан	-1,47	-1,26	0,21
II тоқсан	-0,90	-1,07	0,17
III тоқсан	-2,67	-2,91	0,24
IV тоқсан	3,28	3,29	-0,01
2002	-1,84	-2,04	0,20

2002 жылғы 7 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін жинақ портфелінің кірістілігі (-)1,84% болды. 2002 жылғы 7 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін эталондық портфельдің кірістілігі (-) 2,04% болды. (60%-Salomon World Government Bonds Index 80% USD hedged және 40% MSCI World excluding Energy 7 қаңтардан 31 тамызға дейін және 75%-Salomon World Government Bonds Index 80% USD hedged және 25% MSCI World excluding Energy 2002 жылғы 1 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін). 2002 жылы жинақ портфелінің жоғары кірістілігі – 0,20%-ке оң болды.

Облигациялар үшін эталондық портфельдің кірістілігі 7 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін 9,97%, ал акциялар үшін (-)21,68% болды.

Ұлттық қор портфелінің кірістілігі Күн сайынғы қайта бағалау әдісімен есептелді. Кірістілікті есептеу методологиясы принципалдың рыноктық құнының күн сайынғы өзгеруі ретінде кірістілікті есептеуге негізделеді. Портфель кезеңнің басында және соңында рыноктық баға бойынша бағаланады. Портфельдің рыноктық құнына кірістер, жинақталған сыйақы және негізгі капиталдың амортизациясы кіреді. Келесі жұмыс күнінің басындағы рыноктық құнға ақшаның барлық келуі мен әкетілуі енгізіледі.

**10.2. Ұлттық Банк клиенттеріне қызмет көрсету бойынша кастодиандық, брокерлік және басқа да қызмет**

"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" (МЖЗҚ) ЖАҚ-на кастодиандық қызмет көрсету. Есепті жылы МЖЗҚ-ның кастодиан-банкі болып табылатын Ұлттық Банк 1999 жылғы 1 ақпанда жасалған № 148

кастодиан шартына сәйкес қызмет көрсетуді жалғастырды. МЖЗҚ-ның кастодиандық шотына 241,4 млрд. теңге сомаға қаражат түсті. Оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары 6,7%-ті, басқа жинақтаушы зейнетақы қорларынан аударымдар – 0,2%-ті құрады, инвестициялар аяқталғаннан кейін қайтарылғаны – 92,3% болды. Сол уақытта, МЖЗҚ-ның тапсырмасы бойынша кастодиандық шоттан 241,9 млрд. теңге сомасында қаражат есептен шығарылды. Оның ішінде жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу – 0,6%, жинақталған зейнетақы қаражаттарының мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдары – 2,9%, инвестицияларға орналастырылғаны – 95,7% болды. Кастодиандық сақтаудағы МЖЗҚ активтерінің сомасы 01.01.03ж. жағдай бойынша 73213,4 млн. теңге болды - өткен жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда 34,7%-ке көбейді.

**“Бағалы қағаздар Орталық Депозитарийі” ЖАҚ-на кастодиандық қызмет көрсету.** 1999 жылғы 25 қарашада жасалған № 522 кастодиан шартына сәйкес Ұлттық Банк 2002 жылы “Бағалы қағаздар Орталық Депозитарийі” ЖАҚ-на кастодиандық қызмет көрсетті. Шарттың талаптарын негізге ала отырып, Ұлттық Банк “Бағалы қағаздар Орталық Депозитарийі” ЖАҚ-ның өкімдері негізінде нақтылы ұстауға/ нақтылы ұстаудан шетел валютасында номинирленген бағалы қағаздарды аударуды/шығаруды жүзеге асырды. Ұлттық Банктің нақтылы ұстауындағы бағалы қағаздардың көлемі бір жыл ішінде 112,5%-ке өсіп, 11 237,5 млн. теңгеге жетті.

**"Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ-на кастодиандық қызмет көрсету.** Есепті жылы "Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ-мен 2002 жылғы 5 наурызда № 106 кастодиан шартына қол қойылды. "Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ бір жыл ішінде 2,5 есеге көбейіп, 01.01.03ж. жағдай бойынша мөлшері 46 887,7 млн. теңге болған активтерді дербес басқаруды жүзеге асырады. "Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ-ның активтерін мемлекеттік қана емес, сондай-ақ корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялауға байланысты Ұлттық Банк ағымдағы жылы корпоративтік облигацияларды кастодиандық сақтауға кірісті.

**"Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ-на брокерлік қызмет көрсету.** Брокерлік қызмет көрсету туралы 05.06.01ж. жасалған № 281 шартқа сәйкес Ұлттық Банк "Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ-на брокерлік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетуді жалғастырды. Сонымен бірге "Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ-ның ішкі рыноктағы мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға брокерлік өтініштері орындалды. "Қазақстан Даму банкі" ЖАҚ-ның меншікті портфелі арқылы белсенді дербес басқарылуы нәтижесінде брокерлік өтініштердің көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда 2 есеге қысқарды және 150,5 млн. теңгені құрады.

**«Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры» ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету.** 2002 жылы Ұлттық Банк ақшаны және бағалы қағаздар портфелін сенімгерлік басқару туралы 09.07.01ж. жасалған № 341 келісімге сәйкес "Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетуді жалғастырды.

2002 жылы сенімгерлік басқаруға түскен қаражат сомасы 1 392,6 млн. теңге болды. "Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры" ЖАҚ-ның сенімгерлік басқаруға қабылданған қаражаты Үкімет пен Ұлттық Банк эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылды. "Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры" ЖАҚ-ның Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы активтерінің сомасы 01.01.03ж. жағдай бойынша 3 657,6 млн. теңге болды, бұл өткен жылғы осындай көрсеткіштен 60,3%-ке асып түсті.

2002 жылы сенімгерлік басқарудан алынған қаражаттың жалпы көлемі 16,7 млн. теңге болды.

**"Қазақстан ипотекалық компаниясы" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету.** Ақшаны және бағалы қағаздар портфелін сенімгерлік басқару туралы 26.06.01ж. жасалған № 314 келісімге сәйкес есепті жылы Ұлттық Банк "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету бойынша қызметті жалғастырды.

Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруына берілген қаражаттың жалпы сомасы 441,5 млн. теңге болды. Қабылданған қаражат Үкімет пен Ұлттық Банк эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылды. "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ЖАҚ-ның Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы активтердің сомасы 01.01.03 ж. жағдай бойынша 950,8 млн. теңге болды. Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы активтердің сомасы өткен жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда небары 1,2%-ке өсті.

2002 жылы сенімгерлік басқарудан алынған қаражаттың жалпы көлемі 402,6 млн. теңге болды.

**"Процессинг орталығы" ЖАҚ-на сенімгерлік қызмет көрсету.** 2002 жылы ақшаны және бағалы қағаздар портфелін сенімгерлік басқару туралы 11.07.01ж. жасалған № 289 келісімге сәйкес "Процессинг орталығы" ЖАҚ-на қызмет көрсету жалғасты.

2002 жылы "Процессинг орталығы" ЖАҚ-нан сенімгерлік басқаруға 111,2 млн. теңге түсті, олар Үкімет пен Ұлттық Банк эмиссиялаған мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестицияланды. "Процессинг орталығы" ЖАҚ-ның Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы активтерінің сомасы 01.01.03ж. жағдай бойынша 532,8 млн. теңге болды, бұл өткен жылғы осындай көрсеткіштен 8,8%-ке асып түсті.

2002 жылы сенімгерлік басқарудан алынған қаражаттың жалпы көлемі 67,8 млн. теңге болды.

**Сенімгерлік басқару, кастодиан-банк және брокер функцияларын орындаудан кірістер, шығыстар.** «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» ЖАҚ-на (01.02.99ж. № 148 шарт), «Бағалы қағаздар Орталық депозитарийі» ЖАҚ-на (25.11.99ж. № 522 шарт) және «Қазақстан Даму банкі» ЖАҚ-на (05.03.02ж. № 106 шарт) кастодиандық қызмет көрсетуден түскен кірістер 74,5 млн. теңге мөлшерінде болды. Сонымен бірге Ұлттық Банктің шығындарын өтеу сомасы 22,0 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

## Кастодиандық қызмет бойынша негізгі көрсеткіштер

*10.2.1-кесте*

клиенттің атауы	кастодиандық сақтаудағы активтер сомасы		кірістер сомасы		ҚРҰБ-нің өтелген шығындар сомасы	
	01.01.02ж	01.01.03ж	01.01.02ж	01.01.03ж	01.01.02ж	01.01.03ж
«Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» ЖАҚ	54 334,3	73 213,4	59,0	48,1	-	11,9
««Бағалы қағаздар Орталық депозитарийі» ЖАҚ	9 988,5	11 237,5	8,7	9,5	-	1,6
«Қазақстан Даму банкі» ЖАҚ	18 638,0	46 887,7	-	16,9	3,7	8,5
<b>Жиынтығы</b>	<b>82 960,8</b>	<b>131 338,6</b>	<b>67,7</b>	<b>74,5</b>	<b>3,7</b>	<b>22,0</b>

«Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» ЖАҚ ұсынған қызмет көрсетулерден кіріс мөлшерінің төмендеуі және «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» ЖАҚ мен «Бағалы қағаздар Орталық депозитарийі» ЖАҚ-дағы өтелген шығындар сомаларының туындауы Ұлттық Банк Директорлар кеңесінің «Ұлттық Банк Директорлар кеңесінің 12.06.97ж. № 212 қаулысымен бекітілген, Ұлттық Банктің шетел валютасымен және қымбат металдармен операциялар жүргізу жөніндегі тарифтері мен талаптарына толықтырулар енгізу туралы» қаулысына байланысты болды.

«Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры» ЖАҚ-на (09.07.01ж. №341 келісім), «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ЖАҚ-на (26.06.01ж. № 314 келісім) және «Процессинг орталығы» ЖАҚ-на (11.07.01ж. №289 келісім) ақшаны және бағалы қағаздар портфелін сенімгерлік басқару бойынша қызмет көрсетуден түскен кірістер есепті жылы 5,0 млн. теңге мөлшерінде болды, ал Ұлттық Банктің шығындарын өтеу сомасы 22,0 млн. теңгені құрады, оның ішінде:

## Сенімгерлік қызмет бойынша негізгі көрсеткіштер

*10.2.2-кесте*

клиенттің атауы	сенімгерлік басқарудағы активтердің сомасы		кірістер сомасы		ҚРҰБ-нің өтелген шығындар сомасы	
	01.01.02ж.	01.01.03ж.	01.01.02 ж.	01.01.03 ж.	01.01.02 ж.	01.01.03ж.
«Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру қоры» ЖАҚ	2 282,4	3 657,6	2,6	3,5	1,1	1,8

«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ЖАҚ	939,4	950,8	1,1	1,1	0,5	0,5
«Процессинг орталығы» ЖАҚ	489,5	532,8	0,3	0,4	0,2	0,3
Жиынтығы	3 711,3	5 141,2	4,0	5,0	1,8	2,6

Брокерлік қызмет көрсету туралы 05.06.01ж. жасалған № 281 шартқа сәйкес «Қазақстан Даму банкі» ЖАҚ – на брокерлік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсетуден 2002 жылы түскен кіріс сомасы 2001 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық төмендеді. Оған «Қазақстан Даму банкі» ЖАҚ-ның ақша қаражатын дербес инвестициялау туралы шешімі себеп болды, өйткені Ұлттық Банк сатып алатын қаржы құралдарының тізбесі тек қана мемлекеттік бағалы қағаздармен шектелді:

### Брокерлік қызмет бойынша негізгі көрсеткіштер

*10.2.3-кесте*

клиенттің атауы	ҚРҰБ-нің брокерлері сатып алған активтер сомасы		кірістер сомасы	
	01.01.02ж.	01.01.03ж.	01.01.02ж.	01.01.03ж.
«Қазақстан Даму банкі» ЖАҚ	305,6	150,5	3,0	1,5



## **XI. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ІШКІ ҚЫЗМЕТ**

### **11.1. Ұйымдық құрылым**

Ұлттық Банктің жүйесі бойынша құрылымы және жалпы штаттық саны (4000 адам) Президенттің "Ұлттық Банктің Ережесі мен құрылымын бекіту туралы" 1999 жылғы 11 тамыздағы № 188 Жарлығымен бекітілген.

Ұлттық Банктің ұйымдық құрылымына орталық аппарат, 16 аумақтық филиал, Алматы қаласындағы 2 филиал (Банкнот фабрикасы және Кассалық операция және құндылықтарды сақтау орталығы), Ұлттық Банктің Ресей Федерациясындағы Өкілдігі, 4 бағынышты ұйым ("Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы", "Банктік сервис бюросы", "Қазақстан теңге сарайы", "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Автобазасы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорындары) кіреді. Ұлттық Банк орталық аппаратының құрылымында 9 департамент, 11 дербес басқарма және 1 дербес бөлім (XI бөлімнің 11.1. бөлімшесіне 1-қосымша) жұмыс істейді.

Ұлттық Банктің ұйымдық құрылымында 2002 жылы оңтайландыруға (орталық аппарат қызметкерлерінің, касса қызметкерлерінің санын қысқарту) және Қазақстан Республикасының қаржы рыногын мемлекеттік реттеудің бірыңғай жүйесін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларға байланысты (Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті қызметінің Ұлттық Банкке берілуі, банктерді және сақтандыруды қадағалау, бағалы қағаздар рыногын реттеу, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу департаменттерінің біріктірілуі арқылы қаржылық қадағалау департаментінің құрылуы) елеулі өзгерістер болды.

Ұлттық Банк «Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қоры», «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» және "Қазақстан Актуарлық орталығы" (2002 жылғы қаңтардан бастап жұмыс істеуде) секілді 3 жабық акционерлік қоғамның құрылтайшысы (акциялардың 100%-і Ұлттық Банкке тиесілі), сондай-ақ "Ұлттық ақпараттық технологиялар" (Ұлттық Банктің жарғылық капиталдағы үлесі 71,8%) «Процессинг орталығы» (Ұлттық Банктің үлесі - 68,6%) жабық акционерлік қоғамдары құрылтайшыларының бірі болып табылады.

## **11.2. Кадр саясаты және қызметкерлерді оқыту**

Ұлттық Банк қызметкерлерінің штаттық саны 2002 жылы 6,1%-ке азайды, жабық акционерлік қоғамдар бойынша - 40,0%-ке ұлғайды, бұл "Қазақстан Актуарлық орталығы" ЖАҚ-ның құрылуына және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" ЖАҚ қызметкерлерінің штаттық санының артуына байланысты болды.

Ұлттық Банк бойынша қызметкерлердің нақты саны 3,4%-ке азайды, жабық акционерлік қоғамдар бойынша - 26,0%-ке ұлғайды (ХІ бөлімнің 11.2. бөлімшесіне 1-қосымша, 11.2.1. кесте).

Кадрлар тұрақтылығының деңгейі алдыңғы жылмен салыстырғанда 3%-ке төмендеді. Жабық акционерлік қоғамдарда осы көрсеткіш 6,7%-ке ұлғайды.

Жалпы Ұлттық Банк бойынша кадрлардың тұрақтылығы 11%, жабық акционерлік қоғамдар бойынша - 25,4% болды.

Жоғары білімді қызметкерлердің сапалық құрамы 63,5%, жабық акционерлік қоғамдар бойынша - 75,4%, арнаулы орта білімі бар қызметкерлер 19,4%, жабық акционерлік қоғамдар бойынша - 15,3%, орта білімі бар қызметкерлер - 17,1%, жабық акционерлік қоғамдар бойынша - 9,2% болды.

Ұлттық Банкте үш жылға дейінгі жұмыс стажы бар орталық аппарат қызметкерлері - 36,5%, үш жылдан бес жылға дейін - 16,7%, бес жылдан он жылға дейін - 29,8%, 10 жылдан астам - 17,0% болды. Ұлттық Банкте үш жылға дейінгі жұмыс стажы бар филиалдардағы қызметкерлер - 20,2%, үш жылдан бес жылға дейін - 9,4%, бес жылдан он жылға дейін - 36,8%, 10 жылдан астам - 33,5% болды.

Ұлттық Банк 2002 жылы 107 бос әкімшілік мемлекеттік қызмет орнын иелену үшін үш конкурс жариялады. Конкурсқа 535 адам қатысты, конкурс нәтижелері бойынша 92 адам жұмысқа орналасты, 36 адам Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің кадр резервіне алынды.

47 мемлекеттік қызметші аттестациядан өтті, 2001 жылы - 39 мемлекеттік қызметші аттестациядан өтті.

Алдыңғы жылмен салыстырғанда, 2002 жылы оқығандардың саны 19-ға көбейіп, жалпы 1799 адам болды.

Қызметкерлерді даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жұмсалған қаражат сомасы 54 694,2 мың теңге болды. Оқыту банк қызметінің реттегіш процестерін үйретуді, активтерді және банк тәуекелдерін басқару әдістерін, жана ақпарат технологияларын, сондай-ақ мемлекеттік тілді үйретуді көздейді. Оқыту нәтижелері бойынша: валюталық реттеу туралы заң жобасын дайындау кезіндегі қызметтер мен трансферттер бойынша лицензияланатын операциялардың тізбесін анықтау бойынша, тартылатын шетелдік заемдардың жіктеу методологиясын жетілдіру бойынша ("гибридтік қаржыландыру"), бағалы қағаздар рыногы мәселелері бойынша, акционерлік қоғамдар туралы, бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру бойынша заң жобаларына ұсыныстар енгізілді. Ұлттық қордың активтерін сенімгерлік басқару бойынша есепке алу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық акт әзірленді.

2002 жылы Ұлттық Банк басшылық құрамының резерві 247 адам болып бекітілді (оның ішінде орталық аппарат бойынша - 107 адам, филиалдар бойынша - 140 адам). Резервтегілердің 10%-не жуығы бос жоғары лауазымдарға ұсынылды.

Ұлттық Банк қаржы секторы үшін мамандар дайындауда елдегі жоғары оқу орындарына белсенді көмек көрсетуде. 2002 жылы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының 86 студенті экономика мамандығы бойынша практикадан өтті. Ұлттық Банктің атаулы стипендиясына арналған конкурс өткізілді. Конкурса Қазақстанның әр түрлі аймағындағы 24 мемлекеттік жоғары оқу орнынан 172 студент қатысты. Конкурс нәтижесі бойынша Алматы, Астана, Қарағанды, Шымкент, Қызылорда, Семей қалаларындағы мемлекеттік жоғары оқу орындарының 7 студент-стипендиаты бекітілді (2001 жылы атаулы стипендияны 5 студент алды).

**Қызметкерлердің еңбек ақысын және әлеуметтік төлемдерін төлеу.** Алдыңғы жылмен салыстырғанда 2002 жылы Ұлттық Банктің еңбекақы төлеу қоры бойынша шығыстары шамалы ұлғайып, (1%), 3 266,4 млн. теңге болды. Жабық акционерлік қоғамдар бойынша көрсетілген шығыстар 276,7 млн. теңге болып, тиісінше 55,1%-ке ұлғайды, бұл негізінен қызметкерлер санының өсуіне байланысты (ХІ бөлімнің 11.2. бөлімшесіне 1-қосымша, 11.2.2. кесте).

Ұлттық Банктің бір қызметкерінің 2002 жылға орташа жалақысы 66 513 теңге, жабық акционерлік қоғамдар бойынша - 67 494 теңге болды.

Қызметкерлерді ынталандыру және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында Ұлттық Банк қызметкерлерге заемдар, ішкі тұрғын үй заемдарын ұсынады, қызметкерлерді медициналық сақтандыруды және жазатайым жағдайлар мен аурулардан сақтандыруды жүзеге асырады.

Ұлттық Банк жүйесіндегі бұрынғы қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында 2002 жылы банктің жұмыс істемейтін зейнеткерлерімен жұмыс ұйымдастырылып, жолға қойылды. Есепті кезеңде олардың саны 1 241 адам болды (жүйе қызметкерлерінің жалпы санының 45,1%-і). Ұлттық Банктің Ардагерлер кеңесі және Ұлттық Банктің Мұражай кеңесі құрылып, оған зейнеткерлер қызу ат салысуда.

Сонымен бірге, 2002 жылы 9 мамыр - Жеңіс күніне және 1 қазан - Қарттар күні құрметіне арналып салтанатты іс-шаралар өткізілді. Мереке күндеріне арнап жалпы сомасы 30 647,8 мың теңгеге қайырымдылық көмек көрсетілді.

Ұлттық Банкте Жас мамандар кеңесі жұмыс істейді, оның мақсаты жас, келешегі бар қызметкерлерді біріктіру және Ұлттық Банкте корпоративті мәдениетті дамыту болып табылады. Оның құрамына 22 - 30 жас аралығындағы 19 адам кіреді. Олардың қатысуымен мерекелік концерттер, мәдени-спорт шаралары ұйымдастырылды, "Интранет" ішкі ақпарат желісінің жүйесі әзірленді.

Жаңадан қабылданған қызметкерлерді бейімдеу жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі, оған Ұлттық Банктің тарихы, еңбекақы төлеу шарттары, әлеуметтік пакет, қызметкерлерді оқыту, еңбек тәртібінің корпоративті ережесі және өзара

әрекет жасау, этикет бойынша таныстыру дәрістері кіреді. Әрбір маманға Қызметкерге арналған нұсқау беріледі, жыл сайын "Жас банкир мектебі" семинары өткізіледі.

Сондай-ақ 2002 жылы ішкі еңбек тәртібін, қызметкерлердің еңбегін бағалауды, қызметкерлерді оқытуды, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді, іссапар шығыстарын, кезекті еңбек демалысы төлемдерін, Ұлттық Банк бөлімшелері құрылымын оңтайландыруды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар, Ұлттық Банкке техникалық қызмет көрсетуді және оның қызмет етуін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарының жинағы, Ұлттық Банк филиалдарының техникалық қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарына ұсынымдар, Ұлттық Банк ұйымдарының еңбекақы төлеу ережесі әзірленіп, бекітілді, сондай-ақ Әкімшілік мемлекеттік қызметші лауазымына қойылатын біліктілік талаптарының жинағы әзірленіп, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікке келісуге жіберілді.

Студенттердің мамандықты жете таңдауын қалыптастыру мақсатында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоғары оқу орындарының дарынды студенттерін объективті түрде іріктеу үшін Қазақстан жоғары оқу орындары студенттерінің арасында Ұлттық Банктің атаулы стипендиясына арналған конкурсты ұйымдастыру рәсімін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді.

Ұлттық Банк мемлекеттік қызмет істері бойынша уәкілетті органға бос әкімшілік мемлекеттік қызметке орналасуға арналған конкурсты жүргізу рәсімін, аттестация өткізу, Қазақстан Республикасының әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану рәсімін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен өту және әкімшілік мемлекеттік қызметші лауазымына орналасу үшін кадр резервіне қабылдану тәртібін жетілдіру бөлігі бойынша ұсыныстар енгізді.

"Банктік сервис бюросы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірге "Жұмыс уақытын есепке алу" бағдарламасын әзірлеу жөнінде жұмыс жүргізілді, "Қызметкерлерді басқару" автоматтандырылған ақпарат шағын жүйесін әзірлеу және енгізу жөніндегі жұмыс жүргізілуде.

Келешекте қызметкерлермен жұмыс жүргізуді дамытуда қызметкерлерді іріктеу және жалдау жүйесін жетілдіру, қызметкерлердің сапалық және сандық құрамын жоспарлау, Ұлттық Банк бөлімшелерінің функцияларын орындауын талдау және функцияларды оңтайлы бөлуді және ықтимал қайталауды болдырмау, қызметкердің іскерлік мансабы мен кәсіби өсуін басқару, қызметкерлерді басқару жөніндегі бірыңғай тармақталған бағдарламалық өнімді енгізу, магистратураны ұйымдастыру бойынша Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университетімен бірлескен қызметке қатысу, қызметкерлермен жұмыс жүргізу жөніндегі қызметтің басқа бағыттарын талдау секілді міндеттер тұр.

### **11.3. Ақпарат технологиясын дамыту**

**Жобалау және зерттеу жұмыстары.** Жүргізілген жобалау және зерттеу жұмыстары Ұлттық Банктің ақпараттандырылуын алдағы уақытта дамытуға және деңгейін көтеруге бағытталды. 2002 жылы Ұлттық Банктің автоматтандырылған интеграцияланған ақпарат жүйесінің шағын жүйелерін (АИАЖ) әзірлеу жөнінде 31 жоба бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілді, оның 27 жобасы аяқталды. 2002 жылы орындалған жобалау жұмыстарының көлемі 114,8 мың теңге (2001 жылы - 186,50 мың теңге) болды.

Автоматтандырылған ақпарат жүйелерін енгізу жөніндегі жобалау жұмыстары шын мәнінде Ұлттық Банктің орталық аппаратының барлық бөлімшелері мен филиалдары үшін жүргізілді.

Жобалау және зерттеу жұмыстары мынадай негізгі бағыттар бойынша жүргізілді:

- төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін (ТББЖ) енгізуге, Ұлттық қордың операцияларын автоматтандыруға, сондай-ақ кірістер мен шығыстар, тауар-материалдық құндылықтармен және Ұлттық Банктің барлық филиалдарының дебиторлары мен кредиторларының шоттары бойынша операцияларын есепке алуды орталықтандыру жөнінде жұмыс жүргізуге байланысты «ҚҰБАЖ-3Ц» Ұлттық Банктің есеп-операция жұмыстарын автоматтандыру жүйесін дамыту;

- қымбат металдарды қабылдау, бақылау, сараптау, іріктеу және біріктіру, сақтау және беру жөніндегі операцияларды жүргізу процестерін автоматтандыру үшін «Қымбат металдарды есепке алу» шағын жүйесін әзірлеу;

- Ұлттық Банктің орталық аппаратында «Электронды құжат айналымы» шағын жүйесін көбейту;

- «Экспорт-импорт валюталық бақылау нәтижелерін жинау және талдау» шағын жүйесін әзірлеу (1-кезек);

- "Экономиканың нақты секторының мониторингі" шағын жүйесін дамыту (2-кезек);

- «Қызметкерлерді басқару және жалақы есептеу» шағын жүйесін әзірлеу, 1-кезек;

- "Статистика" шағын жүйесін дамыту;

- Ұлттық Банктің ақпараттық серверін Интернет желісінде түрлендіру;

- Ұлттық Банктің ішкі ақпараттық серверін (Интранет-жүйе) әзірлеу.

**Ақпарат технологиясын дамыту және стандарттау.** 2002 жылы Ұлттық Банктің ақпараттық технологиялары бойынша нормативтік базаны дамыту жөнінде жұмыстар жүргізілді - 6 нормативтік құқықтық акті әзірленді, 8 нормативтік құқықтық актіге толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. ISO 9000:2000 нұсқасы бойынша сапа менеджменті жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша іс-шаралар іске асырылуда.

Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпарат кеңістігін құру жөніндегі жұмыстар шеңберінде Ұлттық Банктің қызметкерлері үкімет бағдарламаларын іске асыруға, "Электронды сандық қол қою туралы", "Ақпараттандыру туралы" заң жобаларын талқылауға қатысты.

Ұлттық Банктің корпоративтік желісіне қойылатын техникалық талаптар әзірленді, кейіннен ақпараттық құрылымды түрлендіру және оны одан әрі дамытуға техникалық жоба әзірлеу үшін желіні тексеруден өткізу жүргізілуде.

**Қолданылып жүрген ақпарат жүйелеріне қызмет көрсету және қолдау.** 2002 жылы Ұлттық Банктің бөлімшелері мен филиалдарында пайдаланылатын АИАЖ-нің 31 шағын жүйесі бойынша қызмет көрсету және басқару жөніндегі жұмыстар орындалды.

«ҚҰБАЖ-3Ц» жүйесі пайдаланушыларының тапсырыстары бойынша 24 есеп әзірленіп, 42-сі түрлендірілді. «Электронды құжат айналымы» шағын жүйесі бойынша 35 шығыс нысаны әзірленді.

Ұлттық Банктің орталық аппаратында компьютерлер паркін ауыстыруға байланысты барлық қолдау көрсетілетін шағын жүйелер бойынша ауыстырылатын компьютерлерде клиенттік қосымшаларды және жұмыс орындарын орнату бойынша жұмыстар шұғыл орындалды.

2002 жылы 10 жаңа шағын жүйені тестілеу және АИАЖ-нің 6 шағын жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу бойынша іс-шаралар орындалды.

**Қолданылып жүрген ақпарат жүйесін басқару және пайдалану.** Қолданылып жүрген жүйелерді басқару және пайдалану шеңберінде пайдаланылып жүрген шағын жүйелердің, деректер базасын басқару құралдарының (ДББҚ), тармақталған кабельдік желінің (ТКЖ) жұмыс істеуіне қолдау көрсету жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылды:

1) ДББҚ-ны басқару - есепті кезеңде Oracle ДББҚ платформасында 23 деректер базасына; Sybase ASE платформасында 3 ДБ-на; Sybase IQ платформасында 1 ДБ-на; Lotus Notes - 2 ДБ-на; Hyperion Essbase- 1 ДБ-на; 1 С 1 ДБ; стендте - 8 ДБ-на басқару жүзеге асырылды; ДБ-ның іркіліп қалмауына тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін 13 ДБ-на "қызу резерв" жүйесін жүргізу жүзеге асырылды; олардың 8 РЕО-да, 5 АТД-де;

2) пайдаланылатын шағын жүйелерді басқару;

3) серверлер мен корпоративтік желіні, оның ішінде ТКЖ-нің активті жабдығын басқару;

4) АСТра және Lotus Notes почта жүйесін басқару;

5) АИАЖ шағын жүйесі бойынша криптоқорғау кілттерін бөлу орталықтарын басқару, кілттерді жоспарлы ауыстыру, олардың ауыстырылуын бақылау, пайдаланушылардың тізімін жүргізу;

6) архивтерді басқару: CD дискілердегі ақпараттың ұзақ мерзімді архивтерін құру, бақылау және жүргізу;

7) төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Ұлттық Банктің қызметін қалпына келтіруді қамтамасыз ету мақсатында қашықтағы резервтік есептеу орталығын басқару.

Ұлттық Банктің "ҚҰБАЖ-3Ц" жүйесі кешенін пайдалануға байланысты және оларға ілесіп жұмыстар кесте бойынша үзіліссіз және кешіктірілмей орындалды. "Төлем балансы", "Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының мониторингі", "Сақтандыруды қадағалау", "ЕДБ

статистикасы" шағын жүйелерін HP 9000 Superdome (HP-UX 11i) платформасына аудару бойынша жұмыстар жүргізілді.

**Техникалық инфрақұрылымды жетілдіру.** Ұлттық Банктің орталық аппаратының бөлімшелерінде және филиалдарында компьютер жабдығына техникалық қызмет көрсету және жүйелік қолдау көрсету, сондай-ақ есептеу және ұйымдастыру техникасына ағымдағы жөндеу жүргізу жөніндегі жұмыстар орындалды.

Орталық аппаратта және филиалдарда 3204 компьютер жабдығы жұмыс істейді: оның ішінде: 107 сервер, 2144 дербес компьютер (оның ішінде 140 қол компьютер), 887 принтер, 66 сканер бар. Бөлімшелердің техникалық құралдардың, байланыс құралдары мен жүйелерінің кенеттен істен шығуын, жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етуге қолдау көрсетудегі проблемаларды жою, бояғыш таспалар мен картридждерді ауыстыру жөніндегі өтініштерін орындау уақытын қысқарту үшін Help Desk деген бірыңғай диспетчерлік қызмет ұйымдастырылды.

**Байланыс және телекоммуникация жүйелерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету.** Физикалық және моральдық жағынан тозған телекоммуникация және байланыс құралдарын бұдан әрі жетілдіру, сондай-ақ оларды дамыту мақсатында қазіргі заманғы техникалық құралдарды енгізу, тармақталған кабель желісін, телефон станцияларын және ұялы байланысты кеңейту және сапалы дамыту жұмысы жүргізілді, қолда бар байланыс және телекоммуникация жабдығына техникалық қызмет көрсетілді. Оқу (11 орын) және лингофон кластарындағы (13 орын) жабдықтарға жүйелік және техникалық қызмет көрсетілді. "Алкатель 4400" автоматты телефон станциясының есебінен сервистік қызмет көрсету мүмкіндігі артты. Ұлттық Банктің Алматы облыстық филиалы және Көкшетау филиалы үшін "Алкатель-4200" фирмасының екі УПАТС сатып алынып, қосымша орнатылды. Ұлттық Банктің бөлімшелерінде 20 факсимильдік аппарат сатып алынып, тексеріліп, орнатылды.

**Есептеу, ұйымдастыру және арнайы техниканы сатып алу, жабдық пен тармақталған кабель желісін кеңейту және жетілдіру.** Компьютерлік жабдық паркі мен байланыс құралдарын жаңарту мақсатында конкурстар ұйымдастыру, жаңа техникалық құралдарды Ұлттық Банктің орталық аппаратында, сол секілді филиалдарында да сатып алу, бөлу және өндірістік пайдалануға енгізу жұмысы жүргізілді:

- «Dell» фирмасының 6 сервері;
- RISC - Ұлттық Банктің резервтік орталығын жарактандыру үшін HP фирмасының сервері (кластердің бір торабы), операциялық жүйеб шығыс материалдары;
- А3 және А4 форматтағы 228 лазерлік принтер;
- «Compaq» фирмасының 150 ДЭЕМ қойылды;
- HP Omnibook фирмасының 50 қол компьютері.

#### **11.4. Ішкі аудит**

Ұлттық Банктің бөлімшелерін 2002 жылы тексеру жоспарына сәйкес есепті жыл ішінде Ұлттық Банк бөлімшелерінің қызметіне аудиторлық тексерулер жүргізілді. Орталық аппарат бөлімшелерінде 10 тексеру, филиалдар мен ұйымдарда - 15 тексеру жүргізілді және Ұлттық Банктің ақпарат жүйесіне 11 тексеру жүргізілді.

Есепті жылы жүргізілген аудиторлық тексеру қорытындылары тұтастай алғанда Ұлттық Банк бөлімшелерінің жүктелген функциялары мен міндеттерін орындағанын көрсетті. Сонымен бірге, бірқатар жөнсіздіктер, кемшіліктер мен проблемалар белгіленді. Олар, негізінен, Қазақстан Республикасы заңдарының және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтамауына не реттеуші құжаттардың болмауына байланысты.

Әрбір аудиторлық тексеру тексерілетін учаскедегі ішкі бақылау жүйесінің жай-күйіне баға беруді, ол жеткіліксіз болған жағдайда тиісті ұсынымдар беруді қамтыды. Ішкі бақылаудың жай-күйін бағалау кезінде Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшелерінің, көп жағдайда, қызметкерлердің еңбегін тиімді ұйымдастырудың қамтамасыз етілмегені, бөлімшелер арасында міндеттердің тиімсіз бөлінуіне жол берілгені, бір деңгейдегі қызметкерлер арасында міндеттердің бірдей бөлінбеуі және ережелер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарының тиісті дәрежеде ресімделмеуі белгіленді.

Есепті жылдағы тексеру нәтижелері бойынша 2000 және 2001 жылғы деректермен салыстырғанда жөнсіздіктер, кемшіліктер мен проблемалар санының төмендегені байқалады (11.4.1. кесте).

#### **Бөлімшелер қызметі барысындағы анықталған заң бұзушылықтардың, кемшіліктер мен проблемалардың динамикасы**

*11.4.1. кесте*

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.
Жөнсіздіктер	157	231	192
Кемшіліктер	108	204	108
Проблемалар	201	255	158

2002 жылғы тексерулер бойынша Ұлттық Банктің жауапты бөлімшелеріне барлығы 390 ұсыным берілді, олар тексеру материалдарын іске асыру жөніндегі құжаттарға қосылды (басшылықтың жазбаша нұсқауы; басшылықтағы мәжіліс хаттамалары). Көрсетілген саннан 118 ұсыным нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру, оның ішінде 73 нормативтік құқықтық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсынылды.

2002 жылғы тексерулер бойынша бақылауда орындалу мерзімі 2003 жылы басталатын 215 ұсыным, сондай-ақ бөлімшелердің белгіленген мерзімде орындамаған (оның ішінде 2001 жылғы тексерулер бойынша) ұсынымдары тұр.



Жыл бойы ішкі аудит бойынша методологиялық базаны жетілдіру бойынша жұмыс жалғасты, атап айтқанда оларға сәйкес Ұлттық Банк жүйесінде аудиторлық тексерулер жүзеге асырылатын бірқатар құжаттар пысықталды.

Ішкі аудит жұмысының әдістері мен рәсімдерін жақсарту мақсатында есепті жылы мынадай әдістемелер әзірленіп, жұмыста қолданылуда: аудиторлық тексерулерді жоспарлау мен жүргізу және бақылаудың шешуші нүктесін анықтау кезінде аудит объектісінің ақпарат ағынын бейнелеу үшін ақпарат ағынының схемасын жасау *әдістемесі*, Операциялар мен процестерге аудит жүргізу үшін жіберетін қатенің маңыздылығын анықтау *әдістемесі*, Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшелері мен ұйымдарының аудитті таңдау кезеңі мен көлемін анықтау *әдістемесі* және Ұлттық Банктің Ішкі аудит департаменті қызметінің сапасы мен тиімділігін бағалау *әдістемесі*. Жоғарыда аталған әдістемелерді қолдана отырып, таңдау көлемін қысқарту жөніндегі жұмысты жалғастыру жоспарлануда, бұл қандай да бір қосымша жобаларды/консультациялық іс-шараларды жүзеге асыру мүмкіндігі үшін жұмыс уақытының белгілі бір көлемін босатуға мүмкіндік береді. Таңдау көлемдерін қысқарту таяудағы 2-3 жылда тәуекел деңгейі 80-90%-ке дейін жоғары бизнес-процестерді жыл сайынғы аудиторлық тексерулерді қамтуды арттыруды болжайды.

2002 жылы "Ernst and Young" ЖШС компаниясы Ұлттық Банк үшін ішкі аудит мақсаты үшін тәуекелдерді бағалау әдістемесін және тәуекелдерді бағалау жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірледі. Көрсетілген тәуекелдерді бағалау әдістемесі Ұлттық Банк бөлімшелерін 2003 жылы тексеру жоспарын дайындау кезінде, сондай-ақ аудит жүргізілетін объектілердегі тәуекелдер деңгейін анықтау үшін 2002 жыл ішінде аудиторлық тексерулерді жоспарлау кезінде пайдаланылады. Келешекте аталған әдістемені дамыту бойынша жұмысты жалғастыру жоспарлануда. Қазіргі уақытта Ұлттық Банк Нидерланд Банкімен Ұлттық Банкте "Орталық банктегі бизнес-процестер тәуекелдеріне бақылау жасау және оларды төмендету жөніндегі іс-шаралар" деген тақырыпта семинар өткізу туралы келісімге қол жеткізді. Ұлттық Банк бөлімшелерінің аталған семинарды өткізу нәтижелері бойынша әлсіз аймақтарды, оларға тән тәуекелдерді анықтап және оларды бағалай отырып, бақылау іс-шараларын талдау және анықтау арқылы бизнес-процестерді сипаттау жөнінде жұмыс бастайтыны болжанып отыр.

2002 жылы ішкі аудит бойынша жұмысты ұйымдастыру жөнінде тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік орталық банктермен ынтымақтастық жүзеге асырылды. Ұлттық Банкке Нидерланд Банкі мен Франция Банкінің ішкі аудит қызметтерінің өкілдері қызмет бабымен шақырылды (тиісінше техникалық көмек және семинар өткізу шеңберінде). Сондай-ақ Ұлттық Банкте Әзірбайжан, Армения және Қырғызстан орталық банктерінің ішкі аудит қызметтерінің өкілдері тәжірибе алмасу және аталған банктердің өкілдерін Ұлттық Банктегі ішкі аудит қызметінің жұмысымен таныстыру үшін қабылдау ұйымдастырылды. 2002 жылғы мамырда Минск қаласында өткізілген ТМД және Балтық елдерінің орталық банктерінің ішкі аудит қызметтері

басшыларының кездесуіне қатысты. Көрсетілген кездесуде қол жеткізілген келісімдер шеңберінде ТМД елдерінің ішкі аудит қызметтерінің Консультативтік Кеңесін ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізілді, оның төрағалығына Ұлттық Банктің Ішкі аудит департаментінің директоры сайланды. Сондай-ақ 2002 жыл ішінде Ұлттық Банк филиалдарының бас ревизорларының жұмысын үйлестіру жүргізілді. Бас ревизорлардың тексерулер жоспарын орындауының толықтығына бақылау жүзеге асырылды. Тоқсан сайын бас ревизорлардың атқарған жұмыстары туралы есептері талданды, тиісті ескертпелері мен жұмысты жақсарту жөніндегі ұсыныстары бар талдау нәтижелері филиалдардың басшыларына және бас ревизорларына жіберілді.

Есепті жылы Ұлттық Банктің тиісінше 2001 және 2002 жылдардағы қызметіне сыртқы аудит жүргізу кезінде “Arthur Andersen” мен “PriceWaterhouseCoopers” ЖАҚ сыртқы аудиторларының жұмысын және сыртқы аудиторлардың Ұлттық Банк бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасауын жалпы үйлестіру жүзеге асырылды. Сыртқы аудиторлардың аудит жүргізуі кезінде кеңестер берілді, олардың өтініші бойынша Ұлттық Банк бөлімшелерінің басшыларымен кездесулер ұйымдастырылды. Ұлттық Банк бөлімшелерінің аудит нәтижесі бойынша сыртқы аудиторлардың есептерін уақтылы қарауын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді, Ұлттық Банк бөлімшелерімен аудит бойынша есептерді дайындау және келісу жөнінде жұмыс үйлестірілді.

### **11.5. Қаржы-шаруашылық қызмет**

2002 жылы Ұлттық Банк жүйесі бойынша кірістер 34 666,2 млн. теңге, шығындар - 24 958,3 млн. теңге, пайда - 9 715,1 млн. теңге болды, оның ішінде Ұлттық Банктің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының таза пайдасы - 148,6 млн. теңге (ХІ бөлімнің 11.5. бөлімшесіне 1-қосымша, 11.5.1. кесте) болды.

Ұлттық Банктің кірісі өткен жылғы тиісті кезеңге 24,3%-ке төмендеп, 32 866,8 млн. теңге болды, шығындар 0,7%-ке ұлғайып, 23 382,9 млн. теңгеге жетті, таза бөлінбеген кіріс 9 566,5 млн. теңге болды (есептен шығарылған негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалаудан және жалпы провизияларды жоюдан түскен кірісті қоса есептегенде).

Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінің 25,1%-ке өскеніне қарамастан, алтынвалюта активтерімен операциялар бойынша кірістері мен шығындары 29,2%-ке төмендеді (ХІ бөлімнің 11.5. бөлімшесіне 1-қосымша, 11.5.2. кесте). Алтынвалюта активтерінен түскен кірістердің төмендеуінің негізгі себебі - әлемдік рыноктарда бағалы қағаздар кірістілігінің төмен деңгейі болып отыр.

АҚШ долларындағы бағалы қағаздардың орташа кірістілігінің ұзақ мерзімді портфельдер бойынша 8,65%-тен 6,00%-ке дейін, қысқа мерзімді портфель бойынша - 5,21%-тен 2,77%-ке дейін және кері РЕПО операциялары бойынша проценттік ставка 4,41%-тен 1,65%-ке дейін төмендігіне байланысты бағалы қағаздармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстар 22% және 38,2%-ке қысқарып, тиісінше 15 822,2 млн. теңге және 3327,4 млн. теңге болды.

Ұлттық Банктің сыртқы басқаруға берілген активтерін басқарудан түскен кірістер мен шығындар бағалы қағаздар кірістілігінің төмендеуіне, жыл ішінде сыртқы басқарудағы активтер көлемінің өзгеруіне, бағалы қағаздар бағасының ауытқуына байланысты 24,4% және 50,8%-ке төмендеп, 4582,6 млн. теңге және 842,6 млн. теңге болды.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша 6013,5 млн. теңге кіріс алынды, бұл негізінен ішкі рыноктағы операциялар көлемінің қысқаруына, мерзімді депозиттер бойынша сыйақы ставкасының орташа алғанда 3,5%-тен 1,3%-ке дейін (АҚШ долларында) төмендеуіне байланысты 2001 жылғы деңгейден 44,6%-ке төмен. Негізінен форвард және төрелік операциялар бойынша мәмілелердің ұлғаюына байланысты шығындар 2,6 есе өсіп, 848,0 млн. теңге болды.

Негізінен металды депозитке орналастырудың орташа ставкасы жылына 0,938%-тен 0,266%-ке төмендеуіне байланысты Ұлттық Банктің алтындағы активтері 14,7%-ке өсуі кезінде тазартылған алтынмен жасалған операциялар бойынша кірістер 41,2%-ке азайып, 333,0 млн. теңге болды.

Алтынвалюта активтерімен операциялар жасау нәтижесінде 21 459,5 млн. теңге мөлшерінде пайда алынды, бұл 2001 жылғы деңгейден 29,2%-ке төмен.

Ішкі рынокта мемлекеттік бағалы қағаздармен, ішкі қаржы жүйесімен және қаржылық емес ұйымдармен операциялар жүргізілді (ХІ бөлімнің 11.5. бөлімшесіне 2-қосымша, 11.5.3. кесте).

Мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған операциялардан түскен кіріс бағалы қағаздардың рыноктық құнының ұлғаюына байланысты 53,5%-ке ұлғайып, 4 200,6 млн. теңге болды. Ұлттық Банктің мемлекеттік бағалы қағаздарға қызмет көрсету жөніндегі шығындары 2,2 есеге өсіп, негізінен Ұлттық Банктің ноттарын шығарудан және РЕПО операцияларын жасауда 4 047,3 млн. теңге болды.

Ұлттық Банктің Үкіметпен жасаған операциялары бойынша шығындары депозиттік ставканың төмендеуіне байланысты 59,2%-ке қысқарды.

Ішкі қаржы жүйесімен жасалған операциялар бойынша шығындар банк жүйесіндегі өтімділіктің 2,2 еседен астам ұлғаюы салдарынан 159,5 млн. теңгеге өсіп, 292,2 млн. теңге болды.

Нәтижесінде Ұлттық Банктің ішкі рыноктағы операциялар бойынша кірісі 48,9%-ке ұлғайып, 4 315,1 млн.теңге болды, шығындары 2,1%-ке төмендеп, 6073,6 млн. теңге болды.

2001 жылғы көрсеткішке қатысты басқа кірістер 33,9%-ке төмендеп, 1 800,4 млн. теңге болды, бұл 2001 жылы 1 930,5 млн. теңге мөлшерінде бұрын құрылған жалпы банктік провизияларды жою жөніндегі болжанбаған кірістер сомасының құрамында көрсетілуімен түсіндіріледі (ХІ бөлімнің 11.5. бөлімшесіне 2-қосымша, 11.5.4. кесте).

Басқа шығындар негізінен МЕАКАМ-10 бойынша 5665,8 млн. теңге сомасында провизияларды қосымша құруға байланысты 25,5%-ке ұлғайды. Барлығы бұл шығындар 12 017,5 млн. теңге болды және оларға мынадай шығындар кіреді:

- айналыстағы ұлттық валютаны шығару бойынша - 1119,0 млн. теңге;
- негізгі құрал-жабдықтармен, материалдық емес активтермен және тауар-материалдық құндылықтармен операциялар бойынша - 1 321,1 млн. теңге;
- қызметкерлерге шығындар- 2519,0 млн. теңге;
- өтеусіз көмек көрсету бойынша- 48,1 млн. теңге;
- әкімшілік шығыстар - 746,6 млн. теңге;
- салықтар және басқа төлемдерді төлеу бойынша - 6263,7 млн. теңге (МЕАКАМ-10 бойынша провизияларды қосымша құруды қоса алғанда).

Күрделі шығыстар 1238,3 млн. теңге болды, бұл 2001 жылғы деңгейден 63,7%-ке төмен (ХІ бөлімнің 11.5. бөлімшесіне 3-қосымша, 11.5.5. кесте).

Ұлттық Банк есепті жылы 595,8 млн. теңгеге негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алды, негізгі құрал-жабдықтарды салуға, қайта жаңартуға және жөндеуге 112,5 млн. теңге пайдаланылды, "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ЖАҚ-ның жарғылық капиталын толықтыруға 500 млн. теңге, "Қазақстан Актуарлық орталығы" ЖАҚ-на - 25,0 млн. теңге аударылды, Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінен 5,0 млн. теңгеге акциялар сатып алынды.

#### **Ұлттық Банктің қатысуы бар ұйымдар.**

Ұлттық Банктің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының өнімдер (жұмыс, қызмет көрсету) сатудан түскен кірісі 2002 жылы 1 799,4 млн. теңге,

өнім (жұмыс, қызмет көрсету) өндіру бойынша шығындар - 1 575,4 млн. теңге болды. Бюджетке 75,4 млн. теңге мөлшерінде табыс салығын төлегеннен кейін ұйымдардың таза кірісі 148,6 млн. теңге болып, 2001 жылға қарағанда 3,1 млн. теңгеге өсті (ХІ бөлімнің 11.5. бөлімшесіне 3-қосымша, 11.5.6. кесте).

Ұлттық Банктің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары қызметінің тиімділігі 2002 жылы Қазақстан Теңге сарайында және Банктік сервис бюросында ИСО 9001:2000 халықаралық стандарты бойынша сапа менеджменті жүйесіне сертификаттау жүргізумен; Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы мен Банктік сервис бюросы қызметтері тарифтерінің тиісінше 5%-ке және 15%-ке төмендеуімен сипатталады.

### **Жабық акционерлік қоғамдар**

Ұлттық Банктің 100%-тік қатысуымен жабық акционерлік қоғамдардың кірістері 2002 жылы 514,6 млн. теңге, шығындары - 179,8 млн. теңге болды. Тиісінше таза кірісі 334,8 млн. теңге болып, 2001 жылмен салыстырғанда 93,7 млн. теңгеге ұлғайды (ХІ бөлімнің 11.5. бөлімшесіне 3-қосымша, 11.5.6. кесте).

Жабық акционерлік қоғамдар қызметінің нәтижелері Қазақстан Ипотекалық компаниясының ипотекалық борыштық облигациялар эмиссиясымен; Қазақстан Актуарлық орталығының жұмыс істеуімен сипатталады.

Басқа акционерлердің қатысуымен (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, екінші деңгейдегі банктер) жабық акционерлік қоғамдардың қызметі 2002 жылы мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

- Ұлттық ақпарат технологиялары (Ұлттық Банктің үлесі - 71,8%) кірісі - 557,9 млн. теңге, шығысы - 871,6 млн. теңге, зияны - 313,7 млн. теңге;

- Процессинг орталығы (Ұлттық Банктің үлесі - 68,7%) кірісі - 95,5 млн. теңге, шығысы - 51,9 млн. теңге, таза кірісі - 43,6 млн. теңге, оның ішінде Ұлттық Банктің үлесі - 29,9 млн. теңге.

Жабық акционерлік қоғамдар бойынша барлығы 2002 жылғы кірістер 1 168 млн. теңге, шығыстар - 1 103,3 млн. теңге, таза кіріс - 64,7 млн. теңге, оның ішінде Ұлттық Банктің үлесі - 51,0 млн. теңге болды.

**I бөлімнің 1.3 бөлімшесіне 1 қосымша**

**Қазақстан экспортының негізгі тауарларына әлемдік бағалар динамикасы**

**1.3.1 кесте**

	2001ж. 1 тоқс.	2001ж. 2 тоқс.	2001ж. 3 тоқс.	2001 ж. 4 тоқс.	2001ж.	2002ж. 1 тоқс.	2002ж. 2 тоқс.	2002ж. 3 тоқс.	2002ж. 4 тоқс.	2002ж.
<b>Мұнай (\$\bar{баррель})</b>	26,07	26,75	25,28	19,3 1	24,5	20,9	25,2	26,9	26,7	24,9
Мыс (\$\backslashм. тонна)	1764	1652	1472	1426	1578,5	1381	1356	1516	1554	1559
Мырыш (\$\backslashм. тонна)	1020	934	826	763	885,8	795	782	766	773	779
Қорғасын (\$\backslashм. тонна)	493	463	470	479	476,3	491	455	430	435	453
Алюминий (\$\backslashм. тонна)	1576	1501	1379	1318	1443,5	1557	1611	1310	1350	1353
Күміс (цент\гр.унц ия)	455,8	439,9	428,5	430, 3	438,6	450,7	475,4	470,1	454	462,5
Алтын (\$\backslashгр.унция)	263,5	267,7	274,5	278, 4	271	290,4	312,8	314,2	322,5	310
<b>.1.1.1.1 Кезеңдегі орташа алғандағы индекстердің өткен кезеңге %-пен өзгеруі</b>										
<i>Экспортқа әлемдік бағалардың индексі</i>	-4,6	-0,9	-5,7	-13,7	-10,2	5,1	12,3	5,0	1,6	2,4
<i>Сауда шарт- тарының индексі</i>	-5,7	1,4	-5,0	-11,0	-5,3	6,6	7,7	1,2	1,8	1,9

**Сауда балансының негізгі көрсеткіштері**

**1.3.2 кесте**

	2000ж.	2001ж.	2002ж.
Ағымдағы операциялар шотының сальдосы (млн. долл.)	675	-1093	-596
- ЖІӨ-ге %-пен	3,7	-4,9	-2,4
ф.о.б. тауарларының экспорты (кезеңге млн. долл.)	9288	8928	10066
- ЖІӨ-ге %-пен	50,8	40,4	41,2
ф.о.б. тауарларының импорты (кезеңге млн. долл.)	-6848	-7607	-7646
- ЖІӨ-ге %-пен	-37,4	-34,4	-31,3
Мұнай және газ конденсатының экспорты (млн. тонна)	27,7	32,4	39,3
Шикі мұнайға әлемдік бағалар (спот USD/баррель, орташа алғанда бір жылда)	28,2	24,5	24,9
Тікелей шетелдік инвестициялардың нетто-ағымы (млн. АҚШ долл.)	1278,2	2796,4	2138,1

- ЖІӨ-ге %-пен	7,0	12,6	8,8
----------------	-----	------	-----

**I бөлімнің 1.3 бөлімшесіне 2 қосымша**

*Қазақстанның төлем балансының ағымдағы шотының негізгі көрсеткіштері*

**1.3.3 кесте**

	1997ж.	1998ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.	2002ж.
<i>(млн. АҚШ долл.)</i>						
Сауда балансы	-276	-801	340	2440	1321	2420
Экспорт	6899	5871	5989	9288	8928	10066
ТМД	3377	2596	1883	2805	2924	2566
Қалған елдер	3522	3275	4105	6483	6004	7500
Импорт	-7176	-6672	-5648	-6848	-7607	-7646
ТМД	-3460	-3466	-3014	-4126	-4376	-4171
Қалған елдер	-3715	-3206	-2634	-2722	-3231	-3475
Қызметтер, кірістер және трансферттер, нетто	-523	-435	-576	-2008	-2413	-3016
Ағымдағы операциялар шоты	-799	-1236	-236	432	-1092	-596
<i>(ЖІӨ-ге процентпен)</i>	-3,6	-5,6	-1,4	2,4	-4,9	-2,4
<i>(өткен кезеңге процентпен өзгерістер)</i>						
<i>Тауарлар экспорты</i>	9,7	-14,9	2,0	55,1	-3,8	12,7
<i>Тауарлар импорты</i>	8,3	-7,0	-15,3	21,2	11,0	0,5
<i>Сауда шарттары</i>	2,7	-16,0	8,2	20,2	-5,3	1,9
<i>Нақты тиімді айырбас бағамы (%-пен желтоқсан желтоқсанға)<sup>1</sup></i>	8,9	16,2	-26,4	2,8	-1,6	-7,1

<sup>1</sup> Теңгенің нақты тиімді айырбас бағамы теңгенің айырбас бағамының республиканың ресми тауаралмасуының 87% қамтитын негізгі сауда әріптестері – 20 елдің валюталарына орташа алғандағы өзгеруі және бағалардың салыстырмалы өзгеруі ретінде есептеледі. Индекстің ұлғаюы/төмендеуі ұлттық валютаның елдер валюталарына қатысты нақты қымбаттауы/арзандауы ретінде айтуға болады.



*I бөлімнің 1.3 бөлімшесіне 3 қосымша***Жалпы сыртқы борыштың динамикасы (кезең аяғына)**

1.3.4 КЕСТЕ

*млн. АҚШ долл.*

	1998ж.	1999ж.	2000ж.	2001ж.	2002ж.
Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш	4 007,0	4 055,6	3929,5	3799,9	3481,0
Жиынтығынан %-пен	40,3	33,6	31,0	25,2	19,3
Мемлекет кепілдік бермеген сыртқы борыш	5 925,2	8025,3	8755,1	11301,4	14561,4
Жиынтығынан %-пен	59,7	66,4	69,0	74,8	80,7
Одан фирмааралық берешек	3 371,9	6 162,8	6 931,3	8771,6	10546,8
Жиынтығынан %-пен	33,9	51,0	54,6	58,1	58,5
Жиынтығы:	9 932,2	12 080,9	12684,6	15101,4	18042,4

*Қазақстан Республикасы сыртқы борышының абсолютті және салыстырмалы өлшемдері*

1.3.5 КЕСТЕ

	2000ж.	2001ж.	2002ж.
<b>А. Абсолютті өлшемдер, млн. АҚШ долл.</b>			
1. Кезең аяғына жалпы сыртқы борыш	12684,6	15101,4	18042,4
<i>Оның ішінде фирмааралық берешек</i>	6931,3	8771,6	10546,8
2. Борышқа қызмет көрсету бойынша жиынтық есептелген төлемдер:	5294,9	6403,2	7852,2
<i>Оның ішінде фирмааралық берешек бойынша</i>	1808,2	2052,8	1858,5
<b>Б. Салыстырмалы өлшемдер</b>			
1. Адам басына жалпы сыртқы борыш, АҚШ долл.	853,5	1017,5	1214,3
2. ЖІӨ-ге %-пен жалпы сыртқы борыш	69,3	68,3	73,9
3. Тауар және қызмет экспортынан %-пен жалпы сыртқы борыш	122,1	147,6	154,8
4. Тауар және қызмет экспортының %%-пен жалпы сыртқы борыш	51,0	62,6	67,4
5. Тауар және қызмет экспортының %-пен сыйақы төлемдері	6,9	6,8	5,8

**II бөлімнің 2.4 бөлімшесіне I  
қосымша**

**Мониторингке қатысушылар санының динамикасы**

**2.4.1 кесте**


	2001ж. IV тоқсаны	2002 ж. I тоқсаны	2002 ж. II тоқсаны	2002 ж. III тоқсаны	2002 ж. IV тоқсаны
Қатысушы кәсіпорындардың саны	801	879	921	1002	1046
олардың ішінде ірі және орта	630	678	713	773	815
Ел экономикасындағы ірі және орта кәсіпорындардың саны	4618	4382	4434	4437	4446
Ірі және орта кәсіпорындар санындағы мониторингке қатысушылардың үлесі, %	13,6	15,5	16,1	17,4	18,3
Мониторингке қатысушылардың өнімді өткізуден түсен кіріс үлесі, %	38,5	43,2	46	48,5	47,8

## Экономиканың нақты секторында 2002 ж. (нақты) және 2003 жылдың I тоқсанында (күтілетін) экономикалық конъюнктураның өзгеруі

### Шаруашылық жүргізу жағдайының және олардың негізгі факторларының өзгеруі 2.4.1 сурет



### ДАЙЫН ӨНІМГЕ БАҒА МЕН СҰРАНЫСТЫҢ ӨЗГЕРУІ 2.4.2 СУРЕТ




II БӨЛІМНІҢ 2.4 БӨЛІМШЕСІНЕ 2 ҚОСЫМША

### Өндіріс факторларының өзгеруі

## 2.4.3 сурет

Өндірістік қуатты пайдалану аз ғана жақсару үрдісіне ие. Сол уақытта кәсіпорындардың ақша қаражатында және жұмысшылардың санында тапшылығы жоқ. Осы екі көрсеткіш үшін баға беру шкаласы:


- +3 – тым артық
- +2 – елеулі артық
- +1 – сәл артық
- 0 – жалпы алғанда сәйкес келіп тұр
- 1 – шамалы кемшілік
- 2 – елеулі кемшілік
- 3 – артық кемшілік



## Өндіріс нәтижелерінің өзгеруі

## 2.4.4 сурет


Кәсіпорындардың өнімді өткізуден бір жыл ішінде түскен кірісі ресми статистика бойынша ұлғайды. Мұндайда, өсім сауалнама жүргізілген кәсіпорындардың 60%-де болды. 2003ж. I-тоқсанда сауалнама жүргізілген 66%-де көрсеткіштің өсуі күтілуде.



## Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің өзгеруі

## 2.4.5 сурет


Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі бір жыл ішінде сәл ұлғаю үрдісіне ие болды. Инвестициялық белсенділіктің ең басты себебі құрал-жабдықтың жоғары тозуы (IV тоқсанда 47,4%) болып отыр. Инвестициялардың негізгі көзі кәсіпорындардың жеке қаражаты болып табылады, олардың инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 2002 жылдың IV тоқсанында 80% болып отыр.



### III бөлімге 1 қосымша, .3.1 сурет

01.01.03ж. ҚҰБ-нен тыс қолма-қол ақшаның купюр құрылымы

3.1 сурет



### ЕКІНШІ ДЕНГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДЕГІ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЙНАЛЫМЫ (КАССАЛЫҚ АЙНАЛЫМ)

3.1 кесте

Қолма-қол ақша ағыны	2002ж. млн. теңге	2001ж. млн. теңге	өзгеруі млн. теңге	өзгеруі %
<b>ЕДБ-дің кассаларына түскен ақша</b>	<b>1 662 944</b>	<b>1 289 568</b>	<b>373 376</b>	<b>29,0</b>
Тауар, қызмет және жұмысты сатудан түскен ақша	563 186	459 831	103 355	22,5
Коммуналдық төлемдерден түскен ақша	52 899	42 451	10 448	24,6
Көлік кәсіпорындарынан түскен ақша	31 840	29 089	2 751	9,5
Байланыс кәсіпорындарынан түскен ақша	32 600	22 057	10 543	47,8
Шетел валютасын сатудан түскен ақша	475 678	400 915	74 762	18,6
Жеке тұлғалар депозиттерінен шоттарға түскен ақша	117 015	73 598	43 418	59,0
Жеке және заңды тұлғалардың несиені өтеуі	19 234	13 340	5 894	44,2
Салықтан, алымнан және кеден төлемінен түскен ақша	40 978	33 817	7 161	21,2
Банкоматтардан алынған қолма-қол ақша	54 415	29 985	24 430	81,5
Өзге түсімдер	275 098	184 485	90 613	49,1
<b>Ұлттық Банктен алынғаны</b>	<b>268 781</b>	<b>239 874</b>	<b>28 907</b>	<b>12,1</b>
<b>Кіріс жиынтығы</b>	<b>1 931 725</b>	<b>1 529 442</b>	<b>402 283</b>	<b>26,3</b>
<b>ЕДБ-дің кассаларынан берілген ақша</b>	<b>1 652 396</b>	<b>1 328 991</b>	<b>323 405</b>	<b>24,3</b>
Тауар, қызмет және жұмысқа ақы төлеуге берілген ақша	398 680	340 682	57 998	17,0
Еңбек ақысын төлеуге берілген ақша	217 565	206 840	10 725	5,2
Ауыл шаруашылық өнімдеріне ақы төлеуге берілген ақша	103 617	94 523	9 094	9,6
Байланыс кәсіпорындарына нығаюға берілген ақша	3 706	5 248	-1 542	-29,4
Шетел валютасын сатып алуға берілген ақша	162 441	115 994	46 446	40,0
Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша шоттардан берілетін ақша	209 642	164 490	45 152	27,4
Жеке және заңды тұлғаларға несиеге берілген ақша	6 566	6 456	111	1,7
Зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге берілген ақша	124 538	124 844	-307	-0,2
Банкоматтарды толықтыруға берілген ақша	214 116	114 098	100 018	87,7
Өзге шығыстар	211 524	155 815	55 709	35,8

Ұлттық Банкке тапсырылғаны	264 463	217 625	46 838	21,5
<b>Шығыс жиынтығы</b>	<b>1 916 859</b>	<b>1 546 616</b>	<b>370 243</b>	<b>23,9</b>

**III бөлімге 2 қосымша, 3.2 кесте**

**Облыстар бойынша эмиссиялық нәтиже**

**3.2 кесте**

млн. теңге

Ұлттық Банк Филиалдары	2002 жыл			2001 жыл		
	Айналысқа шығарылғаны	Айналыстан алынғаны	Эмиссия(+) Алынғаны(-)	Айналысқа шығарылғаны	Айналыстан алынғаны	Эмиссия(+) Алынғаны(-)
КОҚСО	16 841,0	141 948,8	-125 107,8	13 677,4	114 543,6	-100 866,1
Орталық	25 185,9	12 334,7	12 851,3	20 735,1	9 814,1	10 921,0
Көкшетау	12 067,2	3 549,8	8 517,4	7 075,0	3 078,5	3 996,5
Ақтөбе	10 364,2	5 677,4	4 686,8	7 698,5	5 940,1	1 758,4
Атырау	18 436,6	2 557,1	15 879,5	15 309,9	1 067,6	14 242,3
Шығыс Қазақстан	33 256,9	10 895,0	22 361,9	34 509,2	9 652,7	24 856,5
Жамбыл	10 119,8	6 005,6	4 114,3	6 946,0	6 492,1	453,9
Батыс Қазақстан	14 200,5	6 000,4	8 200,1	10 974,4	4 551,0	6 423,3
Қарағанды	31 472,2	10 548,7	20 923,5	28 417,1	9 021,9	19 395,2
Қостанай	18 485,1	11 374,2	7 111,0	16 546,8	9 346,2	7 200,6
Қызылорда	16 683,5	420,9	16 262,7	14 452,8	342,2	14 110,6
Маңғыстау	17 606,4	5 913,0	11 693,4	13 472,0	4 494,6	8 977,4
Павлодар	17 685,6	11 126,2	6 559,4	17 053,0	10 213,6	6 839,5
Солтүстік Қазақстан	12 601,6	8 169,8	4 431,9	13 014,6	6 235,8	6 778,9
Оңтүстік Қазақстан	23 179,9	18 328,7	4 851,3	13 304,5	11 040,2	2 264,3
Алматы облыстық филиалы	10 014,3	876,9	9 137,4	2 013,6	267,8	1 745,8
Алматы қалалық филиалы	234,1	245,0	-10,9	180,4	165,9	14,5
<b>Республика бойынша барлығы</b>	<b>288 434,9</b>	<b>255 972,0</b>	<b>32 462,9</b>	<b>235 380,3</b>	<b>206 267,7</b>	<b>29 112,6</b>

## VI бөлімге 1 қосымша, 6.1 кесте

## Айналыстағы төлем карточкаларының саны туралы мәліметтер

## 6.1 кесте

	01.01.02 жылға		2001ж. шығарыл- ғаны (алынға- ны), мың дана	01.01.03 жылға		2002ж. шығарыл- ғаны (алынға- ны), мың дана	Бір жылда өзгеруі	
	Айналыс- тағы саны, мың дана	Жалпы санының үлесі, %		Айналыс тағы саны, мың дана	Жалпы санының үлесі, %		Айналы стағы саны, %	Айналысқа шығарылға ны, %
Халықаралық:	987,2	81,0	437,8	1260,2	84,2	273,0	27,7	-37,6
оның ішінде								
VISA	851,6	69,9	404,2	1074,2	71,8	222,6	26,1	-44,9
Еуропау	124,2	10,2	62,4	185,7	12,4	61,5	49,5	-1,4
Басқалары	11,3	0,9	11,2	0,3	0,02	-11,0	-94,3	-198,2
Жергілікті:	231,7	19,0	-208,8	235,7	15,8	4,0	1,7	101,9
оның ішінде								
ALTYN	213,6	17,5	10,2	207,0	13,8	-6,6	-3,1	-164,7
Басқалары	18,2	1,5	-219,0	28,6	1,9	10,4	57,1	104,7
Барлығы:	1218,9	100	267,0	1495,9	100	277,0	22,7	3,7

*XI бөлімнің 11.1 бөлімшесіне 1 қосымша*

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
2003 жылғы 1 қаңтардағы ұйымдық құрылымы (3801 адам)**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің Төрағасы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының  
орынбасарлары (5 адам)

Өкіл-консультант

**Орталық  
аппараттың бөлімшелері**

Зерттеу және статистика департаменті (35 адам)	Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (38 адам)	Заң департаменті (56 адам)	Монетарлық операциялар департаменті (70 адам)	Бухгалтерлік есеп департаменті (36 адам)
Қаржылық қадағалау департаменті (165 адам)	Ақпарат технологиясы департаменті (111 адам)	Ішкі аудит департаменті (34 адам)	Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті (47 адам)	Шаруашылық басқармасы (130 адам)
Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы (47 адам)	Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (29 адам)	Халықаралық қатынастар басқармасы (9 адам)	Ұлттық Банк басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (16 адам)	Төлем жүйесі басқармасы (26 адам)
Операция басқармасы (38 адам)	Бюджетті жоспарлау және бақылау басқармасы (15 адам)	Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату ісін бақылау басқармасы (16 адам)	Қауіпсіздік басқармасы (17 адам)	Үйлестіру басқармасы (Астана қ.) (14 адам)
Бірінші бөлім (4 адам)				

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары, өкілдігі, ұйымдары және жабық акционерлік қоғамдары**

Аумақтық филиалдар (1172 адам)	Кассалық операция және құндылықтарды сақтау орталығы (филиал) (381 адам)	Банкнот фабрикасы (филиал) (299 адам)	ҚРҰБ-нің Ресей Федерациясындағы өкілдігі (2 адам)	"Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК (60 адам)
"Банктік сервис бюросы" РМК (47 адам)	"Қазақстан теңге сарайы" РМК (331 адам)	"ҚР ҰБ Автобазасы" РМК (168 адам)	"Ұлттық ақпарат технологиялары" ЖАҚ (325 адам)	"Қазақстан ипотекалық компаниясы" ЖАҚ (17 адам)
"Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қоры" ЖАҚ (9 адам)	"Процессинг орталығы" ЖАҚ (20 адам)	"Қазақстан Актуарлық орталығы" ЖАҚ (10 адам)		



*XI бөлімнің 11.2 бөлімшесіне 1 қосымша*

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйесі бойынша қызметкерлердің саны**

*11.2.1 кесте*

	Есепті кезеңнің басындағы қызметкерлер саны				2002ж. тұрақтамау көрсеткіші, %
	Штат бойынша, бірлігі		Тізім бойынша, адам саны		
	2002ж.	2003ж.	2002ж.	2003ж.	
Орталық аппарат	1 083	<b>962</b>	<b>956</b>	<b>917</b>	<b>12,0</b>
Филиалдар	1 950	<b>1 852</b>	<b>1 915</b>	<b>1 837</b>	<b>11,8</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>3 033</b>	<b>2 814</b>	<b>2 871</b>	<b>2 754</b>	<b>11,9</b>
ҚРҰБ ұйымдары (РМК)	608	<b>606</b>	<b>600</b>	<b>598</b>	<b>6,9</b>
<b>ҚРҰБ жүйесі бойынша барлығы</b>	<b>3 641</b>	<b>3 420</b>	<b>3 471</b>	<b>3 352</b>	<b>11,0</b>
ЖАҚ	272	<b>381</b>	<b>223</b>	<b>281</b>	<b>25,4</b>
<b>Барлығы</b>	<b>3 913</b>	<b>3 801</b>	<b>3 694</b>	<b>3 633</b>	<b>12,0</b>

**Еңбекақы төлеу қоры бойынша шығыстар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүйесі бойынша бір қызметкердің орташа алғандағы жалақысы**

*11.2.2 кесте*

	ЕТҚ бойынша нақты шығыстар, млн. теңге			Бір қызметкердің орташа алғандағы жалақысы, теңге		
	2001ж. үшін	2002ж. үшін	2001ж. %-пен	2001ж. үшін	2002ж. үшін	2001ж. %-пен
Орталық аппарат	1 366,2	1 333,2	97,6	92 829	103 183	111,2
Филиалдар	1 373,5	1 368,9	99,7	46 192	49 881	108,0
<b>Жиынтығы</b>	<b>2 739,7</b>	<b>2 702,1</b>	<b>98,6*</b>	<b>61 346</b>	<b>67 445</b>	<b>109,9</b>
ҚРҰБ ұйымдары (РМК)	494,7	564,3	114,1	54 622	62 281	114,0
<b>ҚРҰБ жүйесі бойынша барлығы</b>	<b>3 234,4</b>	<b>3 266,4</b>	<b>101,0</b>	<b>60 161</b>	<b>66 513</b>	<b>110,6</b>
ЖАҚ	178,5	276,7	155,1	56654	67494	119,1
<b>Барлығы</b>	<b>3 412,9</b>	<b>3 543,1</b>	<b>103,8</b>	<b>59 954</b>	<b>66 586</b>	<b>111,1</b>

Ескерту: ҚРҰБ жүйесі бойынша еңбекақы төлеу қоры бойынша нақты шығыстардың азаюы еңбекақы төлеу қорына салынатын емдеу жәрдемақысынан, әлеуметтік төлемдерден және біржолғы сыйлықақылардан ұсталатын міндетті зейнетақы жарналары сомасының азаюына байланысты әлеуметтік салық бойынша шығыстардың төмендеуімен байланысты (2002 жылдың 1 қаңтарынан Міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына есептеу, ұстау және аудару ережесіне өзгерістер енгізілді).

*XI бөлімнің 11.5 бөлімшесіне 1 қосымша*

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметінің нәтижелері**

**11.5.1 кесте**

млн. теңге

	2001ж.			2002ж.			ауытқулар	
	ҚҰБ	МК	Барлы-ғы	ҚҰБ	МК	Барлы-ғы	+, -	%
Кірістер	43 396,4	976,7	45 373,1	32 866,8	799,4	34 666,2	- 10 706,9	- 23,6
Шығындар	23 225,7	679,1	24 904,8	23 382,9	575,4	24 958,3	53,5	0, 2
Бөлінбеген пайда	20 170,7	97,6	20 468,3	9 483,9	24,0	9 707,9	- 10 760,4	- 52,6
Жалпы провизияларды жоюдан болған кіріс				74,2		74,2	74,2	
Шығарылған НҚ мен МА қайта бағалаудан болған кіріс				8,4		8,4	8,4	
Табыс салығы		52,1	152,1		5,4	75,4	- 76,7	- 50,4
Бөлінбеген пайда қалдығының жиынтығы	20170,7	45,5	20316,2	9 566,5	48,6	9 715,1	- 10 601,1	- 52,2

**Алтынвалюта активтерімен жасалған операциялар бойынша кірістер мен шығындар 11.5.2 кесте**

млн. теңге

	2001ж.	2002ж.	ауытқу	
			абсол. (+,-)	салыст. %
Аффинирленген алтынмен операциялар бойынша кірістер	565,9	333,0	-232,9	-41,2
Шетел валютасындағы операциялар бойынша кірістер	1085 9,0	6013, 5	-4845,5	-44,6
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер	6060, 3	4582, 6	-1477,7	-24,4
Шетел валютасындағы бағалы қағаздармен операциялар бойынша кірістер	2028 9,1	15822,2	-4466,9	-22,0
<i>АВА-мен операциялар бойынша кірістер жиынтығы</i>	<i>37774,3</i>	<i>26751,3</i>	<i>-11023,0</i>	<i>-29,2</i>
Аффинирленген алтынмен операциялар бойынша шығындар	27,1	273,8	246,7	910,3
Шетел валютасындағы операциялар бойынша шығындар	323,9	848,0	524,1	161,8

Сыртқы басқарудағы активтер бойынша шығындар	1713,7	842,6	-871,1	-50,8
Шетел валютасындағы бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығындар	5383,8	3327,4	-2056,4	-38,2
АВА-мен операциялар бойынша шығындар жиынтығы	7448,5	5291,8	-2156,7	-29,0
Қызмет нәтижесі	30325,8	21459,5	-8866,3	-29,2

## XI бөлімнің 11.5 бөлімшесіне 2 қосымша

## Ішкі рыноктағы кірістер мен шығындар

## 11.5.3 кесте

млн. теңге

	2001ж.	2002ж.	ауытқу	
			абсол. (+,-)	салы ст. %
Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар бойынша кірістер	273 6,6	420 0,6	1464,0	53,5
Банктермен және қаржы ұйымдарымен операциялар бойынша кірістер	145 ,9	85, 1	-60,8	-41,7
Қаржылық емес ұйымдармен және жеке тұлғалармен операциялар бойынша кірістер	14, 8	29, 4	14,6	98,6
<i>Ішкі рыноктағы операциялар бойынша кірістер жиынтығы</i>	<i>2897,3</i>	<i>4315,1</i>	<i>1417,8</i>	<i>48,9</i>
Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығындар	1827,7	4047,3	2219,6	121,4
Үкіметпен операциялар бойынша шығындар	4235,0	1727,7	-2507,3	-59,2
Банктермен және қаржы ұйымдарымен операциялар бойынша шығындар	132,7	292,2	159,5	120,2
Қаржылық емес ұйымдармен және жеке тұлғалармен операциялар бойынша шығыстар	6,1	6,4	0,3	
<i>Ішкі рыноктағы операциялар бойынша шығындар жиынтығы</i>	<i>6201,5</i>	<i>6073,6</i>	<i>-127,9</i>	<i>-2,1</i>
Қызмет нәтижесі	-3304,2	-1758,5	1545,7	-46,8

## Өзге кірістер мен шығындар

## 11.5.4 кесте

млн. теңге

	2001ж.	2002ж.	ауытқу	
			абсол. (+,-)	салы ст. %
Өзге кірістер				
Өтелген шығындар	169,2	422 ,3	253,1	149,6
Провизияларды жою	18,7	25, 0	6,3	33,7
Басқа кірістер	403,2	751 ,7	348,5	86,4
Көзделмеген кірістер	2133, 7	601 ,4	- 1532,3	-71,8
<i>Өзге кірістер жиынтығы</i>	<i>2724, 8</i>	<i>180 0,4</i>	<i>-924,4</i>	<i>-33,9</i>
Өзге шығындар				
Ұлттық валютаны айналысқа шығару және оны	1118,	111	0,4	0,04

жеткізу бойынша шығындар	6	9,0		
НҚ-мен, материалдық емес активтермен және ТМҚ-мен жасалған операциялар бойынша шығындар	982,1	1321,1	339,0	34,5
Қызметкерлерге жұмсалған шығындар	2533,6	2519,0	-14,6	-0,6
- оның ішінде әлеуметтік салық	428,6	381,9	-46,7	-10,9
Өтеусіз көмекке жұмсалған шығындар	46,0	48,1	2,1	4,6
Әкімшілік шығындары	590,1	746,6	156,5	26,5
Салықтар бойынша шығындар	311,0	208,4	-102,6	-33,0
- оның ішінде бюджетке төленген салықтар	21,0	51,6	30,6	145,7
Басқа шығындар	3994,3	6055,3	2061,0	51,6
- оның ішінде провизия құруға жұмсалған шығындар	3674,3	5681	2006,7	54,6
<i>Басқа шығындар жиынтығы</i>	<i>9575,7</i>	<i>12017,5</i>	<i>2441,8</i>	<i>25,5</i>

*XI бөлімнің 11.5 бөлімшесіне 3 қосымша*

**Күрделі шығыстар**

11.5.5 кесте  
млн. теңге

	2001ж.	2002ж.	қарқыны,%
Күрделі шығыстардың барлығы	3409,1	1238,3	-63,7
Объектілерді салу	2,2	70,7	32,1
Қайта құру, кеңейту бойынша шығыстар	0,0	0,9	
Негізгі құралдардың құнын көбейтетін күрделі жөндеу	786,5	40,9	-94,8
Негізгі құралдарды сатып алу	1 351,7	429,6	-68,2
Материалдық емес активтерді сатып алу	310,8	166,1	-46,6
Басқа шығыстар	958,0	530,0	-44,7

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ұйымдары қызметінің нәтижелері**

*11.5.6 кесте*

млн.

теңге

Атауы	кірістер			шығыстар			Салық салғаннан кейінгі таза кіріс		
	001ж.	2002ж.	өсу (төмендеу) қарқыны	2001ж.	2002	өсу (төмендеу) қарқыны	001ж.	2002ж.	өсу (төмендеу) қарқыны
			%						%
			,-			,-			,-

<b>РМК-барлығы</b>	<b>976,7</b>	<b>799,4</b>	<b>177,3</b>	<b>-9,0</b>	<b>1</b>	<b>1</b>				<b>148,6</b>		
КТ												
С	99,7	13,4	86,3	-8,6 *	8	7				100,4		
ҚБЕО	74,3	40,9	133,4	-19,8 **	4	4				69,1	110,9	61,6 **
БСБ	28,9	28,9	,0	0	1	1				-		
Автобаза	73,8	16,2	2,4	4,4	2	2				-		
<b>ЖАҚ-барлығы</b>	<b>85,0</b>	<b>168,0</b>	<b>83,0</b>	<b>3</b>	<b>6</b>	<b>1</b>				<b>64,7</b>		
<b>ЖАҚ (Ұлттық Банк үлесі 100%):</b>				<b>2,0</b>	<b>39,1</b>	<b>103,3</b>	<b>64,2</b>	<b>2,6</b>	<b>45,9</b>	<b>334,8</b>	<b>181,2</b>	<b>73,7</b>
ҚСКҚ	65,0	50,7	5,7	3	7	7				278,5		
ҚИК	06,6	63,0	6,4	2,3	5	9				66,7	2,9	0,1
ҰАТ	,0	,9	,9	2,9	1,1	6,3	5,2	8,5	5,5	-	1,2	0,2
<b>ЖАҚ (Ұлттық Банк үлесі 71,8%):</b>												
ҰАТ	85,1	57,9	2,8	1	4	8				-		
<b>ЖАҚ (Ұлттық Банк үлесі 68,7%):</b>												
ПО	8,3	5,5	7,2	2	2	5				43,6		
				37,5	5,0	1,9	6,9	07,6	,3		0,3	221,2

\* - металл ақшаларды шығару бағдарламасының бір бөлігі 2003ж. ауыстырылды (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 24.10.02ж. № 423 қаулысы)

\*\* - тарифтер 2002ж. төмендеді (2001ж. салыстырғанда)

\*\*\* - жекелеген келісім-шарттарды жасау мерзімі 2003ж. ауыстырылды

\*\*\*\* - негізгі құрал-жабдықтарды жоспардан тыс қайта бағалау 2002ж. жүргізілді

## Қаржы рыногының негізгі макрокөрсеткіштері мен көрсеткіштері

	2000ж	2001ж	2002ж
<b>Макроэкономика</b>			
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	2599,9	3250,6	3747,2
млрд.\$ *	18,3	22,4	24,1
<i>нақты өсім %</i>	9,8	13,5	9,5
Адам басына ЖІӨ мың теңгемен	170,5	219,3	253,2
Адам басына ЖІӨ АҚШ долларымен	1227,7	1492,9	1627,2
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млрд. теңге	1761,5	1985,0	2292,0
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	519,0	775,7	1193,1
Кезең аяғына инфляция, %	9,8	6,4	6,6
Бір жыл ішінде орташа алғандағы инфляция, %	13,2	8,4	5,9
Кезең аяғына ресми қайта қаржыландыру ставкасы, %	14,0	9,0	7,5
Ең төменгі резерв талаптары, %	8,0	8,0	6,0
Ақшалай база, млрд. теңге	134,4	175,0	208,2
Ақшалай масса (М3), млрд. теңге	397,0	576,0	765,0
оның ішінде айналыстағы қолма-қол ақша (М0), млрд. теңге	106,4	131,2	161,7
Ақша айналымының жылдамдығы (ЖІӨ/М3)	6,5	5,6	4,9
Металл ақшаға айналдыру деңгейі (М3/ЖІӨ), %	15,3	17,7	20,4
<b>Төлем балансы</b>			
Төлем балансының жалпы сальдосы, млн. \$	585,1	384,7	535,1
Төлем балансының ағымдағы шоты, млн. \$	674,6	-1092,6	-596,0
Сауда балансының сальдосы, млн. \$	2439,9	1320,5	2420,0
Экспорт, млн.\$	9288,1	8927,8	10066,4
Импорт, млн.\$	-6848,2	-7607,3	-7646,4
Қаржылық шот, млн. \$	1307,0	2613,4	1395,3
Тікелей инвестициялар, млн. \$	1278,2	2796,4	2138,1
Ағымдағы шоттың дефициті/профициті, ЖІӨ-ге %-пен	3,7	-4,9	-2,4
Жалпы халықаралық резервтер, млн. \$	2096,0	2508,2	3136,3
Таза халықаралық резервтер, млн. \$**	2094,1	2506,0	3133,8
Жалпы сыртқы борыш, млн. \$	12684,6	15101,4	18042,4
<i>олардың ішінде:</i>			
Тікелей және мемлекет кепілдік берген борыш, млн.\$	3929,5	3799,9	3481,0
<b>Валюта рыногы</b>			
Кезең аяғына теңгенің ресми бағамы	144,50	150,20	155,60
Кезең аяғына теңгенің биржалық бағамы	145,40	150,94	155,85
ҚҚБ, сауда-саттық көлемі, млн. \$	1728,9	1952,0	2944,72

Банкаралық валюталық рынок, мәміле көлемі, млн.\$	3589,7	4456,2	4685,96
ҚҰБ таза сатып алуы, млн. \$	190,0	364,05	873,96
<b>Бағалы қағаздар рыногы</b>			
<b>Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы рыногы</b>			
<b>Кезең аяғына айналыстағы ҚМ МБҚ барлығы, млрд. теңге:</b>	66,8	70,6	108,5
Эмиссия, млрд. теңге:	61,3	26,2	51,8
МЕККАМ-3 орташа алғандағы тиімді кірістілігі, %	14,38	5,39	5,30
<b>Кезең аяғына айналыстағы ҚҰБ ноттарының барлығы, млрд. теңге</b>	48,5	17,6	64,3
Эмиссия, млрд. теңге:	132,6	116,4	208,3
Кезең аяғына теңгелік ноттардың тиімді кірістілігі, %	7,00 (7 дн.)	5,55 (27 дн.)	5,48 (77 дн.)
<b>Кезең аяғына айналыстағы муниципалдық МБҚ барлығы, млрд. теңге</b>	0,6	5,7	8,4
Эмиссия, млрд. теңге:	0,6	5,7	3,3
<b>МБҚ қосалқы рыногы***</b>			
МБҚ бойынша мәмілелердің жалпы көлемі, млрд. теңге	506,4	887,1	2363,8
Кезеңдегі орташа алғандағы жылдық кірістілік, %	12,53	47,90	90,2
ҚҰБ қосалқы рыноктағы операциялары, млрд. теңге	104,6	128,8	617,1
<b>Корпоративтік бағалы қағаздар</b>			
Акциялар эмиссиясының көлемі, млрд.теңге	49,6	31,2	80,2
Мемлекеттік емес облигациялар эмиссиясының көлемі, млрд. теңге	22,8	28,5	48,2
<b>Экономикаға кредиттер</b>			
Жалпы көлемі, млрд. теңге	276,2	489,8	672,4
<i>оның ішінде секторлар бойынша</i>			
шаруашылық субъектілеріне	261,6	459,0	613,8
халыққа	14,6	30,8	58,6
Кіші кәсіпкерлікке кредиттер, млрд. теңге	74,2	122,0	146,5
Заңды тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алғандағы сыйақы ставкасы (кезеңнің соңғы айына)	18,8	15,3	14,1
Жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алғандағы сыйақы ставкасы (кезеңнің соңғы айына)	27,0	24,5	21,5
<b>Банк жүйесінің депозиттері (кезең аяғына)</b>			
Депозиттер, барлығы (резидент еместердің шоттарын қоспағанда), млрд. теңге	290,6	444,8	603,2
<i>олардың ішінде, млрд. теңге+А89:</i>			
жеке тұлғалар депозиттерінің үлес салмағы, %	30,4	41,6	41,6
заңды тұлғалар депозиттерінің үлес салмағы, %	69,6	58,4	58,4
Халық салымдары (резидент еместерді қосқанда), млрд. теңге	91,7	186,1	257,4
Заңды тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алғандағы сыйақы ставкасы (кезеңнің соңғы айына)	6,1	5,6	5,4



Жеке тұлғалардың теңгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алғандағы сыйақы ставкасы (кезеңнің соңғы айына)	15,6	12,8	11,0
<b>Банк жүйесі</b>			
Банктер саны	48	44	38
<i>олардың ішінде шетелдік қатысумен банктер</i>	16	16	17
Банктердің меншікті капиталы, млрд. теңге	97,6	122,1	161,2
млн. \$	671,2	808,9	1034,3
Жарғылық капиталдағы шетелдік қатысумен ЕДБ үлесі, %	23,2	17,6	45,1
Банктердің активтері, млрд. теңге	527,9	816,6	1145,0
млн. \$	3653,3	5436,8	7364,0
<b>Сақтандыру рыногы</b>			
Сақтандыру компанияларының барлығы	42	39	33
Жиынтық меншікті капиталы, млн.теңге	4617,0	5325,7	6133,0
млн. \$	31,8	35,3	39,4
Қайта сақтандырушылардың үлесін ескерместен, сақтандыру компанияларының барлығы, млн.теңге	8347,2	8877,3	22419,0
млн. \$	57,4	58,8	143,8
Сақтандыру төлемдерінің түсуі, барлығы, млн. теңге	8630,1	13873,5	22642,0
Сақтандыру төлемдерін төлеу, барлығы, млн. теңге	1276,5	2206,4	2303,0
<b>Төлем жүйесі</b>			
Төлем саны, мың трансакциялар	9838,4	11049,6	11667,4
<i>АБАЖ</i>	6511,7	3735,2	3216,7
<i>СРП</i>	3326,7	7314,3	8450,7
Төлемдер көлемі, млрд. теңге	7078,9	10292,1	15471,9
<i>АБАЖ</i>	6767,6	9708,6	14786,2
<i>СРП</i>	311,3	583,5	685,7
<b>Жинақтаушы зейнетақы қорлары</b>			
ЖЗҚ саны	15	14	16
ЖЗҚ активтері, млрд. теңге	112,6	182,4	270,2
млн. \$	780,0	1216,0	1737,0

*\* ҚРҰБ орташа жылдық ресми бағамы бойынша 2002 жылдың I тоқсанынан бастап*

*АҚШ долларындағы қаржы рыногының барлық қалған көрсеткіштері бухгалтерлік есеп стандарттарының*

*талаптарына сәйкес кезең аяғына орташа биржалық бағам бойынша қайта есептелді.*

*\*\* Ұлттық Қор ақшасын ескерместен*

*\*\*\* муниципалдық МБҚ ескере отырып*